

Халықаралық гуманитарлық –техникалық университеті

Оспанова А.Д.

«Костюм тарихы»

пәні бойынша практикалық сабақтарды орындауға арналған  
оқу құралы



Шымкент- 2019

УДК 745(075)  
ББК 85.12 я7  
К62

Әдістемелік нұсқау Халықаралық гуманитарлық – техникалық университетінің  
Ғылыми Кеңесімен ұсынылған.  
(Хаттама № 4 , 29.11.2019ж.)

Рецензенттер:

Ауелбеков Е. Б. –п.ғ.к., доцент, член Евразийского Союза

Юсупов А.Н. –с.ғ.к., доцент, Дизайнерлер Одағының мүшесі, ОҚМУ доцент

Құрастырушы: Оспанова А.Д.

Костюм тарихы: практикалық сабақтарға арналған оқу құралы  
/Құрастырушы: А.Д.Оспанова .- Шымкент: Халықаралық гуманитарлық –  
техникалық университеті, 2019. - 100 б.

ISBN 978-9965-03-731-3

Оқу құралы «Костюм тарихы» пәнінің оқу бағдарламасы талаптарына  
сәйкес құрастырылған және курстың барлық практикалық сабақтар  
тақырыптарын орындауға қажетті мәліметтер енгізілген. Оқу құралы  
«5В042100-Дизайн» (Өндірістік дизайны) мамандығының студенттеріне  
арналған.

УДК 745(075)  
ББК 85.12 я7

ISBN 978-9965-03-731-3

© Халықаралық гуманитарлық –  
техникалық университеті, 2019

Алғы сөз	
Костюм сән тарихы	4
Сәнге байланысты маңызды ұғымдар	5
Ежелгі өркениеттер мәдениеті	6
Ежелгі Египет костюмы	8
Ассирия –Вавилон костюмы	10
Ежелгі Грек костюмы	12
Этрусктар мен Римдіктер	17
Арабтардың костюмы	20
Үнді халқының костюмы	23
Қытай костюмы	26
Жапон костюмы	29
Византия костюмы	32
Орта ғасыр костюмы	36
Роман кезеңі	39
Готика кезеңі	40
Жаңару дәуірінің костюмы.Француз костюмы	44
Испан костюмы.Итальян костюмы	48
Немістің XVI ғасырдағы киім	50
XV-XVI ғ. Ағылшын костюмы	51
XVII ғасыр абсолютизмнің гүлденген ғасыры	52
XVII ғасырдағы француз костюмы	54
XVIII ғасырда бірінші жартысындағы костюм	57
XVIII ғасырда екінші жартысындағы костюм	59
1789 жылы француздың ұлы буржуазиялық революциясы киімдері	62
XIX ғасыр костюмі	63
Модерн	64
Ампиір	65
Орыс костюмы	66
XX ғасыр костюмы	70
моды	72 Жоғары
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	81

## АЛҒЫ СӨЗ

«Костюм тарихы» оқу құралы жоғары оқу орнының студенттеріне арналады. Оқу құралының мазмұны «050421-Дизайн», 050120-«Кәсіптік оқыту» мамандығының типтік оқу бағдарламасы негізінде жазылған.

Ұсынылып отырған оқу құралы студенттерді киім тарихымен таныстырып, олардың білімі мен біліктілігін арттыруда өз үлесін қосады деп ойлаймыз.

## КОСТЮМ - СӘН ТАРИХЫ

Сән (франц. Moda, лат. Modus – өлшем, әрекет тәсілі)- киім кию мәдениеті, өмірдің әр түрлі сферасында жеке талғамның уақытша үстемдік етуі. Сән (modus деген латын сөзі) өлшем, тәсіл, іс – қимыл бейнесі.

Сән – белгілі бір талғамның уақытша үстем болуы. Сән әлеуметтік құбылыс. Киім – бірінші қажетті зат. Оны өндірумен өнекәсіптің әр түрлі салалары айналысады, ал сатумен сауда жүйелері шұғылданады. Сәнде маңызды ұғымдардың бірі– стиль. Стиль – (styios деген грек сөзі) – мәнер, сипат, ерекшелік деген мағына береді. Сонымен қатар стиль сол дәуірдің мәдениетін, сұлулық туралы түсінігін, қоршаған ортаға қарым – қатынасын көрсететін тұрақты, анық, ерекшеленген дәуір тілі. Қазіргі кезде кезкелген адамның өз қалауынша сәнді киюіне мүмкіндігі бар. Тіге білетін және осы іскеқызыққан адам өзіне ыңғайлы және сәнді бұйым тігіп кие алады[5].

Киім өзінің бастамасын алғашқы қауымдағы шөптен жасалған белдік байламдардан, жануар терісінен денесіне жапқан жабулардан алады. Киімді суықтан, ыстықтан, жараланудан, сырып кетуден сақтап қалу үшін киді. Киім үшін тек тікелей табиғаттан алынатын, өңдеуді қажет етпейтін материалдарды ғана пайдаланған. Мұндай киім қарапайым болған және не жыныстық не әлеуметтік жағынан айырмашылығы болмаған. Тарихи кезеңдерге байланысты адам қауымдарға бөліне бастағаннан кейін, киімді түрлі жыныстық, әлеуметтік, мүліктік белгілері бойынша бөліп қарау туындады. Осыған орай, костюм өзінің жетілуінің ерте кезеңінен бастап адамның қоғамдық өмірінде болып жатқан барлық өзгерістерін көрсетеді.

Археологиялық қазбалар нәтижесі киімнің қарапайым түрі көне палеолит дәуірінде пайда болғанын анық дәлелдейді. Бұл дәуірде тек тікелей табиғаттан алынатын өңдеуді қажет етпейтін материалдарды ғана пайдаланған. Мұндай киім қарапайым болған және не жыныстық, не әлеуметтік жағынан айырмашылығы болмаған. Бұл кезеңде костюм сыртқы ортаның әсерінен қорғайтын қабыршық рөлін атқарған. Неолит дәуірінде ең қызығы сол – әлі күнге дейін өзінің өзектігін жоймаған киімнің негізгі үлгілері пайда бола бастады. Тарихи кезеңдерге байланысты адам қауымдарға бөліне бастағаннан кейін, киімді түрлі жыныстық, әлеуметтік, мүліктік белгілері бойынша бөліп қарау туындады. Осыған орай, костюм өзінің жетілуінің ерте кезеңінен бастап адамның қоғамдық өмірінде болып жатқан барлық өзгерістерді көрсетеді.

Дегенмен, біле білсек, сәндік, сәндену деген ұғымдар сонау тас дәуірінде Еуропада пайда болған.

Ер адамдар пілдердің, мүйізтұмсықтардың, сусиырлардың тісі мен жүндерінен әртүрлі әшекей бұйымдар жасап, мойындарына тағып, терісін оң иыққа жамылып жүруді ең алғашқы сән түріне айналдырған. Ал біздің дәуірімізге дейінгі 2900 жыл бұрын ең алдымен – теріден, кейін матадан тігілген белдемшелер пайда болып, Вавилонда шәлі тағып, жейде кию жиілей бастаған. Темір дәуірі жақындаған сайын сән әлемі дами түсіп, гректер белдік атаулыны ойлап тапқан. Біртіндеп плащ, халаттар тігіліп, еркектер – алтын ободок, ал әйелдер бастарына жеңіл тәж тағуды сәнге айналдырады. Киім үшін тек тікелей табиғаттан алынатын, өңдеуді қажет етпейтін материалдарды ғана пайдаланған. Мұндай киім қарапайым болған және не жыныстық не әлеуметтік жағынан айырмашылығы болмаған. Тарихи кезеңдерге байланысты адам қауымдарға бөліне бастағаннан кейін, киімді түрлі жыныстық, әлеуметтік, мүліктік белгілері бойынша бөліп қарау туындады. Осыған орай, костюм өзінің жетілуінің ерте кезеңінен бастап адамның қоғамдық өмірінде болып жатқан барлық өзгерістерін көрсетеді. Осылайша, сонау XIV ғасыр, нақтырақ айтқанда 1350 жылдары, Франция мен Италияның суретшілері сәндік іздеп, гильдиялар мен цехтар ашып, өмірге сән әлемі келген.

Франция, Италия, Англия, Испания, Америка сынды елдерде уақыт оздырмай, жылдам дамып отырған мода 1900 жылдары болашақ Кеңес үкіметінің қол астында болған елдерге де жетеді. Қазіргі атағы жер жаратын

Поль Пуаре мен Кристиан Диор да сол 1903-1905 жылдары жарық көрген Ал Коко Шанельдің кішкентай қара көйлек ұғымы 1926 жылы пайда болған. Әрине, айта берсек, Бруно Банани, Викторияс Сикреттің дәуірі басталғалы біраз болды.

Орта ғасырларда тігу техникасы жетіле түсті. Бұл дәуірдің костюмінде тұңғыш рет қосылып тігілген жең және бүрме пайда болды. Тар иықты, белі жоғары, өзі ұзын көйлек және тар ұзын белдемше, биік бас киім әйелдер костюміне ұзарған силәтті әсер берді. Ал ерлер киімі туниканың бұрынғы сипатын сақтап, өте тар болды. Орта ғасырлық даму кезінің киім силуэтіне тән кескін – созылған үшкір пропорциялар. Конус сипатты бас

киімі ұзын биік мұнараны еске салады. XVII ғасырда біртұтас әлемдік көркем мәдениеттің контурлары жоспарланады. Өнерде екі жаңа стиль – Барокко және классицизм туындайды. Барокко стилі өте салтанатты және сәнді. Ал ғимараттар бейнелі және мүсінді, (қабырғалары бедер мен безендірілген, бұрқақтары статуэтка түрінде жасалған қуыстар мен текшелерге мүсіндер қойылған, т. б.), интерьерлері жарық монорлы түстерге толы, (алтындандырылған күрделі безендірулер, үйдің төбесі өрнектелген, қабырғаларына айналар ілінген (хрустальды аспашамдар, көптеген жабыстырмалы әшекейлер). Тарихи кезеңдерге байланысты адам қауымдарға бөліне бастағаннан кейін, киімді түрлі жыныстық, әлеуметтік, мүліктік белгілері бойынша бөліп қарау туындады. Осыған орай, костюм өзінің жетілуінің ерте кезеңінен бастап адамның қоғамдық өмірінде болып жатқан барлық

өзгерістерді көрсетеді. Дегенмен біле білсек, сәндік, сәндену деген ұғымдарсонау тас дәуірінде Еуропада пайда болған. Осыған байланысты Барокко дәуірінің костюмі бүтіндей сарайлық этикетке бағынышты болды. Костюмдер өте көп безендірулері бар салтанатты және кеңетіп тигілді.

### **Сәнге байланысты маңызды ұғымдар**

1. Костюм – өнер туындысы. Ол адамзат мәдениетінің даму кезеңдерін көрсетеді. Сонымен, адам қоғамда этикетке, ал костюм өз кезегінде дәуірдің стиліне бағынышты. XVIII ғасырда жаңа рококо (франц. Раковина таңғажайып түрлі әшекей) стилі пайда болады. Рококо – сәнді, нәзік, кейбір сезімталдық, нақыштық, майысқақтық белгіні алып жүретін сәндік стиль. Барокко стиліндегі киімдермен салыстырғанда, рококо стилінің киімдері көп өзгеріске ұшырамады, тек сызықтары бұрынғысынан да көріктірек, мәндірек болды. Ал қазіргі заманғы костюмдерді шартты түрде қарапайым геометриялық мүсіндерге жатқызуға болады. Түзу силуэті өзінің ерекшелігі бойынша тіктөртбұрышқа немесе шаршыға жақындау.

Трапеция силуэті үстіңгі жағы тар, төменгі жағы кең трапецияны елестетеді [2]. Үшбұрыш силуэті төменгі жағы үшкірлеу келеді де, үстіңгі жағы кеңейіп кеоген үшбұрышқа жақын. Сопақ және Жартышар силуэттері геометриялық сопақ мүсінді елестетеді. Бұл силуэттерді екі геометриялық фигуралардың қосындысы деуге де болады: жартылай сопақ және төменгі бөлігі төртбұрыш. Бұйымның ұзындығы мен енінің арақатынасы, бұйымның жалпы көлеміне қарай әрбір бөлшектің өлшемі келесі бөлшектің өлшеміне байланысты алынады. Мысалы: үсті қысқа, төменгі жағы ұзын; үстіңгі жағы ұзын, төменгі жағы қысқа; үсті мен төменгі жағы бірдей. Костюмді композициялауда түс үлкен рөл атқарады. Түсті дұрыс қолдану киім моделін жасауда көп көмегін тигізеді. Қазіргі заман жеткіншектерінің киім үлгілері, көңіл-спорттық, фольклорлық еркін стильде болуымен сипатталады.

2. Силуэт (siluett деген француз сөзі) – ұзындығы мен ені бойынша адам мүсінінің пропорциясына жақындау келетін геометриялық фигуралардың (тікбұрыш, трапеция, үшбұрыш, сопақ, т. б.) бірін беретін киімнің кез келген бөлігінің сыртқы кескіні. Силуэттің мынадай түрлері болады: тік силуэт, белдес стлуэт, сопақ силуэт, Х – силуэт, трапеция силуэт, жартылай жантайған силуэт.

3. Пішім – бұйымның ойластырылған үлгісін жасауға мүмкіндік беретін пішім сызықтары (бел сызығымен кесілген көйлек, реглан үлгісіндегі жеңдер, драпталған көкрекше, тұтас пішілген жең және т.б.).

4. Пропорция – көйлектің ұзындығы мен енінің, жакеттің ұзындығы мен белдемше ұзындығының, бұйымның тұтас көлеміне қарай әр бөлшек мөлшерінің арақатынасы.

Костюм (франц. costume – «киім – кешек») – белгілі бір ұлттың, дәуірдің, сословияның тұрақты киім үлгісі. Костюм әр дәуірдің эстетикалық идеалын көрсетеді. Костюм (франц. Costume – киім - кешек) – белгілі бір ұлттың, дәуірдің, әр түрлі қоғамдық топтардың тұрақты киім үлгісі. Киім үлгілерінің

пішіндерінің алмасуы қоғаммен бірге өзгертін әр дәуірдің эстетикалық идеалын, көркемдік бейнесін көрсетеді.

Костюм – өнер туындысы. Ол адамзат мәдениетінің даму кезеңдерін көрсетеді. Сонымен, адам қоғамда этикетке, ал костюм өз кезегінде дәуірдің стиліне бағынышты. XVIII ғасырда жаңа рококо (фр. «раковина» таңғажайып түрлі әшекей) стилі пайда болады. Рококо – сәнді, нәзік, кейбір сезімталдық, нақыштық, майысқақтық белгіні алып жүретін сәндік стиль. Бароко стиліндегі киімдермен салыстырғанда, рококо стилінің киімдері көп өзгеріске ұшырамады. тек сызықтары бұрынғысынан да көріктірек, мәндірек болды. Ал қазіргі заманғы костюмдерді шартты түрде қарапайым геометриялық мүсіндерге жатқызуға болады.

Костюм -тарихы қалыптасқан және әрдайым дамып тұратын , адам денесіне киілетін , өзара келісілген бұйымдар жиынтығы (киім, аяқ-киім , бас киім,қолғап және т.б)және оларға ілесетін қосымшалар (сөмке,қолшатыр және т.б ) сонымен қатар адамның сыртқы бейнесін құрайтын сәнді шаш, бет бояуы. Киімдердің қызметі негізінен адамның дене құрылысына климаттық ортаның қолайсыз әсерінен (суық,жел,жаңбыр,күн радиациясы т.б) механикалық зияндылықтардан зақымдану және өндірістің қолайсыз әсерінен қорғауға (кірлен, жуу, суық т.б ) арналған болып табылады.

Физико-гигиеналық қызметі киім дененің тыныштық қалпында және қимыл - қозғалыста ыңғайлығын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық қызметі- адам және оның киім туралы мәліметтерді береді(мамандығы , көзқарасы , мәдениеттілігі және т.б).

Эстетикалық қызметі -адамның киген киімін бір біріне сәйкестігімен бұйым композициясының жетілдігімен оның өңдеусапалығымен анықталады

### **Ежелгі өркениеттер мәдениеті**

Ежелгі дәуір қоғамында киім дайындауда түрлі материал-дарды пайдаланды. Қай кезеңде болмасын, киім формасы кли-маттық жағдайға және материалдың сапасына байланысты түрлі пішімде, құрылымда, сол қоғам талаптарына лайықты деңгей-де тігілді. Киімнің матасына, салт-дәстүрге байланысты оны денеге түрліше орап жамылғы етті, яғни:

денені шаршаулап орау,

денені айналдыра орау,

мойын ойындысын ою арқылы орау.

Дегенмен, Ежелгі дүние костюмінің пішімін мынадай үш түрге жіктеуге болады:

тігілмеген (пішілмеген) киім — тұтас матаны денеге орау арқылы дайындалған Ежелгі Грек, Рим, египеттіктердің шаршаулы киім үлгілері;

мойын ойындысы қиылған тұтас матадан дайындалған Ва-вилон мен ассириялықтардың киім үлгілері;

пішілген әрі тігілген киім үлгілері (екіге бүктелген мата-ның мойын ойындысын ойып, қолтық ойындысын тікпей, тек бүйір тұстарын біріктіріп тіккен туника секілді тұтас киім үлгілері. Бұл киімнің негізін салушылар ассириялықтардың —

канди көйлегі, Ежелгі Египетте жаңа патшалық тұсындағы ка-лазирис, Ежелгі Римдегі туника киімдері.

Ежелгі Шығыс халықтары өте жұқа әрі әдемі маталар шығаруды меңгерді. Әсіресе Ежелгі египеттіктердің кенеп тал-шығынан дайындаған маталары ете сапалы тоқылып, жоғары сұранысқа ие болды. Зығырдың дүмбіл піспеген талшықтары, иілгіш әрі жылтыр, ұзын, иіруге икемді келді. Сондықтан олар-дан жіңішке әрі мықты жіптер алып, мата тоқыды. Ірі шаруашылықтардың барлығында (храмда, перғауынның немесе ірі байдың шаруашылығында) міндетті түрде тоқыма шеберхана-лары жұмыс істеді. Онда киімге, жамылғыға, перделерге ар-налған түрлі ендегі маталар тоқылды. Ежелгі Египетте горизонтальді тоқыма станоктары кеңінен пайдаланылды. Шеберлер өте жұқа маталар тоқуға қол жеткізді. Дайындал-ған маталарды стандарт өлшемдегі арнайы үстелге керіп, мата елшемі бақыланып отырды. Ерекше маталарды тоқығаны үшін шеберлер марапатталды. Тоқымашылар сырға, мата бөлігі не-месе дөңгелек жамылғы - ускх (күн - секілді пішімде) мата-сын тоқыды.

Ежелгі дүние езіндік көркемөнерімен, сәулет өнерімен, одебиетімен, дінімен және философияларымен күні бүгінге дейін әлемді таң қалдырып келеді.

Байырғы Шығыс елі адамзатты алғашқы қауым мифтерінен тербеп шығарған ұлы мәдениеттің отаны болып саналды. Шы-ғыстың алғашқы қауымдастығын артқа тастағанымен адамның дүниеге катынасының мифтік тәсілінен құтыла алмады. Мәңгілік табиғаттың көне құдайлары енді мемлекеттің алғаш-қы құрылысшылары мен қамқоршылары кейпінде алға шық-ты, оларды құдай орнатқан, жоғарғы деңгейдегі тәртіптіліктің жалғасы деп білді.

Сол дәуірдегі қолайсыз географиялық жағдайда адамдардың ұжымдық жолмен біріге отырып, аман қалудың бірден-бір жолы еді.

Ал Батыста жеке тұлғалардың дараланып шығуы, олардың билік пен жеке меншікке күштарлығы салдарынан мемлекет пайда болды. Нәтижесінде қоғамға үстемдік жасайтын өкіметтің қажет екендігі айқындала бастады.

Шығыстың Жоғарғы әміршісі, ортағасырлық Еуропадағы-дай өзінің ерлігімен немесе күш-қуатымен дәріптелмеді. Ол өзін құдай «ұлылығына», күдіретіне бөленген, мемлекеттің ең жоғарғы қызметін атқарушы деп есептеді. Ертедегі египеттіктердің айтуынша, егер перғауын - әмір жүргізуші, түрлі себептермен ел алдында беделінен айрылса, оның «ұлы-лығы» ғайып болды деп жариялап, «ұлылыққа» баска біреуді отырғызған. Мемлекетті басқарудың мұндай типтік сипатта-ры Шумер, Үнді, Қытай сияқты Ежелгі Шығыс елдеріне төн нәрсе болды шаруашылықтардың барлығында (храмда, перғауынның немесе ірі байдың шаруашылығында) міндетті түрде тоқыма шеберхана-лары жұмыс істеді. Онда киімге, жамылғыға, перделерге ар-налған түрлі ендегі маталар тоқылды. Ежелгі Египетте горизонтальді тоқыма станоктары кеңінен пайдаланылды. Шеберлер өте жұқа маталар тоқуға қол жеткізді. Дайындал-ған маталарды стандарт өлшемдегі арнайы үстелге керіп, мата елшемі бақыланып отырды. Ерекше маталарды тоқығаны үшін шеберлер марапатталды. Тоқымашылар сырға, мата бөлігі не-месе дөңгелек жамылғы - ускх (күн - секілді пішімде) мата-сын тоқыды.



Ежелгі дүние езіндік көркемөнерімен, сәулет өнерімен, одебиетімен, дінімен және философияларымен күні бүгінге дейін әлемді таң қалдырып келеді.

Байырғы Шығыс елі адамзатты алғашқы қауым мифтерінен тербеп шығарған ұлы мәдениеттің отаны болып саналды. Шы-ғыстың алғашқы қауымдастығын артқа тастағанымен адамның дүниеге катынасының мифтік тәсілінен құтыла алмады. Мәңгілік табиғаттың көне құдайлары енді мемлекеттің алғаш-қы құрылысшылары мен қамқоршылары кейпінде алға шық-ты, оларды құдай орнатқан, жоғарғы деңгейдегі тәртіптіліктің жалғасы деп білді.

Сол дәуірдегі қолайсыз географиялық жағдайда адамдардың ұжымдық жолмен біріге отырып, аман қалудың бірден-бір жолы еді.

Ал Батыста жеке тұлғалардың дараланып шығуы, олардың билік пен жеке меншікке күштарлығы салдарынан мемлекет пайда болды. Нәтижесінде қоғамға үстемдік жасайтын өкіметтің қажет екендігі айқындала бастады.

Шығыстың Жоғарғы әміршісі, ортағасырлық Еуропадағы-дай өзінің ерлігімен немесе күш-қуатымен дәріптелмеді. Ол өзін құдай «ұлылығына», күдіретіне бөленген, мемлекеттің ең жоғарғы қызметін атқарушы деп есептеді. Ертедегі египеттіктердің айтуынша, егер перғауын - әмір жүргізуші, түрлі себептермен ел алдында беделінен айрылса, оның «ұлы-лығы» ғайып болды деп жариялап, «ұлылыққа» басқа біреуді отырғызған. Мемлекетті басқарудың мұндай типтік сипатта-ры Шумер, Үнді, Қытай сияқты Ежелгі Шығыс елдеріне төн нәрсе болды

**Тақырыбы:** Ежелгі Египет костюмы

бейнелеуге, суретін салуға шеберлігі мен дағдысын жетілдіру.

Ежелгі Египет мүсіндері мен фрескаларының рельефіне қарай адамдардың көркемдікке үмтылысы мен олардың киім үлгілерінің негізгі түрлерін байқаймыз.

Ранэфера статуясында ежелгі египеттердің әсемдікке күштарлығын бейнелеу тәсілінен байқауға болады: адам тұлға-сы сұңғақ, жауырыны кең, белі мен мықыны жіңішке әрі бет әлпеті көрікті. Сонымен қатар қазіргі заманғы сұлулық ұғымындай әйел бейнесі сұңғақ тұлғасымен, пропорциялық шешімімен әрі незік те әсем келбетті, миндальді көз пішімімен ерекшеленді. Мұндай бейнені біз Раннан мүсінінен көруімізге болады.

Тағы тайпалар Еуропада орналасқан болғанында, Элладаның аты адамдар үшін мәнсіз болған, бірақ Египетте сол кезде жоғары дамыған мәдениет құрылған. Мысырлықтар алғашқы рет саналы шығармашылық әрекетінің нормаларын белгілеген. Олармен құрастырылған дамыған стиль Еуропа стильдерінің негізі болды.

Біздің жыл санауымызға дейін 5-4 мың жылдықтардың шекарасында Нил алқабында пайда болған қолайлы экономикалық және табиғат жағдайлары егін шаруашылықтың жоғары дамуына мүмкіншілік келтірілген. Үкіметтің тұрақты жүйесінің шеңберінде өндіріс ұйымдасқан бірлескен еңбекті қажет қылған. Мысырлық қоғам өте қатал иерархия бойынша құрастырылған. Ол дүниеде

белгілі болған ең бірінші класстық құлды құрылыс деп мамандармен сипатталады.

Мысырлық тарихтың сонымен қатар қаталдық пен тәртіпке келтірілгеннен айырмашылығы болған. Ұзақ даму барысында қалыптасқан көркем унификацияланған сүйір стереотипті формалар, өнер туындылары көп ғасырлар бойы саталып келе жатыр.

Мысыр өнері қатал ежелгі дүние тану әсері бойынша дамыған. Мысырлықтар ол дүниелік өмірге сеніп, олардың жерлеу ғибадаты өте дамыған болған. Осыған және құрғақ климатқа байланысты өнердің көптеген бірдеген ескерткіштері: пирамидалар, мазар (хандар алқабы), сфинкстер, үй іші тұрмысында ұсталатын заттар, жиһаз, зергер киімдер бізге жеткен.

Одан басқа, мысырлықтар көркем бейнені тірі және өшпейтін деп есептеген, оған маңызды әсер келтіріп өте күтіп қараған. Осының арқасында біз ғажап фреска және оюларды қызықтаймыз.

Көркем бейнелеудің тәсілі стилизацияға өте келтірілген болған: денебітім қарсы алдынан, ал бас пен аяқ – қырынан көрсетілген. Бейнелеу жазықтық болса да, барлық ұсақ безендіру бөлшектері өте ұқыпты суреттелген. Сыршырай бейнелеулерінде жеке адамның өзіндік қасиеттері нашар акценттелген, кеңістік перспектива болмаған. Бірақ мүсінде бейнелер жеке адамның ерекшеліктерін өте анық көрсететін.

Мысырлық зергер тарихының қандай техникасын, сондай көркем айқындығынан ешкім асып түспеген. Ол Еуропалық қазіргі заманның зергер өнерінің бастамасы болып есептеледі. Мысырлықтар нақыш қондырумен оймалауды білген және асыл тастармен оларды ауыстырушылармен жұмыс істей білген.

Ежелгі мысыр тұрғындарының костюмі әсердегі ең ежелгі цивилизацияның бірі болып есептеледі. Үш мың жыл өмір сүріп, аз өзгеріп, ол тамаша мәдениетті тудырды.

Ер адамдар белді жабатын қайыстан немесе матадан жасалған схенти атты оралма қолданатын. Оның ұзындығы және пішіні әр түрлі әдіспен қыстырылып баумен байланатын. Тарихтың бізге беретін жеткілікті нақты мәліметтер бойынша ежелгі мемлекет – бұл Египет фараондарының сиқырлық әлемі. Дәл осы жерде сиқырлы өнер пішімдері пайда болды. Олар антикалық өнер үшін негіз болды, ал – ол өз кезегінде қазіргі кездегі өнер дамуының негізгі нүктесі болып табылады.

Египет тропикалық климатпен күлденген тоғайды елестеді, ал костюм – бұл міндетті түрде әлем баласы, себебі, суреті бойынша олардың модельерлерінің қандай климаттық белбауға жататының анықтауға болады.

Египетте киімдер өте жеңіл болуы қажет, және оларға ұнамсыз қажеттілік ретінде қарауға болады. Ерлердің бар киімі жіңішке мата бөлігінен жай алжапқыш «ехентидан» тұрады. Ол алдында іштің үстінде ілініп тұрады немесе аяқ ортасынан өтіп, екінші ұшы белдің артқы бөлігіне қыстырылатын.

Уақыт өте алжапқыш өзгере бастады. Бай адамдар оны көптеген жиырма және қатпарлармен сәндеген. Белде мылтықты ұстап тұру үшін белдіктермен

бекіткен. Сосын екі алжапқыш кие бастады, алдыңғы және артқы, бірақ оларды біріктіріп тікпеген.

Әйелдері денелерін жауып жүрген. Олар иық арқылы лақтырған бір немесе екі лямкада ұсталынып ұратын ұзын жейдешелер киген. Ұзындығы оны табанға дейін жеткен және оларды «калазирис» деп атаған. Кейде оларды жеңмен де тоқыған, сонда олар иықты да жауып тұрған. Маталар көбінесе жұқа барлығы көрініп тұратын болған. Үйде египет әйелдері киім кимейтін, бірақ өздерін моншақтармен, браслеттермен және ғажайып бас киімдермен сәндеген. Бөкселері жіңішке алқаларға жиналған болатын.


Египет әйелдері косметика қолданған: қастары мен кірпіктерін қара бояумен бояған, көздерінің астына үлкен жасыл дөңгелектер салған, қолдарын және аяқтарын сарығыш бояумен бояға және т.б.

Египет костюмдерінің ерекшелік қасиеттерінің бірі болып кең жаға-алқа табылады, ол иықты және кеуденің жоғарғы бөлігін жауып тұрады. Бұл өмірдің қайнар көзі – күн сипаттайтын дәстүрлі сәндік зат, оны әйелдер де еркектерде кие береді. Алқа өте сәнді болатын және көбінесе алтындармен және түрлі-түсті эмальдармен сәнденген.

Фараондар барлығы сияқты алжапқыштар киген, бірақ олардыкі өте қымбат етіп сәнделген. Нәтижесінде олар ұзын жұқа киімдер кие бастады. Хан дәрежесінің ерекшелік белгісі екі қабатталған уресі, әр түрлі символдық посохтары, скипеттері, шымшық тәрізді пішіндер, диадемалар және т.б. бар қалпақ.

Уресі бар қалпақ – атев – Жоғарғы және төменгі коршунмен және жылан - уресімен сәнделген. Фараонның екінші бас киімі сызықтары бар матадан үлкен плат – клафт болды.

Барлық бос Египет тұрғындары өсімдік талшықтарынан түрлі түске боялған париктер киген. Париктердің пішіні мен өлшемі иегерлерінің әлеуметтік дәрежесін көрсеткен. Бұл париктер египеттіктерінің бас киімін алмастырды. Фараондар күштілік белгісі ретінде жасанды (алтын) сақалдар киген.



**Тақырыбы:** Ассирия –Вавилон костюмы

### **Мемлекетке жалпы сипаттама**

Ежелгі Ассирия-Вавилония Ефрат пен Тигр өзенінің арасында орналасқан. Тұрғындар негізінен жер игерумен, мал шаруашы-лығымен, қолөнер, жүн маталарын шығарумен және сауда-сат-тықпен айналысты. Ассирия-Вавилония енерінің гүлденген доуірі ІХ—ҮІІ ғ. б.э.д. болып саналады. Мұнда сәулет, сұңғат және мүсіндеу өнері өте жақсы дамыды.

Ассирия-Вавилионда 1 мыңжылдықта (б.э.д.) тауар өндірісі қарқынды дамыды. Бұл өнермен әйелдермен қатар ер кісілер де айналысты. Вавилонда түгел бір көше бойы тоқыма өндірісімен айналысты. Олар көлденең және вертикальды станоктарда ені 1...4 м. келетін маталар тоқыды. Ассирия-Вавилонияда алғаш рет қоңыр қызыл (пурпур) түсті және алтын жіпті мата түрлерін шығарды. Қызыл түсті матаны қызыл түсті шашақтармен әшекейлеп, патша киімінде пайдаланды. Жоғары шенді адамдар шашақтары бар енді мойыншалғыны иықтары-на салып жүрсе, жай халықтар киімнің етегіне ғана шашақтар тақты (6).

### **Әсемдікке құштарлығы**

Халықтың эстетикалық осемдікке деген құштарлығын археологиялық қазбалардан алынған патша бейнелерін суреттеу техникасынан байқауға

болады. Мысалы, Ашшурнасирапал бейнесі суреттелген рельефте білек пен балтыр бұлшық еттері патшаның сымбатты өрі күшті дене тұлғасының бет-олпеті. тол-қынды қою шашы мен сакалы мықты денсаулықтың көрінісі. Нрлер ұзын сақал мен мүрт қойып. оның көлемін ұлғайту үшін бұйралап жүрді. Шаштарын майдалап еріп, оның ұштарын бұйралап сәндеді. Көбіне бастарына парик киді.


### **Киім үлгілері мен түстері**

Ассириялықтардың негізгі киімі — канди көйлегі болып са-иалды. Көйлектің ұзындығы тізеге дейін жетті. Оны мықын тұсында енді белдікпен байлайтын (суретте). Киімге тағыла-тын тағыншақтар мен сәнді әшекейлер, киімнің ұзындығы мен қабаты тұтынушының қоғамдағы орнын анықтады. Бір киімнен артық киімді тек патшаға ғана киюге рұқсат етілді. Оның киімі жұқа ак жүннен иірілген жіптен тоқылған матадан дайында-лып, геометриялық ою-өрнектермен, алтын салпыншақтармен және калың шашақтармен әшекейленді. Канди сыртынан пат-шалар қатпарсыз, бірақ шашақтармен, кестелермен әшекей-ленген сулықтар киді. Алтын салпыншақтар күн мен айдың Және жұлдыздың бейнесінде жасалынып, белгілі бір мәнге ие болды. Негізінен олар жеңсіз кейлек пен қысқа женді, мықын хұсына байланатын шашақталған қысқа «конас» сулығын пай-даланды.

Әйелдер туника көйлек, белшалғы мен жамылғы — сулық киді- Ассириялық әйелдер кешеге шыққанда беттерін арнайы жапқышпен бүркеп жүрді. Киімдеріне қосымша сән беру үшін моншақтар, аяқ пен қолға арналған темір сақиналар, орама білезіктер тақты. Ассириялықтардың киімдері қондырмалы және шаршауланған киім түрлерінің үйлесімділігінен шықты. Ұзын немесе қысқа киім үлгілері бір немесе екі бөліктен құралды.

Ассириялық әскери адамдардың киімдеріне тоқталсақ, олар өкшесі мықты әрі орама бауы бар сандал, бастарына мыстан дайындалған бас киімдері басқа елдердің әскери киімдеріне қарағанда мықты әрі денені түрлі зақымдардан қорғап тұрды. Патша ақ киізден жасалған тиару бас киімін металл пластинкалармен әшекейлеп, мандайына тағатын алтын тартпаны қым-бат тастармен және шашақтармен сәндеген.

Ассириялықтар шалбар киген. Оны мына 6 в-суреттегі ша-руа киімінен байқауға болады.



6-сурет. Ассирия мен Ежелгі персиялықтар киімдері  
 а – ассириялық патша костюмі: ұзын канди көйлек (1), шашақтармен сәнделген қонас сулығы (2), ақ жүннен жасалынып қызғылт, таспа баулармен өшекейленген тиара кидарис; ә – ассириялық өскер киімі;  
 б – парсы-ирандық костюм: шалбар (1); кафтан (2);  
 в – сузиандық костюм; белшалғы (1); сулық (2)

### Тақырыбы: Ежелгі Грек костюмы

**Құзреттіліктер** -киім тарихындағы түрлі елдердің киім үлгілерінің өзіндік құнды

өрі кемшілік тұстарын керіп, оны бағалай білуге дағдыландыру;

-киім стильдерінің айырмашылықтарын ажырата білуге ептілігі мен дағдысын жетілдіру;

-киім үлгілерін бейнелеуге, суретін салуға шеберлігі мен дағдысын жетілдіру.

**Сабақтың мақсаты:** «Костюм тарихы» пәнінің мақсаты: студенттерді түрлі елдердің киім тарихымен таныстыру, киімнің сәндік бөліктері мен пішімдері, өзіндік ерекшеліктері мен құнды әрі кемшілік тұстары жөнінде білім беріп, әсемдікке баулу, эстетикалық, талғамын дамыту.

Балқан түбегінің оңтүстік бөлігінде адамзаттық өркениеттің бір тамаша дәуірі - көне Грекия мәдениеті дүниеден өтті. Ита-лияндықтар Ежелгі мәдениет ретінде грек-рим мәдениетін ата-ған. Мұнда Антика (халқының апішииз — ежелгі деген сөзінен шыққан) дүниесінің тарихын мынадай кезендерге бөлу дәстүрге айналды:

Ежелгі кезең - эгейлік мәдениет: б.э.д. 3 мың жылдықтан XI ғасырға дейін.

Гомерлік және архаикалық кезең: б.э.д. XI—VIII ғғ.

Архаикалық кезең: б.э.д. VII—VI ғғ.

Классикалық кезең: б.э.д. V—IV ғғ.

5. Элиндік кезең: б.э.д. IV ғасыр 1/3 I ғасырға дейін.

Сол сияқты Италия тайпаларының даму кезеңі:

Этрус мәдениеті - б.э.д. III—II ғғ.;

Ежелгі Римнің патшалық дәуірі - б.э.д. V—III ғ.;

Ежелгі Римнің республикалық дәуірі — б.э.д. V—! ғ.;

Ежелгі Римнің императорлық дәуірінің I—V ғасырлары.

Грекияның табиғаты жылы, жұмсақ климатты, егістік пен жайылымға қолайлы, жері жазықты. Пайдалы кен қазбалары-на бай ежелгі гректер мал, егін шаруашылығымен шұғылдан-ды. Сонымен қатар грек қолөнерінің сұлулық туралы түсініктері басқа да өнерлері сияқты көп жерде әлі күнге дейін үлгі болып отыр.

Гректер көптеген елдермен сауда-саттық жасап, Қара теңіз жағалауында үлкен колонналар салды.

Б.э.д. V ғасырда мәдениеттің гүлденген кезеңі «алтын» ғасыр деп аталды, оған себеп грек-персия соғысының гректер үшін жемісті болуы. Осы кезеңде Афинада үлкен құрылыс жұмыс-тары жүргізіліп, жаңа храмдар, стадиондар, гимназиялар, бу-левтерилер салынды. Сонымен қатар әдебиет пен бейнелеу өнері де өркендей түсті. Атап айтсақ, әйгілі мүсіншілер Мирон, По-ликет үлкен архитектуралық ансамбльдер құрастырса, Эсхил, Софокл Еврипид трагедиясын жазды. Гректер күшті әрі әдемі сұңгак бойлы адамды — «колос агатос» деді. Грек костюмі қара-пайым пішімдегі архайка кезеңіндегі киімнен күрделі де әсем формалы еді. Эллинизм киімдері әсерлі болды. Шаршаулар грек костюмінің антикалық негізі болып саналды. Ол архитектура-дағы антикалық храмның колоннасы ретінде жасалынды. Киім тігуде негізінен жүн маталарын пайдаланды. Мата тоқу жұмыс-тарымен үйдегі құлдар, сонымен қатар бай әйелдер айналыс-ты. Гректер жүн өңдеумен қатар кенеп талшықтарынан мата гоқып шығарды. Ал жібек және мақта маталарын Шығыс елдерінен алдырды.

Гректер мата шетіне қарапайым оюлар салды, кейде бір түсті матаға аппликация тікті. Грек ою-өрнектерінің ішінде ең көп тараған — «пальмета», «моншақ», «меандр», «толқын», «ионик» т.б. өрнек композициясы кеңінен қолданылды. Бұл ою-өрнек-тер халықтың тұрмыс жағдайына, қоршаған ортаға байланысты пайда болды. Мысалы, теңіздің толқындары ритімді қайтала-нып отырған бітпес оюларға ұласып отырса, теңіздің иірілімді жағалаулары — күрделі меандр өрнектері, пальма ағашының қабығына ұқсатып палмета ою-өрнектері жасалды. Киім түсіне қарай гректер ақ түсті сән үшін пайдаланды, ал шетіне ашық түсті өрнектер салынды. Сонымен қатар түсті киімдерді де кеңінен пайдаланды. Көбіне матаны сары мен сарғыш реңкті түстерге, кок, қызыл, ашық-жасыл, қызғыш күлгін түстерге бояды. Қызғыш түсті бояуды (пурпур) теңіз молюскаларынан алды, сондықтан мұндай түсті маталар өте қымбат болды.

Ерлер костюмі

Ерлер киімі негізінен екі бөлектен тұрды, олар — хитон, ги-матия.

Хитон — іш киім, сондықтан ерлер бұл киіммен сыртқа шық-пайтын.

Хитонды тұтас жүн, шұға маталарынан жасады. Матаны екіге бүктеп, жоғарғы иық жағын каусырма — фибуламен (сонді түйреуішпен) біріктіріп, киімді шаршаулап, сәндеп киді. Кей де хитонның сол матадан шығарылған жеңі болды. Оның ұзын-дығы түрліше дайындалды. Мысалы, жастар мен балықшылар, құлдар қысқа — экзомий киімін киді. Ол мықыннан сәл ғана

түсіп тұрды. Бұл хитон тек сол иық түсында түйреуішпен бекітіліп тұрды, ол қолдың кимыл-қозғалысына кедергі жасамады, сондықтан оны өскери адамдар мен түрлі кәсіп иелері, құлдар киді. Ал жасы үлкен кісілердің хитоны ұзын болды.

Гректердің сырт киімдерінің бірі гиматий — сулығы. Ол тік бұрышты жүн матадан (өлшемі 1,7x4 м) әзірленіп, адам денесін түрлі шаршаулармен қымтап орады.

Гиматияны денеге орап, екі қолды да бүркеп күрделі формаға енгізіп, шаршауланған киім, оратор киімін тек ғалымдар мен ақыл-ой еңбегімен шұғылданатын адамдар киді.

Бұл киімді орау үшін алғаш гиматиді денеге орап шығып, матаны сол иықтан белге дейін түсіріп, өңір түсында дөңгелек-тей шаршаулап сол иықтан жота бөлігіне қарай жіберіп иық, пен сол қолды жауып тұратындай етіп жасады.

Жастар овал, тік бұрышты силуэтті — хламис киімдерін киді. Ол бір иықты жауып, екінші иық үстінде фибула тоғасымен бекітілді.

Аяқ киімі ретінде гректер сандал-иподомати, крепида, етік ретінде эндромина киді. Кедей кісілер теріден тігілген жұмсақ, туфли-постоланы киді.

Гректер ақ түсті қысқа шашты өте сәнді деп санады. Сон-салтанатқа арналған шаш түрі — цикада деп аталды. Шашта-рын көбіне бұйралап жүрді.

Бас киімді тек суықтарда қолданды олар — петас, кюнэ, пи-лей. Бұл бас киімдерді киізден, сабаннан, матадан жасады.

Өскери адамдар қысқа хитон және оның сыртынан денеге қынамалы-торақс киімін киді.

#### Әйелдер киімі

Грек әйелдері ер кісілердің эстетикалық принциптеріне бағынды. Бірақ әйелдердің киімі жабық әрі ұзын пішімде болды. Әйел киімдері пішілмеген. Олар тұтас матаны екіге бүктеп иық, түсывда шаршаулау арқылы әшекейлеп киді. Хитон ішкі киім болып саналатын. Ол жүннен тоқылған және безден тоқылған маталардан дайындалды. Көбіне, хитон сары, қызыл түсті бо-лып бір иық түсында фибулалармен бекітілетін. Кең хитонды дерекілік, ал тар хитонды — көпшілік киімі ретінде саналған.

Әйел хитонының жоғарғы жағында қысқа кофта ретінде жеңсіз алды ашылатын қысқа көйлек киген.






7-сурет. Медея. Сахна костюмі

Кейбір кездерде хитонның бел жағында кеңейтілген жері -колпос болған, яғни ұзын хитонды белінен байлап, хитонды жоғары тартып көтеріп қойған. Әдетте қыздар белбеуді белінен, ал әйелдер көкірек тұсынан байлайтын болған. Әйелдер колпост пен дипло-дияны бірге киген. Хитонға өрнекті жиектер тігіп әшекей-леген. Кейде бүкіл хитон мата-сына ою-өрнек салынатын болған. Әдемі көріну үшін грек әйелдері көкірегін арнайы мата — страфмонмен байлаған (8).



9-сурет. Инстита, стола киген бикеш костюмі



8-сурет. Грек әйелдері

Аяқ киім ретінде сандаль және туфли, суық кездері қысқа етік киген. Әйелдер етігі бұзау терісінен және шошқа терісінен тігіліп, ашық және алтын түстерге боялған, оны темір және басқа металдармен көркемдеген. Немесе аяқ киім үстін кесте-лермен әшекейлеген. Көбінесе аяқ киімді өкшесіз киген. Грек әйелінің бейнесін әсем шаш үлгісі толықтырады. Олар ұзын шашты қалады. Гомер гректері әйелдің шашы «алтын түсті» болғанын сұлу деп есептеп, оған әр түрлі форма беріп отырған. Грецияда шаш қою соның бірнеше түрі болған. Оның «клас-сикалық түрі» - грек түйіні - 'каримбос. Бұл үлгіде ұзын шаш артқа қарай таралып түйілген, шашты бұйралап, мандайға төмен түсіріп тараған. Өйткені сол кездегі түсінік бойынша қысқа мандай әдемілік белгісі деп саналған. Қас пен шаш арасы екі елі болған дұрыс деп санады. Әрі қарай шаш бетке жақындатылып артқа таралып шүйдеге түйілген түйінді шпилька

түйреуішпен, әр түрлі ленталармен бекіткен. Кей кездерде шашты алтын жіппен тоқылған тормен түйген. Оны «ете-фону» деп атаған және ол тожге ұқсатылып істелінген. Грек әйелінің бейнесін, бетті орлейтін заттарсыз көзге елестету қиын. Дене бітімі өдемі әйел қолына қалайыдан айна ұстап, бетін қызартыңқырап, ернін, қасын, қабағын, кірпігін бояп, иіс су жаққан. Иіс суды арнайы керамикалық фла-конда сақтаған. Грек әйелдері қолша-тырды күн сәулесінен қорғану үшін қолданған. Олар әр түрлі болды. Бірақ оның жиі қолданылатыны төрт бұрышты болған. Грек костюмін зергерлік бұйымдар толықтырады: алтын сырға, алқа, диадема тәж, мон-шақ, сақина жүзік, білезік. Әсіресе жылан сияқты иірілген білезік көбірек тағылды т.б. Білезікті білекке, балтырдан төмен тұста таққан.

Қаншама зергерлік бұйымдармен көркемделсе де грек костюмі қарапайымдылықты сақтады.

Құлдар әр түрлі киімдер киді. Оның ұлттық ерекшеліктерін білдіретін сәндік белгілері болған, көбінесе ірі тоқылған қара-пайым матаны тікелей иығында біріктіре салатын. Әдетте қожай-ын құлға бұл киімді жылына екі рет беріп отырған.

Грек елінің саяси жағдайы басқа елдерге қарағанда ерекше еді. Оның негізі — демократия (халық жиналысымен басқару) және құлдық құрылым.

Грек мәдениеті мен өнері реалистік түрғыда құрылды. Адам-ның жеке басының осемдігі мен оның құндылығы жоғары ба-галанды. Өнер тілінен түсініктілік пен қарапайымдылық талап етілді. Грек мәдениеті мен өнері реалистік түрғыда құрылды. Адам-ның жеке басының осемдігі мен оның құндылығы жоғары ба-галанды. Өнер тілінен түсініктілік пен қарапайымдылық талап етілді.

Бұл екінші жағынан адамдардың көңіл күйі мен мүмкіншіліктерін мемлекеттік тексеруден өткізу деп санала-тын. Бұл гректердің тұрмыстық және өнердегі эстетикалық көзқарасында және олардың киімінде де көрініс береді. Бүгінгі күнге дейін грек өнері осемдік жағынан идеал ретінде үлгі болып отыр. Алғаш рет адамзат тарихында әсемдік негізіне ішкі жан дүние мен тұлға әсемдігінің гармониясы саналды. Отансүйгіштік пен жоғары азаматтық сезім дамыған әрі терен ақыл-ой мен дене бітімінің сұлулығы, тұлға пропорциясы ақындар мен суретшілердің жасаған образдары қатты таңдандырады.

Азамат — атлет идеалын грек суретшісі «Дни-фор» қалайы мү-сінінде көрсеткен. Поликпен бұл өнерінен басқа «Канон» атты теориялық трактат жазып, онда адамның дене бітімі жай-лы көзқарасын білдіреді. Өлшеу мөлшері ретінде адам денесінің жеке бөліктері негізге алынады. Адамның 1/7 бө-лігін бас, бет, қол 1/10, өкше 1/6 бөліктерін алды. Қаншалықты грек қоғамында әйел күқықсыз болға-нымен, ойелдер об-раздарына өнерде де ерекше көңіл бөлінді, олар жан- жақты дамыған, денсаулығы мықты, толыққанды жетілген адам образдарын бейнеледі.

Грек костюм үлгілері бізге енердің өлмейтін көп ғасырлар бойы жер қойнауында жатып, аман жеткен үлгілері арқылы келді. Грек костюмі жайында ақпаратты біз ыдыстарға, шіркеулер мен храмдар қабырғаларына салынған суреттерінен кереміз. Жоғарыда айтқандай, грек өнері езінен кейінгі дамы-ған

елдердің, әсіресе, Батыс елдерінің өнеріне тікелей үлгі бо-лып, ол өнердің жан-жақты дамуына, оның қайталанбас үлгілерінің шығуына әсер беріп, өнер тарихында және жалпы тарихта өшпес із қалдырды.


Көне дәуірде гректер киіміне азиялықтардың ықпалы өте зор осер еткен. Крит аралында қазба жұмыстарын жүргізгенде, домикен дәуіріндегі грек киімдері египеттіктерді еске түсірген. Сол кездегі әйелдер кеудесінен төмен ұзын матаны карсет ретінде қатты қынап ораған, белінде көптеген қатпарлары бар белшалғы болған. Кейіннен гректердің эстетикалық сезімінің дамуына байланысты, олардың костюмдері де өзгерді. Эллин-дер өздерінің «құдайларын» өте идеалды, дұрыс дене құрылы-сы ретінде елестетеді. Киімдегі қатпарлар арқылы эллиндер адамның сұлу мүсінін айқындап көрсеткісі келді, не кемістігін жауып отырды.

Алғашқы уақытта грек киімі тігілмейтін еді. Олар матаны өзінің қалауы бойынша бір-біріне түйреуіштер, тоғалар арқы-лы бүрмелеп, түйреп біріктірген. Оңтүстік Италиядағы Гректердің колонистерінің арқасында эллиндіктердың киімдері Аппенин түбегіне дейін жетті. Эллиндердің киімдері мен ита-лияндық этрускалардың киімдерінің қосылу нәтижесінде римдік костюм пайда болды.

## **Тақырыбы: Этрусктар мен Римдіктер**

Этрустардың мәдениеті мен өнері грек және эллиндердің өнері мен мәдениетіне ықпалын тигізді. Этрустардың және Италия-ның көне тұрғындарының киімдері жейде сияқты кафтоннан және сулықтардан тұрды. Этрустар италияндықтарға қарағанда жеңіл де бай киінді. Ер кісілері фектер киген киімді киді, ал ойелдер киімі кіші азиялық киімдерін еске түсірді. Этрустар гректерге қара-ғанда киімдеріне тігіс түсірген. Әйелдері жүн матаның жеңіл түрінен, ал еркектер ауырлау түрінен киген. Кейінгі уақытта этрустар киімдері өте бай, қым-бат маталардан тігіле бастады. Олар жұқа биязы және нәзік өрнектермен кестеленді. Мұндай маталарды сол кездегі Туска қала-сында дайындады. Осындай киімдерді римдіктер де киді. Әйелдер кеуде жағы жіңішке, етегі кең, ұзын келген, қысқа женді, өте бай жиектелген жей-делер киді. Жейденің үстіңгі жа-ғынан бір жағы тікбұрыш немесе деңгелек болып келген сулық киген, мұндай сулықты грек еркектері де киді. Сулық иығы мен басын орап денесінің бәріі жауып тұрған. Бұл сулықты әр түрлі формада бүрмелеп қатпарлаған. Грек бишілері өте нәзік, жұқа сулықтарды пайдаланды. Қарапайым әйелдер алдына ал-жапқыштар байлады. Әйел бас киімдерінің формасы әр түрлі пішімде болды. Мысалы, бірінің үшы үшкір биік болса, ал екіншісі басқа жабысып тұратын құлақ жоне желке түсында жа-пқышы болған, оны лента арқылы байлаған. Аяғына сандал және аласа башмақтар киген. Бүгінгі күнге дейін этрустардың көпте-ген металдан жасалған сонді бұйымдары сақталған. Ер кісілері де әйелдер сияқты алтыннан жасалған алқалар тақты. Римдіктер этрустардың ошекей бұйымдарын пайдаланған. Этрустардың әскери киімдері кіші азиаттықтардың киімдеріне ұқсады. Аз уақыт аралығында римдіктер өз елін

үлкен державаға ай-налдырыш, көптеген елді басқарады. Ал Республика кезеңінде Рим Грецияны басып алды. Сол уақыттан бері Рим сәулет өнері Грек өнеріне өте ұқсас болды. Римдіктердің образын көзімізге физио-логиялық жағынан өте күшті, шыдамды адамдар ретінде бейне-леп, сол уақыттағы олардың дене тұлғасы мен күш иесінің идея-лы ретінде санағанын байқаймыз. Рим әйелдері көне грек әйелдеріне қарағанда қоғамда өте сыйлы да құрметті болатын. Мына суретте шаршауланған палла көйлегін киіп тұрған рим әйелінші байсалды, сымбатты тұлғасын байқауға болады.




13-сурет. Римдік ерлер тоғасын орау тәсілі

Рим өнері. Римдіктер костюмдерді дәстүрге байла-нысты пайдаланылды. Римдіктердің киімдері Грек-терге қарағанда едәуір бас-қаша болды. Империя кезеңінде Римде матаны қолдан жасады. Негізгі мата: жүн және зығыр талшықта-рынан жасалды. Осы кезең-де Шығыстан әдемі жібек маталар әкеліне бастады. Римдік костюм түстері негізінен ашық қызыл түстердің үйлесімділігінен құралды. Дегенмен, қоңыр, сары, қызғылт түстерді де кеңінен қолданды. Римдіктердің киімдері ішкі және сырт киімдер болып екіге бөлінеді. Ішкі киімдерді жалаңаш денеге кие, сырт киімді ішкі киімдердің үстінен киді. Олар ішкі киімдерін туника деп атаған. Римдік туника гректердің хитондарына ұқсас келеді. Туникалар әр түрлі болған. Ала жолақ туникаларды жоғары лауазымды адам-дар киген. Киімнің орта тұсынан жоғарыдан төмен орналасқан жалпақ пурпур (қызғылт) түсті жолақты, туникаларды сенатор-лар киген. Екі немесе бір жолағы бар туниканы салт аттылар ки-ген. Әйелдер тунигі (12) ерлер тунигіне өте ұқсас болды. Туника сыртынан киетін көйлегін столла деп атаған. Егер де туниканың жеңі болса, столла жеңсіз болып, ол кеуденің көкірек астынан белдікпен байланған. Әйел киіміндегі түстердің үйлесімділігі қоңыр сарғыш, алтынды немесе жасыл болды. Киімді сәвдеуде негізінен кесте, шашақтар, қымбат тастар қолданылды.

Римдіктердің ең басты сыртқы киімі тога көйлегі (10, 13).

Мұндай көйлекті төртбұрышты ұзын, екі бөлік материалды қосып эллипс түрінде тіккен. Оның ұзындығы 15 фут, ені 10 фут болды. Тога былай киілді: ең бірінші ұзыннан екі бүктел-ген, сосын ұшы сол иықтан алға қарай жерге түскен, ал басқа бөлігі денені жауып, екінші ұшы сол қолтығы арқылы тобыққа жеткен. Тоганы тек қана римдіктер киген. Римдіктер тоганы көпшілік ортада киіп жүруі өте қажет болды. Римдік балалар мен қыздар пурпур түсті тоганы киді. Олар жасөспірім жасқа жеткенде, қыздар тұрмысқа шыққанда пурпур түсті киімдерін ақ түске алмастырды. Пурпур түсті киген адамдар жоғарғы қызметте жұмыс істеді. Римдіктердің сулықтарын лацерна, са-гум, палудаментум деп атаған. Лацерна — жұқа матадан жасалынған, кейде әдемі әшекейленген, ұзындау болып келген төртбұрышты, алдыңғы жағы ашық белдікпен жиырылған, ка-пюшоны бар, ол киімге ілмектер арқылы немесе тігіс арқылы жалғанған. Капюшонды сагумға да тіккен. Сагум солдаттар киген сулық, лацернадан қысқа және матасы қалың болған.



14-сурет. Империя кезеңіндегі сәнді аяқкиімдер

Палудаментумды ең алғаш солдаттар, кейіннен армия бас-шылары кие бастаған. Оны жұқалау матаны ақ немесе пурпур түсінен көптеген қатпарлары бар етіп жасаған. Римдіктер ауа райына байланысты түстері әр түрлі киімдер киді. Заң бой-ынша римдіктердің тогасы ақ түсте болды. Тек қана қара жамылғандардың тогасы қара түсте болды. Сонымен қатар қара түсті құлдар мен қарапайым адамдар да киді. Алқызыл, жасыл, ашық жасыл, көгіл-дір, пурпур сияқты өте қымбат сия-көк түстерді пай-даланды. Рим-діктердің киімінде тек қана жолақ сызықтар ғана емес, сондай-ак торкөзді кестелер, кестелеп тігілген немесе тоқылған гүлдердің, жүл-д ы з ш а л а р д ы ң суреттерімен әсемделді. Римдіктердің Галерус бас киімдері ит терісінен жасалған. Бұл бас киімнің формасы жарты шар және жиексіз болып келген. Де-генмен, Рим елінің әр

аймақтары ездерінің бас киімдерінің формасы әр түрлі болған. Фригия шапкасы түзде ұйықтайтын бас киімге ұқсаған жоғарғы жиегі алға қарай иілген, лентасы-мен иектің астына қарай байланған. Персидмитра бас киімі, бұл қазіргі шығыс елдерінде киетін сәлде сияқты бас киімге ұқсайды, бірақ оның формасы күрделі болған. Оны орағанда бастың желке тұсы мен мойынын жауып ораған. Римдіктердің шашы адамның сұлу да әсем бөлігі деп есептеген. Олар өздерінің күдайларының шашын қалың бұйра, ұзын ақсары түрінде елес-теткен. Сол себепті римдіктер шаштарын бұйралап жүретін болған. Олар жалаң аяқ жүрмеген, бұлар да қарапайым өкшелі аяқ киім және туфлиді пайдаланған. Тога киген кезде балты-рына дейін жететін теріден жасалған аяқ киімді киген. Бұл аяқ киімнің қызыл, сиякөк түсті жоғары лауазымды адамдар киіп жүрген. Ол мурмус деп аталған. Екінші орында сенатор баш-магы. Оның формасының айырмашылығы алдынан (крестеп) айқастырып балтырына дейін байланған қара түсті болған. Аяқ киімнің көтеріңкі тұсын алдында күміс аймен безендірілген. Ең дерекі башмак перо деп аталған. Оның формасы етікке ұқсады әрі ол өнделмеген теріден жасалған. Оларды солдаттар, аңшылар киетін болған. Табанын шегемен қаққан. Кедейлері ағаштан жасалынған аяқ киімді пайдаланған. Әйелдер башмак-тары ақ, қызыл, сары, қою жасыл түсті, жұмсақ теріден жасал-ған және әр түрлі асыл тастармен өшекейлеген.

Римдіктер ор түрлі әшекей бұйымдарын пайдаланып отыр-ды. Олар бастарына гүлден немесе жапырақтардан жасалынған гүл тәжілер киді. Олар алғашында көзі жоқ әшекейленбеген сақиналарды төртінші саусаққа киді. Этрустардың салты бо-йынша римдіктер жай темірден жасалған сақина таққан, оны тек қолтаңба ретін де пайдаланған. Ал алтын сақина тек сена-торларға, салт аттыларға киюге рұқсат етілген. Бағалы тастар-ды мына жүйеде бағалаған: алмаз, смарогдт бернил, опал, сар-даникс. Әйелдер киім кигенде этрус салтымен шұқымаланған төртбұрышты, мыс пен қалайы қосындысынан әзірленген ай-наны пайдалавды. Кейіннен үлкен айна қолданыла бастады.

Сонқойлар әсемдік үшін боянғыш заттарды пайдаланды. Қас-тарым қара күйемен бояды немесе сүрмені пайдаланған. Нард, роза. мафрон май, оран деп аталатын хош иісті заттарды пайдаланған. Олар өте қымбат болды. Римдіктер күннің ыстығынан және жаң-бырдан қорғанатын колшатыр пайдаланды. Бұларды өздері немесе күлдары ұстап иесін күн сәулесінен, жаңбырдан қорғап жүрген.

Қорыта айтқанда, Ежелгі дүние костюмінң пішімі қарапайым-дылығымен, табиғи маталардың сан алуан түрлілігімен, ою-өрнектерінің өздеріне тән ерекшеліктерімен айқындала түсті.

### **Тақырыбы: Арабтардың костюмы**

**Күзреттіліктер** -киім тарихындағы түрлі елдердің киім үлгілерінің өзіндік құнды

орі кемшілік тұстарын керіп, оны бағалай білуге дағдыландыру;

-киім стильдерінің айырмашылықтарын ажырата білуге ептілігі мен дағдысын жетілдіру;

-киім үлгілерін бейнелеуге, суретін салуға шеберлігі мен дағды-сын жетілдіру.

VI ғасыр соңында Араб түбегінде көшпелі және тұрақты ха-лықтар арасында рулық қауым ыдырағт, феодалдық қатынас орналаса бастады. VII ғасырдың басында қауымдастықтар бірігіп мемлекет құрды. Орталығы Мекке қаласы болды. Бірнеше он-жылдықтар ағымында арабтар өздерінің үлкен аймағын: Индия жазығымен Атлант мұхитына дейін, Сырдариядан Нил жағалау-ына дейінгі жерлерді жаулап алған. Арабтардың қол астында: Сирия, Палестина, Египет, Судан, Тунис, Марокко, Испания, Рис, Турция қалды. Міне, осылай IX—X ғасырға дейін өмір сүр-ген араб халифаты құрылған. Мемлекеттің астанасы Сирияда-ғы Дамаск қаласы болды.

Араб халифаты өмір сүрген кезде оның мәдениетінің өсігт дамығанымен, мемлекет құрамына енген елдердің ежелгі модениетімен қатар дамыды. Ал өнердің ішінен ерекше дамы-ғандары архитектура мен көркемөнер: шұқымалау, фили-грань, көзешілік, әрлеу, мата тоқу, кілем тоқу т.б.

Өте ертеде арабтарды бейнелеу ассириялық және египеттік рельеф суреттерінен көруге болады. Мұсылман дінін қабылдау-ға байланысты ислам адам суретін бейнелеуге, өнерде қолда-нуға тыйым салынады. Сондықтан да адамдардың шын бейнесін емес өздері идеал тұтқан бейнесін суреттерде, кітап жазу, мұра қалдыру кезінде бейнелеп отырған. Арабтар мұсылман дінін өте қадірлеп, қастерлеп, дінді өте қатты сақтаған. Тек әйелдері ғана емес, ер кісілері де содан аса инабатты, сыпайы көрінеді.

### **Сұлулыққа құштарлығы**

Ортағасырлық арабтардың өмірі өте бір тамаша ескерткіш-ертегілер жинағы «Мың бір түн» кітабы адамзатқа қалдырыл-ған тамаша мәдени мұра. Бұл кітап арабтардың нағыз эстети-калық сұлулық идеалының жинағы немесе басқаша айтқанда,

өмірінің энциклопедиясы деп атаса да болады. Икемді, әсем бұрым, аппақ тегіс бет «он төртінші түндегі ай секілді; ұзын қара және қалың қастың астында қарақат көз, бетінде қалы бар өте бір әдемі образды, ертегі бейнесін Шаһаризада біздің көзімізге елестетіп көрсетеді.

К.Маркс маврлар туралы өте бір қызық суреттемені (яғни Испанияда тұрақталып қалған арабтар) Алжирден қызы Жен-ниге жазған хатында береді:

«Олар орташа француздан бойлары ұзын, беттері сопақтау келген, мұрыны күстүмсықты, көздері үлкен және жайнап тұра-ды, шашы мен сақалдары қара, ал өндері әр түрлі. Ақшылтым түстен қап-кара түске дейін табылады. Ал олардың киімі, тіпті ең кедей дегеніңнің өзі әдемі және сұлу керінеді. Қысқа шал-бар, жамылғы (мантия немесе тога секілді — өте жұқа ақ жүн матадан тігілген) немесе сулық (капошонымен), басты бүркеу үшін (қолайсыз ауа райында, өте қатты ыстықта т.б.) тюрбан қолданады немесе ақ муслиннің кішкене болігін беліне буып белдік етіп байлайды. Әдетте, олар жалаң аяқ жүреді. Тек суық кездері сары немесе қызыл сафьяннан тігілген туфлилер киеді. Ең кедей мавр «киімді шаршаулау өнерінде» кез келген еуро-палық актерден басып озады. Сонымен қатар ол өзін өзі өте одемі, сыпайы, жомарт, жаратылысынан хақ екенін көрсетуімен ерекшеленеді». Мұнан біз арабтардың ислам дінін мақұлдап осы дінге сай киім кию, езін өзі ортада ұстап, құдайға



күлшы-лық жасауда да олардың сұлулыққа, өсемдікке деген эстетика-лық талпынысын байқаймыз.

### **Мата түсі мен өрнектері**

Ертеде араб елді мекенінің өсімдікке тапшы болуынан киім тігіп, қолдануына мал шикізатын - тері, жүн, түйе және қойдың үлпек немесе түбігін пайдалануына тура келді. Тек кейбір оңтүстік өңірлерінде ғана мақта өсетін жерлерде өсімдік тал-шығынан мата дайындады. Ортағасырлық дәуір өзінің өте жоғары мәдениетінің дамуымен ерекшеленеді. Оған мата тоқып өндіру, талшықтардың түрлілігін, түс үйлесімділігін және өрнектелуін айтуға болады. Кең көлемде жібек, жоғары сапа-лы жүн, кенеп, мақта маталарын пайдаланды. негізінде ежелгі көркемөнер мәдениетін сақтай отырып, әлемдік деңгейге кетерілді. Өте ерте кезде маталарды қиялдан шыққан өрнектермен безендіріп, күс, андардың бейнелерімен әшекей-леп бояған. Бірақ діннің сол кездегі тыйымына байланысты, атап айтқанда, тірі жан-жануар, адамдарды бейнелеуге болмай-тындықтан, ою-өрнектер түріне өзгерді. Жаңадан жұқа геометриялық немесе өсімдік тектес өте жіңішке сымға тартылғандай жолақ тектес, араб жазулары жазылған халифатты насихаттап мадақтайтын сөйлемдерді мата бетіне тусіретін өрнектер шықты. Оны матаға түсіру өте күрделі гобельндік техниканы немесе тігіс жапсыруды керек етті. Ал тегістеліп боялған маталар өздерінің түс үйлесімділігімен көздің жауын алды. Олар түстерді тартымды көрсету үшін әр түрлі реңкте қолданып, жарқырата бояды. Мысалы: қызыл, алтынды-жасыл мен ауа көк жасыл-мен, сарымен, көкпен, қарамен, ақпен немесе шымқай ақтың таза өзін де қолданды.

### **Ерлер киімі**


Ертедегі күм тұрғындар-бедуиндер жеңсіз көйлек немесе жеңі бар, ұзын, кең, тобыққа жететін 2 бөліктен тұратын және де тек иық түсі тігілетін, бүйір жағы ашық болып келетін кейлек киді. Көйлекті бел тұсынан белдікпен немесе баумен байлап жүрді. Сыртқы киім ретінде аббас-сулығы қолданылды. Ол дөрекі қой немесе түйе жүнінен, өдетте сары қара немесе сары ала көк жолақтар ретінде болды. Жамылғы Аб-бас (15 а,б) алдынан тілінген және ашық беті төмен қараған, бас шығу үшін ойындысы бар мойын және қол шығу үшін жең ойындысы бар өте кең қап сияқты киім. Қысып байланған бас орамал және ағаш не тері қалыпты сандал киім үлгісін толықтырады. Күрғақ және қапырық климат арабиялық шөлдің өте ертеде-ақ ер кісілердің және ойелдердің осылай киінуіне мәжбүр етілген. Сыртқы түріне қарай ол тертбұрыш-ты мата (ақ немесе көгілдір түстес), жан-жағынан бахрама-мен тігілген. Таспа бауы бар жамылғыны маңдайға жабыстырып, қалған бөлігін иықтан асырып, артқа тастап, арқаны жауып тұрды, ал кей жағдайда бүкіл денені жабатындай етіп тігілді.

Жаулап алу кезеңінде (VII—IX ғ.) арабтар өздеріне тәуелді халықтан өз киім үлгілеріне қажетті үлгілерді алып отырған және осылардың ассортименті арабтардың киімінің пішімін байыта түсті. Шалбар киімнің негізгі бөлігі (Азия елінен алған) болып саналды. Азия мен Египетте арабтар шалбармен қатар ақ кенеп, мақта, жібектен тігілген ұзын және кең жеңді көйлек, ою-өрнекті кафтан және жұқа шәліден белбау тағынып, сыртына алды ашық халат, қажет кезде

айқастыра жабу-ға болатын және құшақпен белі буылған киім киді. Көбінесе киім үлгісін конус пішіндегі бас киім - чалма толықтырып отырды. Ал аяққа бірден 2-3 пар (қызыл, сары т.б. түсті) түмсы-ғы үшкірленіп тігілген, бас жағы бүралған сафьяннан аяқ киім киді. Ал зергерлік тағыншақтардан өте бай сәнделген, қыны бар пышақ, тағыншақ ретінде жүзік, сырға, аяқ немесе қол білезіктер пайдаланды.

#### Әйелдер киімі

Әйел киімінің ассортиментіне кең, ұзын, көйлек, шалбар, бас жамылғылары, орамал, халат, белдік-шарфтар және әр түрлі зергерлік сәндік бұйымдар кірді. Араб әйелдерінің киім үлгісі өте әдемі болып ақ, түрлі түсті матадан тігілді, шалбар өте кең әрі жұқа жібек немесе мақта матадан тігіліп балақ тізеге байланып тобыққа дейін түсетіндей етіп тігілген. Көйлек ұзындығы тізеге дейін жететін. Сыртынан алды ашылатын кафтан, көкірек және бүйір тігістері әсемделіп, екі жанынан тілік түскен. Ал бел тұсында шәлі белдікпен буылған. Ерлердің киіміндегідей сыртқы киім ретінде халат киінген. Әйел жамылғылары өте әдемі: ақ, қызғылт, қара, жалтырақпен сәнделген, кестеленген, алтынданған. Қазіргі кездегі араб киімі тарихи үлгілерін сақтап қалған. Мысал ретінде, Сирия әйел костюмін алуға болады. Әйел (15 г-сурет) киімі кең және ұзын қатпарлы юбка-дан және көкірекке қымтылып жабысқан кеуде бөлігінен тұрады. Юбканың етек жағына ақ немесе түрлі түсті алжапқыш тігілген. Ал басына чепчик тәрізді бас киімді жібек, алтын және күміс жіптермен кестелеп тіккен, кейде алтын тиындармен сәндеп, әшекейлеген. Чепчик үстінен түрлі түсті не ақ орамал беттің төменгі жағын жауып тұратын.



Хама әйелдері нығыздап торланған қызыл, сары, қоңыр түсті матадан көйлектер киді. Юбкасы кең, атка мініп жүру-ге ыңғайлы (15 б). Бел тұсы қатты жалпақ полотналық белдікпен буылады. Ол әрі дорба, қалта рөлін атқарып отыр-ды. Ал басына ұлттық салт-дәстүрге сай орамалдарды баста-рына тартты. Салт-дәстүрін көрсететін ұлттық киімінің негізі түрі бо-лып көрінетін әйел киімі — хауран әйелдерінің киімдерін ай-туға болады (15 в-сурет). Ол табиғаттың қатаң жағдайларына бейімделу барысына байланысты қолданады. Кең ұзын көйлек-жейде, қара немесе көк түсті, тюрбан секілді бас киім астынан арқаға және көкірекке төмен жамылғы жамылды. Ол егістік алқаптарда жұмыс істегенде шаңнан қорғайды. Мойындағы ұзын алқа өте ертедегі тиындардан тұратын. Білектеріне күміс және алтын білезіктер киді, сол аяғында екі қоңыраулы білезік, басына күміс тиындармен, маңдайға түсіп тұратын әшекейлер тақты.

## **Тақырыбы: Үнді халқының костюмы**

**Құзреттіліктер** -киім тарихындағы түрлі елдердің киім үлгілерінің өзіндік күнды

орі кемшілік тұстарын керіп, оны бағалай білуге дағдыландыру;

-киім стильдерінің айырмашылықтарын ажырата білуге ептілігі мен дағдысын жетілдіру;

-киім үлгілерін бейнелеуге, суретін салуға шеберлігі мен дағдысын жетілдіру.

Индия табиғаты өте әсем тропикалық ай-мақтардың бірі болып табылады. Бұл мемлекетте ешқашан қар жаумайды. Халықтар табиғаттың осындай қолайлығының нәтижесінде, ол басқа мемлекеттерден алдыңғы қатарда. Мұнда джуд өсімдігінің талшықтарынан қатты маталар, арқан жасала-ды. Сондай-ақ мақта өсіруден де жақсы нәтижеге жетті. Дүние жүзіндегі елдердің ішінде Үнді мемлекеті мақта өсіруден үшінші орында.

Табиғи және географиялық жағдайға байланысты мұнда түрлі мәдени дәстүрлер қалыптасқан. Солтүстік Индия халықтары қысқы салқын ауа райына байланысты жүн және тері аяқ киімдерді пайдаланады. Ал тропикалық аймақ тұрғындары көбіне жібек және мақта маталарын қолданды. Қазіргі уақытта Индияда бірнеше ондаған миллион халық (маратха, бенгаль-дықтар,тамил, меннага гуджарагтықтар, нага, бхилдар және т.б.) тұрады.

Әрбір халықтың дүниеге езілдік көзқарасы мен өмір сүру ерекшеліктері байқалады. Мысалы: тамил халқының әйелдері сари, меннага халқының әйелдері бастарына тағатын қауыр-сынды диадемасы, үнді аралының тұрғындарының белшалғы-лары, Раджастхан штатындағы сәнді киім үлгілерінің барлығында да халықтың қанық, ашық, контрасты және сәндік әше-кейлерге деген құштарлығын байқаймыз.

Үнді халқының киім пішіміне қарай екі түрге бөлуге бола-ды. Қолжазбаларға қарағанда жаңа дәуірде үнді әйелдері мен ерлері денесіне тұтас маталарды шаршаулау арқылы аяқтарын бүркеп, костюм формасын шығарған. Біздің дәуіріміздің IV ғасы-рынан бастап әйелдер мен ерлер киімінде айырмашылықтар байқалады.

Үнді мемлекетінде ежелден бастап-ақ қолонер жақсы дамы-ды, атап айтсақ: сурет, көзешілік, зергерлік өнерлері. Аталған барлық өнер түрлері дәуір өткен сайын өзінің бастапқы қал-пынан әлдеқайда өзгеріп, айтарлықтай жетістіктерге жетіп отыр-ды. Әсіресе көзешілік бейнелеу өнері жақсы дамыды. Бұл өнер түрлері бүгінгі күнде де дүние жүзі сауда аренасында жоғары бағаға ие. Киім үлгілеріне де бұл өнердің көп көмегі тиді.

Бейнелеу өнерінің киім үлгісіндегі орны ерекше байқалды. Ашық түсті маталарға гүл түсірді немесе жануарлардың суреттерін өте әсем бейнеледі, сонымен бірге бұл өрнектер өзіндік мағынаға да ие болды.

Біздің д.д. I ғасырда Орта Азияны шак жоне кушан тайпала-рының басып алуына байланысты Үнді халықтарында тігілген киім үлгісі пайда болады. Олар жамылғы мен енсіз штан, ұзын жеңді көйлек және қамзолдар, ал VIII ғасырдан бастап Үнді еліне мұсылмандар ене бастайды. Әсіресе елдің солтүстік бөлігіндегі халықтың мәдениетіне, тұрмыс салтына, киім үлгілеріне едәуір өзгерістер жасайды. Бұл процесс XVI ғасырға дейін созылып, елдегі екінші діни бағыттардың бірі болып са-налады.

Алғашында киімнің қалыптасуына этикалық қағидалар әсер етсе, мұсылмандар келген соң киімнің қалыптасуына діни көзқарастар әсер етті. Мысалы, үндістер бұрынғысынша тігілмеген дхоти және сариді пайдаланса, ислам дінін қабылдағандары тігілген костюмдерді пайдаланды. Ерлер мен әйелдердің арасындағы кеп тараған киімдердің бірі болып макта матасы-нан жасалынған, сөнді, ұзын жевді, еркін пішінді койлек -күртеше саналды. Сондай-ақ ерлердің шалбары әйелдердің шал-барына ұқсас болды. Оны «шутхна» немесе «чуридара» (чури — білезік) деп аталды. Үнді еліне тері аяқ киімді мұсылмандар енгізді. Бірақ олардың аяқ киімдері өкшесіз, сіресіз тігілді

### **Сұлулыққа құштарлығы**

Үнді елі әйелдері көбінесе сөнді, әсем киінуге, орі киім озірлеуге арналған мата түрлерін бояуға ерекше көңіл болген. Олар әсіресе ашық түсті киім үлгілерін озірлеуде ерекше жетістіктерге жеггі. Әйелдері Б.д.д. II ғ.бастап Үнді елі макта маталарын пайдалануда ерек-ше жетістіктерге жетті. А.Македонский заманында Үнді елі шеберлерінің тоқыған мата шеттеріндегі көк немесе қызыл-сары жолақты мата «ағынды су», «түнгі тұман» деген сияқты мағына білдірді.

Үнді мемлекеті мата шығаруда ең алғаш рет қол жеткізген мемлекеттердің бірі болып саналады. 1290 жылы Венецуола-лық саудагер Марко Пола өзінің естелігінде былай дейді: «Ин-дия мемлекеті - мата шығаруда ерекше көзге түскен елдердің бірі. Олар матаны бояуда, киім әзірлеуде, оны сәндеуге ерекше көңіл бөледі. Олардың киімінің түсіне қарап, байлығын, дәулетін ерекше назар ауда-рылды. Олардың киім киюіне қарап барлығында король деп ойлап қалу ғажап емес».

### **Әйелдер костюмі**

Әйелдер киімі де ерлер киімі тәрізді бірнеше киім түрлерінен тұрды. Әйелдер костюмі өзгерістерге ене отырып, уақыт өткен сайын олардың әсемдікке құштарлығы арта түскендігі байқал-ды. Үнді елі әйелдерінің киімі сари. Ол жаулық есебінде бас бөлігін тұтас жауып тұрды, ерлер киіміндегі дхоти сияқты кеу-де бөлігін айналдыра отырып бір иыққа дейін жететіндей етіп әзірледі. Сариді әзірлеу барысында оған түс беруге ерекше көңіл бөлген (16 б). Алғашында сариді біртүсті матадан дайындады, әдетте оның өлшемі 5,5x1,15 м етіп алынды. Ал Гуджарат шта-тында сариді 4 метрге дейін қысқартса, керісінше, Матхья-Пра-деж штатында сари матасының ұзындығын 9 метрге дейін ұзарт-ты, Махараштра штатында ол 10 метрге жеткізді. Себебі, бұл елдің әйелдері ат үстінде жүріп соғысқа қатысты. Бай әйелдер қымбат әрі ауыр паршадан немесе өте жеңіл әрі жұқа газ мата-сынан киім киді. Тұрмысы орта әйел гардеробында 80-100 сари болды. Дегенмен, екі бірдей бір-біріне ұқсас


сари киген Үнді әйелдерін кездестіру қиын. Сонымен бірге саридің түсіне қарап, оның тұрмыс жағдайын білуге болады. Сарвді жібек немесе мақ-та маталардан әзірледі. Олардың түстері жасыл, көгілдір, сары, көк болды. Сариге майда өрнектермен суреттер салды. Сари-мен бірге әйелдер киімінде холи кофтасы болды. Ол қысқа жеңді, арқасынан түйреліп қоятын кофта, ол айтарлықтай ұзын бол-мады. Холи киімі сари тәрізді ашық түсті маталардан әзірленеді. Үнді әйелдері өте осемдікке құштар жандар болып саналады. Әсіресе олар үнемі бет әлпетін бояулармен бояп, әдемілікке талпынды. Олар шаштарына түрлі тастардан, гүлдерден әше-кейлеуге ерекше көңіл бөлді.

Орта ғасырларда Үнді елі киіміне көптеген өзгерістер енді. Киімді алтын тастармен, қымбат, бағалы заттармен әшекейледі. ХҮІІ-ХІХ ғасырларда ашық түсті құс суреттерімен әшекей-леуге ерекше назар аударды. Оларды мехтан және тибет ешкілерінің түбітінен тоқыды. Құс суретін әзірлеумен бірге түрлі гүлдерді салып мата тоқу дәстүрге айналды.

Қалыңдықтың киімін қалыңдық денесіне салынған түрлі әшекей суреттері мен тағыншақтары толықтырып тұрды. Қалыңдықтың маңдайына «тика» немесе «тилак», «менду», «потту» белгісін салды. Сондай-ақ қалыңдықтың қолы мен аяғын хнамен өрнектейді. Бұл күрделі символдық ою-өрнектер қызды түрлі нәрселерден сақтайды және бақыт әкеледі деп са-наған. Мұрындарына сақина тақты, солтүстік елді мекенінде бұл сырғаны мұрынның сол жағына тағып жүрді. Ал оңтүстіктегілер оны түрліше етіп тақты. Сондай-ақ үнді қалың-дығы қолына және аяғына білезіктер мен сақиналар, белдеріне белдіктер, мойындарына моншақтар тақты. Таққан алқаның өзі түрліше мәнге ие болды. Мысалы, мангус және тирумангальям тағыншақтарын тұрмысқа шыққан әйелдер тақты. Бұл тағын-шақтарды ерекше қорғап, жанұяда бақыт океледі деп санаған. Сондықтан да үнді әйелі бұл тағыншақты тек өлгенде ғана шеш-кен. Сонымен қатар бүкіл дүние жүзі елдеріне мұнда жұқа шәлі, шалбар, газ жамылғысын алтынмен, күміспен кестеленген пар-ша матасын шығарып отырды.

### **Ерлер костюмі**

Ерлер костюміне келер болсақ,, олар жоғарғы жағына дхотк, яғни көйлегін киді. Дегенмен ертеде Үнді елі ерлері жоғарғы жа-ғына еш норсе кимеген. Ал төменгі жағына дхоти орамалын орап жүрді. Ерлер чалма және рупан сулығын пайдаланды (16 а). Чалма матадан әзірленіп, бірнеше рет басқа орап, біздің сәлдеміз сияқты етіп, бас киім ретінде пайдаланды. Атт руттян кеуде тұсын жасы-рып тұратындай етіп әзірленген қынамалы желет. Ерлер мойын-дарына алқа, қоддарына, аяқтарына білезіктер тағып, үстіне каф-тан, бұттарына штан, аяқтарына сандал киді.



16-сурет. Үнді костюмі

Қоғамның даму сатысына байланысты ерлер киіміне өзгерістер еніп отырды. Дхотидің ұзындығы 5 см-ге жетті, оның жоғарғы бөлігіне ұзын көйлек және қысқа күртеше киді, бас-тарына көгілдір немесе сары, қызыл, ашық түсті чалма пайдаланды. Аяқтарына түрлі тастардан жасалған сәндік бұйымдарды тағуды дәстүрге айналдырды. Сулық көбінесе драп мата-лардан дайындалды.

### Тақырыбы: Қытай костюмы

Ежелгі Қытай елінде б.э. дейін II ғасырдан бастап «Ұлы Жібек» жолы саудасы басталды. Коптеген керуендер «Ұлы Жібек» жолымен Қытай елінен қымбат жібек маталарды Еуро-па елдеріне қарай тасыды. Мысалы, Ежелгі Римде жібектің әр шаршысына алтынмен төлеген.

Қытай елінің халқы негізінен жер игерумен айналысқан. Им-ператордың өзі әр кектемде үш қайыңнан отырғызған. Халық-тың өлеуметтік экономикалық даму ерекшелігі және оның та-биғатты философиялық тұрғыда танып білуі нәтижесінде, оның қытай костюмінде ою-өрнектер арқылы белгіледі.

Ғасырлар бойы әсемдік жоніндегі пікірлері түрліше қалып-тасты. Ер кісілер кейпі түйықтылық пен сыпайы қимыл-қозғалысты, әрі жеке басының сапалылығын, яғни білімділігі мен нәзік қабілеттілігімен бағаланады.

Әйелдерге деген көзқарас түрліше болды. Мысалы, VIII ғасырда Таң кезеңінде толық, дөңгелек жүзді қыздар сұлу деп саналса, кейінірек әйелдердің құнды тұстары ретінде нәзіктілікті санап, қолы, аяғы кішкене, жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы ұстамды әйелдер имиджі жоғары бағаланды. Табиғаттың жаратқан бидай өнді түстеріне қарамастан, аққұба, қызылшырайлы әйелдерді ұнатты, сондықтан сәндік косметикада әйелдер пуд-ра мен румянаны тұрмыста кеңінен қолданды. Көптеген әйел-дер аяқтарының өсіруін тежеу үшін, башгтайларын мықтап бай-лап, сұлулық үшін өздерін құрбан етті.

Қытай елі — жібектің шыққан жері. Ертеде жібек матадан киім киген адам түрлі аурулардан айығады деген жорамал айтқан.

Жібек матасының тығыздығы мен кедір-бүдірлігіне қарай бірнеше түрі шығарылды: парша, тығыз жібек, біртүсті өрнекті жібек. Мата тығыздығы мен фактурасына қарай да жібек мата-ның көптеген түрлері шығарылды. Олар - түрлі түсті өрнекті жібек, жұқа газ жібек. Мата суреті халықтың өмірге, табиғатқа терең мағынаны білдіретін, күрделі формалы қиялдан шыққан айдаһар, күстар, жарқанат, көбелектер, кара өрік немесе лотос гүлдері. Ежелгі қытайлықтардың пайымдауынша өмірдің ба-сында екі бір-біріне карама-қарсы күштер: аспан мен жер тұра-ды деп есептеген. Осыған орай қытай колөнерінің ою-өрнектерінде толқындар, бұлт жолақтары және спиралдар күркіреп жауған жауын мен шақпақ атқан аспан символын бейнелеген. Ал калың кара бұлт арасында от шашып жүрген айдаһарды жауынның әміршісі деп санаған.

Түстік символды ежел-де маусымның ауысуына орай түрлендіріп отырған. Мысалы, жасыл түс — көктем мен жастық шақ; қызыл — жаз бен отты; сары — бидай піскен кезді білдіретін жер түсі деп са-наған; ақ түс — ақ күріштің піскен кезі деп санаған. Сонымен қатар ақ түс - батыс түсі, онда күн ғайып болады деген тұжырым жасап ақ түсті қайғылы кезеңдерде киетін болған. Қара түсті қыстың символы ретінде санады, себебі қыста айналаның бәрі қап-кара болатын, жылдың ең бір караңғы мезгілі деп сана-ған. Қара түс пен қызыл араласқан суретті сюан — караңғы-лықтан шыққан жарық деп түсінген. Орта ғасырда түстердің осындай символдық жіктелуі сақталғанмен, әлеуметтік жағдайға байланысты мынадай өзгерістер болды: сары түс импе-ратор түсі, қызыл — жоғары елбасылар, онан соң жасыл, көк, ақ түстер қоғамдағы орындарына сай арнайы түсті киім киетін болған.

Ерте кезде Қытай костюмдері (әйел мен ерлер) ұзын шал-бар мен кең қауырсырмалы жейдені, солдан оңға қарай қаусырылатын қаусырмалы халат болды. Манжетті жеңнің төменгі бөлігі қап тәрізді болып тігілген. Әйелдері және бай кісілері шалбар үстінен ұзын плахта киген (20, 21-сурет). Ритуалды костюмнің түсі, формасы, өрнегі терең символды мағынада бейне-ленген. Мысалы, императордың ри-туалды костюмінің түсі аспан симво-лын бейнелейтін кара мен қызыл түстердің үй-лесімділігін тауып, күн, ай, жұлдыз бен таулардың бейнесін өрнекте-ген, плахта — жердің символы — оны сары-қызыл түсті бидай суретімен бейнелеген. Императордың басына киген бас киімінің, дөңгелек пен тортбұрыш пішімі (аспан дөңгелегі мен жердегі шаршының бір-бірімен үй-лесімділігі), кара мен қызыл түстері (нефрит моншақтары жаңбыр тамшысын бейнелеген) символдық мағынаға ие. Ол киімнің алды-на әшекейленген алжапқыш тақты (19-сурет).





20-сурет. Қытай ерлерінің костюмі



21-сурет. Қытай әйелінің костюмі


Орта ғасырда ерлер костюмінде жейде мен плахта орнына бүйір тұсы айыр ұзын халат киеді. Салтанатты мерекелік халаттардың түсін, өрнектерін, әшекейлерін өзгерту арқылы киімнің құндылығын арттырды. Қытайлықтардың аяқ киімдері сабаннан жасалған жеңіл туфли болды. Әйелдер киімінде бұрынғысынша жейде мен плахта кеңінен қолданылып, тек оның сәндік әшекейлерін, түсін өзгертіп киді.

XVIII ғасырда қытайды манчжурлар басып алған соң, ерлер халаты шамалы қынамалы, жендері қысқарып, тұяқ пішінді манжетпен әшекейленді. Халаттың сыртынан қысқа, бірақ енді жеңі бар көк, сия көк немесе қара жібек жейде киді. Кеуделеріне тортбұрышты кестелі немесе бастырмалы өрнектермен кестелеу арқылы символдық буффан - тұтынушының қоғамдағы орнын білдіретін болды. Әйелдер киімінде ұлттық, дәстүр сақталып қалады, яғни қысқа екіжақты қаусырмалы, кең женді жейде киді. Плахтаның алдыңғы және артқы бөлігінде тортбұрышты кестелі әшекей, бүйір тұсында сәнді қатпарлар түсірілді. Цин кезеңіндегі ерекшелік, әйелдер мен ерлер костюмдеріне қосымша ретінде өте сәнді әрі қымбат жамылғылар пайдаланылды. Әйелдер мен еркектердің шаштары өте алуан түрлі етіп сондеді. Маньчжур кезеңінде еркектер шаштарының алдын алып тастап, артқы жағын өріп қойды. Әйелдер шаштарын шпилькалармен қыстырып, оны қымбат тастармен безендірді.

Қытайлықтар аяқтарына матадан, сабаннан қалың табанды, жеңіл аяқ киімдер киген.



19-сурет. Қытай императорының костюмі.  
12 қатпарлы нефрит моншақты –  
мянь бас киімі. Си – аяқ



18-сурет. Қытай әйелдерінің сәнді көйлегі



17-сурет. XIX ғ. Қытай аяқ киімі

## **Тақырыбы: Жапон костюмы**

Жапония мәдениетіндегі барлық заттар және қоршаған орта әлемі бір-бірімен тығыз байланыста болады. Жапондықтардың дәстүрлі тұрмысындағы тұтыну жиһаздары, гүл шоқтары, таза ауа әрқашанда қандай да бір жыл мерзімінің мәнерін, қожай-ынның көңіл күйін көрсетеді. Әрбір зат өзінің өзіндік ерекшелігімен және үй ішіндегі басқа да заттардың үйлесімділігімен «өмір сүреді» және олармен көркемдік ансамбль құрайды. Осы арқылы жапондықтар әрқашанда тек көріктілігімен, незіктілігімен бағаланып қана қойған жоқ. Сонымен қатар түр түстің каталдығымен және мата суреті, сы-зықтары мен киімдегі қатпар-бүктемелімен де бағаланды. Бір жағынан олардың табиғаты, жаратылысы арқылы әрқашанда жоғарғы үлгідегі сәнділікке бағдарлайтын талап әсер етеді.

Ежелгі Жапония тірі табиғаты мен әрбір ғажап тастар, иілген ағаштар мен сылдырлаған жылғалар рухани күдіретті бейнелейтін мата суреттерімен қолөнер бұйымдарының, материалдарында өз көріністерін тапты. Суретшілер табиғи талшықтың сапалығын ескеріп орі оның әсемділігін, көрінісін эстетикалық талаптарға сай киял-ғажайып суреттерімен өрнектелген мақта мен жібек материалдарының өзіне тән сәнділігін айқындай түсті.

Жапон өнеріндегі классикалық стильдің дамуы түгелдей фео-дализм дәуіріне келеді, сонымен бірге басқа да Шығыс елдерінде ұлттық мәдениеттің қалпыптасқан уақыты VII ғ. ортасынан XIY ғ. басына дейінгі кезеңді қамтиды. Жапония кішкентай ғана мем-лекет. Ол — табиғаты керемет, теңіз толқыны мен жер сілкінісі болып тұратын рельефті ел. Жапондықтар үшін мынадай мінездемелер беріледі - азды көптей көру. Қиын, әсем сурет түрлерімен нақышталған мата жапондықтардың ұлттық киімінде қолданады.

Жапондықтардың, ұлтық костюмінің тарихы мын жылдан бері қалыптасып келеді. Ежелгі Жапонияда белбеулі: ерлер — «хакама», әйелдер — «мо» киімін пайдаланды.

Хакаманы киген-де сыртқы көрінісі кең әрі ұзын бақайға дейінгі белдемшені еске түсіреді. Оның алды мен артқы жағы екі бөлек пішілген, қиық артқы бөліктің ортасынан түсірілген қатпарла-ры бір-біріне қарама-қарсы орналасқан. Хакаманың алдыңғы жағынан симметрия-лы бір жаққа қарай бағытталған үш қат-пар жүргізілген, олар біртіндеп төменгі жағына қарай кеңейтілген. Жапонияның әйелдер мен ерлер киімі эстетика-лық талғамы жағы-нан қарама-қарсылық көрініс береді. Ол тұлғаның түр-лерін қайталамай, сахнаға қиетін киімдер сияқты кө-рініске ие болды.

Түр, түс, нақыш-тар костюм пропор-циясында сақталды. Тек шаруалар киімінің пропорциясы тұлғамен байланыс-


ш оолды. Халықтардың дәстүрлі киімі хакамен бірге «хаори» күрткесі қолданылды. Хаори киімінің етегіндегі жырығы то-быкка дейін түсірілді, ол киім иесінің еркін қимыл-қозғалы-

сына қолайлы болды. Күнделікті киетін хаори — қанық түсті жібек түсті матадан әзірленді. Конструкциясы туника үлгісінде кең женді, жең ойындысы тіке сызықты, астарлы етіп дайындалды.



22-сурет.  
Қыздардың  
сәндік аяқ киімі

23 а-сурет. Сахналық костюмі  
1795 ж.



23 б-сурет. кимоно пішімі

Шығыс елдеріндегі қағидалар секілді жапондықтардың костюмінде тұтынушының жасы, беделі, қызығуы, байлығы, жеке бастың талғамы жөнінде ақпарат берді. Ертеде киімдегі түстік қатынастардың 200 түрі заңға сәйкес реттеліп отырды. Бірнеше

ғасыр өтсе де бұл ережелер мен этикеттер киім мата-сынын түсі мен суретін жыл мезгілдерінің ерекшелігіне байланысты арнайы заңдылықтарға сай дайындалды. Мысалы, қыстық киімдер түріне «қара өрік гүлінің түрлі реңдерін» пайдаланып тысы ақ, астары қызыл киімдерді тікті. Наурыз және көкек айларында астары кек мата бетіне лаванда гүлі өрнектелген кимоно киді. Жаз айларында астарсыз кимоно киімін киді. Киім матасының өрнектері сол

киімді пайдалану мерзіміне сай болу жағын ескерді. Мысалы: қыс немесе күз айларында шие гүлі түскен кимононы ешбір жапондық кимейді.

Киімнің оң жақ және сол жақ бөліктеріне өте кеп көңіл бөлген. Жапондықтар киімнің сол жақ бөлігін өмір деп санады, ал оң жақ бөлігін өлім санады. Сондықтан да олар өлген адам-ның үстіне киім кигізгенде оң жақтан сол жаққа қарай қаусырып киіндіреді.

IV ғасырдан бастап Жапон еліне Қытай елінің заңы, діні (буддизм), сәулет, сұңғат өнері, этикет пен костюм үлгілері енді. XIII ғасырдан бастап Нара астанасында барлық сарай адам-дары ашық қытай өрнекті киім үлгілерін кию жөнінде нұсқау берілді. Ерлер денгелек тік жағалы, бүйір сызықтары қиық, кең женді, еркін пішінді ұзын көйлек киді. Бүттарына жалпақ белдікті шалбар, ал аяқтарына ұшы үшкір етік киіп жүрді. Әйелдер V секілді қиығы бар кимоноға ұқсас көйлектерді қолданды.

XVI ғасырдың басында ерлер мен әйелдер бір ауыздан «ко-содэ» киімін киді. Ол осы замандағы алғашқы кимано болды. Косодэ-кең, кішкене тіке жағалы, еңсіз женді халат. Бастап-қыда оны ішкі киім ретінде пайдаланса, кейінірек XVI ғасырда сырт киім ретінде пайдаланылды.

Кимоно жапондықтардың, ұлттық киімі болып саналады. «Кимоно» сөзі XVII-XIX ғасырда Жапонияда кеңінен жайылған. Өзінің шығу тегі мәнерінде «Киру моно» — киілетін деген мағынаны білдіреді. Ол барлық киімдермен, мерекелік болсын, күнделікті киетін киімі болсын, жұмыстық киімі болсын, барлығына қатысты болды. XIX ғасырдың соңында ол жапондықтарда сыртқы киім ретінде аталды. Жапондықтардың «кимоно» деген сөзі Еуропалық, «киім» деген сөзінің синонимі ретінде пайдаланылды. Жапон әйелдері мен ерлері классикалық киімге айрықша мән береді. Кимононың екі өлшемі бар: үлкендерге және балаларға арналған. Кимоно түзу сызық арқылы мата-ның арқау жіптерінің бойымен көлденеңінен пішіледі. Кимононың алды артқы бөлігімен иық тігісінде біріктіріледі, артқы бөліктің ортаңғы сызығында тігіс түсіріледі немесе тұтас пішіледі. Бүйір тігісі жеңмен қоса тұтас тігіліп жең шығарылады. Кимононы астарлағанда иық тігісімен жең түбі тігісі сәйкес болуы керек. Жеңі екі рет бүктеліп, жалған жамау кою арқылы жең аузы кеңейтіледі. Кимоно жеңінің жоғарғы жағынан қол шығару үшін қиық қалдырып тігіледі. Ілгеріде қиыққа жолақ матаны жапсырып, оны кеңейтіп тігеді. Әйелдер киманосы ерлердікіне қарағанда қолтығы мен жеңі әрқашанда өрнектеп тігілетін болды.

Жыл мезгілдеріне байланысты кимоно 3 түрге бөлінеді: жаз-ғы, астарсыз — хитоэ; суық кезде киетін тұтастай жоғарыдан төмен қарай астарлы — авасэ; қысқы кимононы мақтадан астарлап тіккен — жібек косодэ пайдаланды. Суық күндері жапондықтар бірнеше жылы кимононы бірінің үстінен бірін киіп алады.

Жапондықтар ұлттық киімдерін мынадай реттілікпен киген, бірінші бөксесін ақ матамен ораған, сонан соң ашық түсті ты-ғыз тоқылған «зюбан» халатын, оның үстінен халат, астыңғы кимоно, кейін мелдір әрі жеңіл матадан тігілген кимоно киген.

Салқын кездері хаори күрткесін кимоно сыртынан киіп, хао-ри жерге сүйретілмес үшін, көкірек астынан бантпен байланған. Кимононың белін белдікпен байлады. Жапондықтар асыл тастар мен моншақтарды, тағыншақтар мен сәндік заттарды күнделікті найдаланбай, оның орнына бант тәрізді белдікті кимоноға жарасымды етіп байлаған.

Ерлердің кимоносы еңсіздеу әрі майда ернекті матадан тігілді. Жапон киімдерінің бүкпелерінде көптеген ұсақ заттарды кол-гап, қағаз, кітапшаларды алып жүретін.

Кимононың бір түрі мен конструкциясы, мата бетіндегі әр түрлі үлгідегі нақыштарынан адамның атағын, мезгіл мен жапондықтардың кеңіл күйін байқауға болады. Мата гүлдерінен байсалдылықпен нәзік сезімді көруге болады. Олардан жыл мезгілдерінің әсем көрінісін — гүлденіп тұрған шие, еменнің қызыл жапырағы, бамбук, емен ағаштарының бұтақтарын көруге болады. Ерлер киімі міндетті түрде бір түсті және сұсты болып келді.

Жапон әйелдері XV ғасырға дейін шаштарын жайып жүретін болса, кейін шаштарын әр түрлі пішімде өріп, жинап жүрді. Күнделікті шаш пішімінің үлгілері күрделі болды. Шаштарына сәндік тарақша, ағаштан, бамбуктен, металдардан, маржан тастардан, тасбақа сауытынан жасалған түйреуіштер тақты. Шаш пішімі бұзылмас үшін арнайы қалыпқа бастарын қойып жата-тын болған. Жапондықтар бас киім орнына жауын-шашын не ыстық болған кезде бастарынан күн не су отпес үшін қолша-тыр ұстады. Серуендегенде, жұмыс істеген кезінде әйелдер ба-сына сабаннан жасалған кен, етектегі жолақты шляпа киді. Қыста капюшоны бар көйлектер киді.

Киім қалтасыз болды. Барлық керекті заттары белдіктеріне шағын «нэңке» грелкісімен байланып жүрді. Нэңке бастапқы-да таяқша не түйме ретінде қолданылса, XVII ғасырда олар миниатюрлы мүсін есебінде қолданылды. Жапондықтар шұлықпен бірге қысқа жібектен немесе мақта матадан табаны бар, әрі жүн матадан тігілген нэски киді. Онымен үйде де, кешеде де жүре беретін болды. Жапондықтардың ұлттық аяқ киімі «гэта» ағаштан орындық тәрізді етіп жасалынды. Ал «Дзорм» аяқ киімі — жұмсақ ұлтанды, аяғына белдіктер арқылы байланып қоятын болды. Жапондықтар үшін ыстық күндері аса қажетті нәрсенің бірі — желпуіш болды. Ол әдемі суреттермен не өлең жолдармен безендірілді.

**Тақырыбы: Византия костюмы**



25-сурет. Император костюмі:  
1 – далматика туника; 2 – саккос; 3 – лорум; 4 – стемма атты император тәжісі

Біздің заманымызға дейінгі 395 жылы құлдардың көтерілісінен әлсіреген Рим империясы Батыс және Шығыс болып екіге бөлініп кетті. Батыс бөлімі құлдарының бас көтеруіне байланысты ел әлсіреп, жабайы варварлар мен Гермонса, Галламен жаулап алынды. Шығыс өзінің қол астына алынған Египет, Сирия, кіші Азия, Греция сияқты мемлекеттердің басын құрай отырып, Византия империясы деп аталып, ол 1453 жылға дейін жеке мемлекет болып саналды. Византиялықтар өз державаларын Екінші Рим немесе ромер Империясы деп атады, сөйтіп өздерін ромерлерміз деп санады.

Византия антикалық Рим сияқты ескі мемлекеттік форма-лар мен бюрократиялық аппараттарды қолданды. Құдай жолы-на келетін болсақ, бұлардың діні христиан діні болды.

Ел ішінде христиан діні экономикалық және саяси жағынан маңызды болды. Бұл дін Византия мәдениеті мен енерінде шешуші рөл атқарды. Еуропа мен Азия, Шығыс пен Батыстың сауда торабының қиылысында орналасқан Константинополь діни, саяси, мәдени, сауда орталығына айналды. Тарихшы этнографтардың еңбектерінде Византия тарихын үш кезеңге бөледі.

Олар:

1) Алғашқы Византия (284—610 жж.) - Бұл кезеңге Рим империясының Шығыс пен Батыс (395 ж.) бөлінуі мен Солтүстік Африканы қосып алған уақытты атауға болады. Император мемлекет пен шіркеу басшысы болды.

2) Орта Византия (610-1025 жж.). Египет пен Орта Азия елдерінің бірқатары арабтарға қарады. Византия Шығыс Рим империясынан түбегейлі алшақтады (Ұлы Карл Римде император етіп тағайындалды).

3) Кейінгі Византия (1025-1453 жж.) - ішкі феодалдық құрылым, түріктер мен нормандардың шабуылы. Мұның бәрі Византия империясының әлсіреуіне әкеліп соқты. 1096 жылы крест жорығы оның қайта жаңғыруына кедергі жасады.

Төртінші крест жорығынан (1204 ж.) соң Константинопольды шабуылдап басып алып, бірнеше уақыт аралығында Византия империясы қайта құрылды. Дегенмен, ішкі әрі сыртқы әсерлердің нәтижесінде 1453 жылы Осман империясының сұлтаны Мұхаммед II басшылығымен түріктер Константинопольді қайта басып алды.



24-сурет. Византиялық патшайымдар

Византия мәдениетінде және эстетикалық көзқарастарда за-манның барлық қайшылықтары, ескінің бұзылуы және жаңа Қоғамдық қатынастардың жүйеге келуі көрінді, яғни антика ықла-лы, Шығыс дәстүрі және жаңа христиандық мазмұнға ие болды



Бұл уақыттың алдыңғы қатардағы өнер түрлеріне сәулет, монументальді сұңғат, бейнелеу мен мата тоқу, кестелеу өнері жатқызылды.

Византия шіркеулерінде сақталған мозайка, барельефтер, икона жазуы сол заман адамдарының костюмдерінің эстетика-лық идеалының жоғары деңгейін көрсетті.

### **Сұлулыққа күштарлығы**

Византиялық эстетика христиандық діннің қол астында болғандықтан сезімдік дүниені рухани дүниеден бөліп қарастырды және оларды бір-біріне қарама-қарсы қойды. Адамның сезімдік дүниесімен өмір бақи күресу керек деп санады. Бұдан шыға-тын қорытынды, сұлулық дегеніміз бұл құдайға деген жақсы-лық деп санады.

Антикалық сұлулықтың және адамның бет әлпетінің гар-мониясының орнына сұлулықтың жаңа түрі - рухани дүние деп саналды. Дене барынша әспеттелді. Суретшілер назарын адам бетінің бейнелеуіне болді. Адамның үлкен қоз, беті ат жақты, сезімнің барлық түрінен айырылған кішкене ауыз және кең маңдай әйел мен еркектің руханилығын көрсететін орта-лық болды, формасыз фигура барлық тірі табиғи пропорция-лар мен сызықтардан айырылады да, костюмнің орны ең ал-дыңғы қатарда тұрды. Онымен қоса, Византия мәдениетіне қарсы бағыттардың бірі шіркеу дәстүрімен байланысты руха-ни сұлулықты жариялаумен бірге, оның бақ-дәулетке құмар-лығын көрсетеді. Адамның сыртқы бейнесінде және костюмінде керемет қымбат маталарды, әшекей бұйымдарды, костюмді жо-ғарғы безендіруінде байқалды.

### **Мата түсінің үйлесімділігі**

Византиялық тоқымашылар жүнді, жібекті, дүриялы мата-ларды, керемет кілемдерді тоқу арқасында, олардың өнері VI ғасырдың ортасында жібек матаны өндіруіне байланысты өсті.

Византиялықтардың жасаған маталарының фактурасы әр түрлі болғанымен эластикалық емес, дөрекі ауыр болды. Мата беті металл жіптермен кестелеп, асыл тастармен безендірілді. Эстетикаға сай сурет және адам тұлғасының формасы да үлкен мәнге ие болды. Көбінесе ол әсемдік эс-тетикалық функцияны да атқаратын болды. Со-нымен, император және оның туыстарының киімдеріндегі бүркіт пен арыстанның бейнесі биліктің нышанын та-нытты. Бір костюмнің өзінде 600-ге жуық биб-лиядағы тақырып үзінділері бейнеленді.

Дін иелерінің киім-дерінде көбінесе алтын-мен кестелеу және то-қыма оюлар салынды. Киім матасының ор түрлі түстік үйле-сімділігі көрерменнің көзінің жауыш алды.

Сұлулық туралы жаңа пайымдаулар, эл-ластикалық емес, үлкен, тегіс, оюлы ма-таларды асыл тастар-мен сәндеу, жаңа киімнің дүниеге келуіне игі ықпал етті, соның ішінде ең жоғар-ғы орынды қарапайым пішілуімен адамның денесін озгешелен-діретін «футляр» алды. Бұл форма ең алғашрет Империя заманындағы Римде пайда болып, Византияда ары Қарай өз дамуын жалғастырды.

## **Ерлер костюмі**

Ер адамның негізгі киіміне туника, шалбар, палудаментум, пенула, лорум жатты. Өз атаулары жағынан олар Римдіктерден онша ерекшеленбеді, бірақ олардың көлемдері өзгеріске ұшы-рады. Костюмдегі драпировкалар мүлдем жойылды. Ал олар-дың қалған жерлерінде силуэтке және барлық адам денесіне цилиндрлі форма беретін антикалық пластиканы ауыр цилиндрлі фалдалар алмастырды.

Туника бұрынғы римдік ұзын, жерге дейін жететін жеңіл ту-никаға ұқсас болды. Туника пішілуі әр түрлі кластарда бір тип-тес болды, олар ездерінің ұзындығы мен мата сапасы жағынан ерекшеленді. Тізеден жоғары, қысқа туниканы тек кедейлер киіп жүрді. Византиялық римдік туниканы көбінесе онша ұзын емес, сызыктармен немесе кестелермен әшекейледі.

Шығыс елдерінен алынған шалбарлар — ер костюмінің бір бөлігі болды. Олар екі тігілмеген нартилардан тұрды. Олар те-семка арқылы белдікке бекітілді. Шалбардың ұзындығына бай-ланысты тізеге дейін, тізеден төмен балтырға, тобыққа дейін, тіпті башпай бөлігімен тұтас дайындалған түрлері қолданылды. Полудаментум-императорлар мен жоғарғы элитаның сырт-қы киімі болып саналды. Төменгі кластағы адамдар алдында бауы бар сулықтар немесе алды айқаспалы ашылып-жабыла-тын жеңі бар әр түрлі ұзындықтағы киімдер киді.

Орта ғасырдағы Италияның Равенна қаласында Сан-Витаге шіркеуіндегі мозайкалы суретте Юстинем императоры қысқа ақ туника киген. Оның бүйірі жырық, жең ұшы кестеленген, ұзындығы жерге дейін салбырап шаршауланған полудаментум. Оң иығында ол қымбат үш салпыншақты фибуламен түймеленген, кеуде деңгейінде алтынмен зерленген әшекей мата, аяғында сапалы тігілген аяқ киім киген. Уәзірлері де солай киінген. Бірақ олардағы ақ полудаментумында керемет белгісі бар, кестемен кестеленбеген өзгеше тігілген.

Епископ және священник алдышғы өңірі мен жеңінің асты қыз-ғылт түсті сызықтармен әшекейленген, ұзын, кең, ақ және де түрлі түсті пенуламен мойыншалғыны, шашақтармен сонделген ұзын әрі кең жеңді, ұзын ақ туника киді. Әскери адамдары кеудеге таға-тын әшекей бұйымдары бар түрлі түсті қысқа туника киген. VII ғасырдан бастап император костюмінің негізгі бөлімін асыл тастармен безендірілген алтын түсті ларшадан тігілген кең, ұзын мойыншалғы «лорум» пайдаланды.

Византиялықтардың аяқ киімдері - етік, қысқа тартпа бау-лармен байланатын жұмсақ башмақтар болды.

Бас киімдері - үшкір басты қалпақ немесе дөңгелек пішінді болды.

## **Әйел костюмі**

Әйел костюмінің негізгі түрлері: туника, стола, пенула, ма-форий.

Ерлер киіміне қарағанда әйел костюмінің бейнесі цилиндрлік формаға ұқсап әрі ол денені барынша жасыруға тырысты.

Орта ғасырдағы Византия шіркеуіндегі мозайкада Феодара императрициясы жоғары сатыдағы адамдармен бірге қымбат кестеленген ақ стола және үлкен жиекті ернегі сонді императорлы мантия киген. Мойнында алтыннан, асыл

тастардан жасалынған үлкен тағыншақ, басында — алтын сақина, аяғында алтыннан тігілген башмақ.

Сарай әйелдері де сәнді киінген. Олардың үстінде оюлап, бір түсті матадан тігілген стола және пенула. Бұндай бір түсті оюлы матаның үйлесімділігінен ансамбльдің сәндік шешімі табылды.

Византиялық кезеңде қымбат матадан әйел денесінің кеуде жағы мен басын бүркеп тұратын керемет гүлді киіммен қатар жарты дөңгелек матадан дайындаған «мафорий» жамылғысы дүниеге келді. Оның үштары кеуденің алдыңғы арқа жағымен оралып, ұзын столамен бірге мұндай жамылғы денеге ерекше бір эстетикалық сән берді.

Бұл костюм христиандық дінге және эстетикалық талапта-рына сай келіп, икон жазушылары мен қарапайым адамдардың күнделікті киіміне айналды.

Кедей әйелдері өз киімдерінде негізгі форма мен силуэтті сақтай отырып, арзан және қарапайым маталардан, одан әрі жеңіл және тіршілік жағдайына лайықты етіп тікті.

асыл тастармен безендірілген алтын түсті ларшадан тігілген кең, ұзын мойыншалғы «лорум» пайдаланды.

Византиялықтардың аяқ киімдері - етік, қысқа тартпа бау-лармен байланатын жұмсақ башмақтар болды.

Бас киімдері - үшкір басты қалпақ немесе дөңгелек пішінді болды.

Әйел костюмі

Әйел костюмінің негізгі түрлері: туника, стола, пенула, ма-форий.

Ерлер киіміне қарағанда әйел костюмінің бейнесі цилиндрлік формаға ұқсап әрі ол денені барынша жасыруға тырысты.

Орта ғасырдағы Византия шіркеуіндегі мозайкада Феодара императрициясы жоғары сатыдағы адамдармен бірге қымбат кестеленген ақ стола және үлкен жиекті ернегі сонді императорлы мантия киген. Мойнында алтыннан, асыл тастардан жасалынған үлкен тағыншақ, басында — алтын сақина, аяғында алтыннан тігілген башмақ.

Сарай әйелдері де сәнді киінген. Олардың үстінде оюлап, бір түсті матадан тігілген стола және пенула. Бұндай бір түсті оюлы матаның үйлесімділігінен ансамбльдің сәндік шешімі табылды.

Византиялық кезеңде қымбат матадан әйел денесінің кеуде жағы мен басын бүркеп тұратын керемет гүлді киіммен қатар жарты дөңгелек матадан дайындаған «мафорий» жамылғысы дүниеге келді. Оның үштары кеуденің алдыңғы арқа жағымен оралып, ұзын столамен бірге мұндай жамылғы денеге ерекше бір эстетикалық сән берді.

Бұл костюм христиандық дінге және эстетикалық талапта-рына сай келіп, икон жазушылары мен қарапайым адамдардың күнделікті киіміне айналды.

Кедей әйелдері өз киімдерінде негізгі форма мен силуэтті сақтай отырып, арзан және қарапайым маталардан, одан әрі жеңіл және тіршілік жағдайына лайықты етіп тікті.

Қарапайым пішінді тік силуэті христиандық идеалдың негізіне сәйкес келіп, Еуропада көп уақыт тұрмыста қолданды (24).

Керемет суреттермен бейнеленген маталардан тігілген туни-ка, долматика, пенула, мантия сияқты киімдер кеңінен қолданды, ол халық мақтанышының негізіне айналды. Византия-лық шіркеудің пайымдауы бойынша, әйелдердің сұлулығын арттыруға көмектесетін сәндік нәрселер әзірлеу, үлкен жақсы-лық жасау деп саналды. Сондықтан да бұл кезең тоқымашы-лар, бояушылар, зергерлер, парфюмерлер өнерлерінің дамуы-на үлкен әсер етті.

XIII ғасырдың басында Византия империясы сыртқы жау-лардан күйзеліске ұшырады, одан бас көтере алмады, халық-тың жағдайы нашарлап кетті. Сарайдағылар киімі едәуір қара-пайымданды. Алтын орнына — мыс, қымбат тастар орнына — шыны қолданды. Костюм киюде бұрынғыдай қатаң ережелер сақталмады. XV ғасырдағы империя киімі мен бас киімдерінің пішіміне шет елдіктердің киім модасы, яғни готика стилі әсер етті. Тұрмыста олар шығыстың бас киімін, кейбіреулері ита-ляндықтардың «қанатты» шляпасын, француздардың, киім пішіміне ұқсас киімдерді қолданды. Олардың сыртынан кім византиялық, кім парсы, кім ромей екендігін ажырату қиын болды. Дегенмен қажет болғанда олар өздерінің дәстүрлі киім үлгілерін киді.

Қорыта айтқанда, Византия мәдениеті ежелгі дүние мен жаңа дәуір арасын байланыстыратын көркем мәдениетті қалыптас-тыруға өз үлесін қосты.

### **Тақырыбы: Орта ғасыр костюмы**

Рим империясының негізінде құрылған басқыншы мемлекеттер — феодалдық қоғамымен, христиан дінімен, жаңа еуро-палық мәдениетімен ерекше сипатталады. VIII ғ. ірі феодалдық мемлекеттердің бірі — франктар корольдығы құрылды. Оны Ұлы Карль патшасы басқарды. 843 ж. Франк империясы үш үлкен корольдікке: Франция, Германия, Италияға бөлінді.

Ортағасырда дінге уағыздау, зұлымдық, жалған сұлулық, жанның өлмейтіндігі жөнінде қарама-қайшы көзқарастар бай-қалады. Дегенмен орта ғасыр суретшілері адамның сұлулыққа құштарлығын, ішкі жан дүниесін түйсініп, еңбек сұлулығын бағалай отырып, жаңа киім үлгілерін шығарды.

Еуропадағы орта ғасыр өнерін үш кезеңге белуге болады:

- а) роман стиліне дейінгі кезең (VI—X ғғ.);
- ә) роман стилі (XI—XII ғғ.);
- б) готика кезеңі (XIV—XV ғғ.).

Бірінші кезең — феодализмнің құрылу кезеңі.

Екінші кезең - оның өрлеу, шарықтау кезеңі.

Үшінші кезең - орта ғасыр қамалдарының даму кезеңі.

Материалдық мәдениеттің өсуі, ғылым мен техниканың дамуы, жаңа қоғамдық қажеттіліктер және эстетикалық идеялардың жоғары-лау деңгейі нәтижесінде киімнің конструкциялау мен модельдеудің дамуына әсер етті, ертеден келе жатқан жамылғы және қаусырмалы киімдерді Еуропада IX-XI ғасырға дейін киді. Дегенмен ерлер мен әйелдердің сұлулыққа табынуы түрлі көзқарастар нәтижесінде олар-дың киімдерінің пішімі бір-бірінен ерекшелене түсті, XII ғасырда киім пішуде бүйір және жота бөліктерінде үш тігіс түсірілді.

Киімнің жоғарғы бөлігін осы тігістер бойынша денеге қынай түседі, ал төменгі етек бөлігін мықын тұсынан төмен ұшбұрыш-ты қиықтар қосып кеңейтеді.

Киімнің бүйір түсында овал пішіндес ойықтар жасап, оны баулармен біріктіріп байлайды.

Әсіресе готика кезеңінде киім конструкциясы дами түсті. Оған сәулет өнері әсер етті. Жауынгерлердің сауыт киімдерінің денеге, қимыл-қозғалысқа ыңғайлы болуын қамтамасыз етуінің нәтижесінде шеберлер жазық формалардан адам денесіне қоным-ды пішімдер шығарады, яғни киімнің жота, оңір, жең бөліктерін бөлек пішіп, оларды жеке қосып тікті.

Матадан мұндай бөліктерді пішуде оның созылғыштығын ескеріп, қиынды бөлікке бүкпе, жең ойындысы мен мойын ойындысын түсірді. Женді алғашында уақытша баулармен, таспа тоқымасымен байлап қойды. Матаның қиғашынан пішу арқы-лы «уплелянд» сырт киімін сәндей түседі.'

Готика кезеңінде киімді конструкциялау мен модельдеудің, гүлденген кезеңі болды, мұнда қазіргі киім үлгілерінің негізі пайда болды. Киімнің жеке бөліктерін өшекейлеу төмендегідей жалпы қағидаларымен ерекшеленді:

Мойыш ойындысын, киімнің етегін, жең аузын, жен, ойындысын-жеңмен біріккен түсы кестелермен, мережкамен, бейкамен (қымбат матадан), лента, фестондармен әшекейледі.

Киім тігуде ашық контрасты түстерді, яғни жасыл, қызыл, көк, сары жіптерді пайдаланды.

Матаны алтын, күміс шашақ баулармен әшекейледі (жауынгер киімі бас киімімен, аяқ киімінде 500-дей шашақ бау тағылғандығы жөнінде кене қолжазбаларда айтылған).

4) Қолғап пайдаланылды, әрі оны алтын және т.б. қымбат тастармен әсемдеді.

Алғашқы роман кезеңінде кенеп (лен), холст, сукно, үлпек (мех), тері, Шығыс және византиялық жібек маталарынан киімдер тікті.

Қолөнердің дамуы нәтижесінде орта ғасырда тоқыша өнері де дами отырып түрлі сапалы, ою-өрнектелген маталарды шығарды. Олар тоқылған және баспа өрнекті маталар, бедер түсірілген маталар, алтын, күміс жіптермен өшекейленген маталар болды.

**РОМАН ДӘУІРІНЕ ДЕЙІНГІ АЛҒАШҚЫ ОРТА ҒАСЫР КЕЗЕҢІ (IX-XII ғғ.)**

Бұл кезеңде қалалардың өсуіне орай алғаш кішігірім тоқыма цехтары пайда болды. Онда бір түсті кек, жасыл, қызғылт және қарапайым халық үшін сұр, қоңыр түсті маталар шыға-

рыла бастады. Арнайы заң бойынша сары түсті киім киюге рұқсат етілмеді. Себебі бұл түс сатқындар мен жауыздар киетін түс деп есептелді. Әрбір түстің символдық белгісі болды. Ақ түс — адалдық белгісі, қара — қайғы, көк — нәзіктілік, қызыл — қан түсі деп санаған. Сондықтан қызыл түсті тек баскесерлер костюміне пайдаланды.

Мата бетіне ою-өрнектер салынбады, сондықтан киімді әшекейлеуде арнайы кестеленген жолақтар, үлпек жиектер мен контраст түсті маталарды пайдаланды.

**РОМАН ДӘУІРІНЕ ДЕЙІНГІ АЛҒАШҚЫ ОРТА ҒАСЫР КЕЗЕҢІ (IX-XII ғғ.)**

Бұл кезеңде қалалардың осуіне орай алғаш кішігірім тоқы-ма цехтары пайда болды. Онда бір түсті кек, жасыл, қызғылт және қарапайым халық үшін сұр, қоңыр түсті маталар шығарыла бастады. Арнайы заң бойынша сары түсті киім киюге рұқсат етілмеді. Себебі бұл түс сатқындар мен жауыздар киетін түс деп есептелді. Әрбір түстің символдық белгісі болды. Ақ түс — адалдық белгісі, қара — қайғы, көк — нәзіктілік, қызыл — қан түсі деп санаған. Сондықтан қызыл түсті тек баскесерлер костюміне пайдаланды.

Мата бетіне ою-өрнектер салынбады, сондықтан киімді әше-кейлеуде арнайы кестеленген жолақтар, үлпек жиектер мен контраст түсті маталарды пайдаланды.

Ерлер костюмі

Бұл кезеңдегі шапқыншылар костюмін Ежелгі Римдегі Тро-ян колоннасынан көруге болады. Костюмнің жеңі бар әрі белі буылған қысқа туника, қысқад шалбар, мата шұлық, тері баш-мақ оң иықта түйреуішпен түйрелген жүн матадан тігілген жамылғы. Бастарына кіші конус пішінді шапкі киді. Мұндай костюм үлгілерін VIII ғасырдағы Ұлы Карл үкіметі тұсында тұрмыста пайдаланылды.

Сонымен қатар ерлер екі бөліктен тұратын шалбар, бірінің үстінен бірін киетін ұзын енді туникаларды киді.

Үстіңгі туника - ұзын енді қондырмалы киім, әдетте оны қымбат маталардан тікті, киімнің мойын ойындысын дөңгелетіп немесе тік бұрышты етіп пішілді. Жеңсіз не қысқа, кең жеңді етіп тігілді.

Астыңғы туниканың - ұзын тұтас пішілген жеңі болды, оның аузы кестеленіп не түсті матадан әдіштеп тікті.

Әйгілі бай кісілердің сулығы ұзын әрі енді етіп жасалып, оң иық тұсына түйреледі. Мұндай костюмді X ғасыр Оттон II им-ператорының бейнесінен көруімізге болады. Ол ашық түсті ту-ника оның етегінде енді алтын түсті жіппен зерленген жиекпен көмкеріп әшекейленген. XI ғасырдан бастап ерлер костюміне жауынгерлер сауыты әсер етіп,

ынғайсыз, ұзын және енді киімдерді қысқа әрі қынамалы киімдерге ауыстырылады. Мысалы, «блио» костюмінің бүйірінде терең жырық түсіріліп бел-ден етекке дейін қиық жалғанған киімдер киілді. Оның силуэті: иық сызығы айқын, көкірек пен бел тұсы қынамалы. Мыкын сызығынан төмен қарай кеңейтілген болып келді. Ұзындығы тізеден сәл төмен түсірілген. Бليونын, бүйір тұсындағы қиығы-нан ішкі ашық түсті көйлекті коруге болады. Үстіңгі туника котта деп аталады. Астыңғы туника камиза деп аталады. Күннің салқын кездері жилет секілді - рок — су-лығын киді. Алғашында ол сулық Римдік полудалментуманың пішіміне ұқсаса, XI ғасырда оның етегінің ұзындығы жерге дейін түсірілді. Бұл сулықты он, иық тұсына түйреп (фибула түйреуішімен) қояды. Қарапайым халық көбіне капюшон бас киімі бар пенулу сулығын киген.

Бұл кезеңдегі варварлар тайпасына грек-рим мәдениетіне кірмейтіндерді жатқызды. Оларға неміс тайпалары - гота, франк-тер, вандал мен монғол тұқымдас басқыншыларды жатқызды. Гректер мен Рим еркектерінен

айырмашылығы, олар бұтта-рына шалбар киіп жүрді. Шалбар өте ұзын және тізеге дейін еңсіздеу пішінде болды. Ерлер арасында, әсіресе, қызыл шал-бар модаға айналды. Аяқтарына түмсығы үшкір, табаны жұмсақ матадан немесе әр түрлі теріден тігілген башмақтар киді. Көбіне оны баумен айқастыра байлады. Шаш қою пішімі барлығына ортақ формада болды. Құлақтың үстінен бастап айналдыра та-қырлап алып мандайында кекіл қалдырды. Ал ХІ ғасырда ер-лер шаштарын иығына дейін ұзартты. Бастарына капюшон не конус тәрізді шапка киді. Бұл кезеңде алғаш рет қолғаптар кие бастады.

#### Әйелдер костюмі

Әйелдер костюмі ерлер киімі секілді екі туникадан тұрды. Олардың ұзындығы тізеге дейін жетті. Астыңғы туниканың ішінен камиза көйлегін киді. Әйелдер туникасын котта және сюрко деп атады. Бұл киімдердің силуэті трапеция түрпатта бол-ды: ол иық тұсында еңсіз, ал етегіне қарай кеңейе түсті. Кейлектің кеуде тұсы және жағасы жабық өрі түйық етіп тігілді. Бел тұсы жоғары көтерілді. Соғыстың, түрлі жүкпалы аурудың әсерінен халықтың саны тым азаюына байланысты халық ара-сында жүкті әйелдерге үлкен қошемет көрсетілді. Осыған орай әйелдер киімінің қарын және бүйір тұсында шаршаулар жи-нап, жүкті әйелге ұқсас формада киім кию модаға айналды. Котта киімінің жеңі ұзын әрі еңсіз болды. Ал сюрко болса жеңіқысқа әрі енді, кей жағдайда жеңсіз етіп тігілді. Сюрконың белін буып, мықын тұсына дейін көтеріп қойды. Аяқтарына түрлі теріден жасалған өкшесіз жұмсақ жабық туфлилер киді. Қыз-дар ұзын шаштарын өріп, бастарына дөңгелек сақина такты. Ал әйелдер шаштарын орамал астына жасырып қоятын болды. Олар ойығы бар дөңгелек орамалды пайдаланды. Бұл орамал әйелдің басын, иығын тұтасымен жауып тұрды. Көбіне бұлқысқа әрі енді, кей жағдайда жеңсіз етіп тігілді. Сюрконың белін буып, мықын тұсына дейін көтеріп қойды. Аяқтарына түрлі теріден жасалған өкшесіз жұмсақ жабық туфлилер киді. Қыз-дар ұзын шаштарын өріп, бастарына дөңгелек сақина такты. Ал әйелдер шаштарын орамал астына жасырып қоятын болды. Олар ойығы бар дөңгелек орамалды пайдаланды. Бұл орамал әйелдің басын, иығын тұтасымен жауып тұрды. Көбіне бұл орамалдың ұшын мойын ойындысышан котта кшмішң аыыпа жіберді. Бұл кезеңдегі мода ағымында киімге әшекей ретінде түрлі тағыншақтар: фмбулла, сақина, белдік, басқа тағатын сақина кеңінен пайдаланды.

#### Тақырыбы: Роман кезеңі

**Құзреттіліктер** -киім тарихындағы түрлі елдердің киім үлгілерінің өзіндік құнды

өрі кемшілік тұстарын керіп, оны бағалай білуге дағдыландыру;

-киім стильдерінің айырмашылықтарын ажырата білуге ептілігі мен дағдысын жетілдіру;

-киім үлгілерін бейнелеуге, суретін салуға шеберлігі мен дағдысын жетілдіру.

**Сабактың мақсаты:** «Костюм тарихы» пәнінің мақсаты: студенттерді түрлі елдердің киім тарихымен таныстыру, киімнің сәндік бөліктері мен пішімдері,

өзіндік ерекшеліктері мен құнды әрі кемшілік тұстары жөнінде білім беріп, әсемдікке баулу, эстетикалық, талғамын дамыту.

### **Сабақтың жоспары:**

12.1 Ерлер киімі

12.2 Әйелдер киім

### **РОМАН КЕЗЕҢІ**

XII—XIII ғғ. киім тігу өнері бұрынғыға қарағанда жетіле түсті. Шіркеудің тыйым салғанына қарамастан киім барынша қына-ла түсті. Киім пішімінің түбегейлі өзгеруіне ерлер киетін сауыт әсер етті. Ұзын, кең пішімді киімдер кең, әрі қысқа, қынамалы киімдерге өзгерді. Бұл кезде киімнің жеке бөліктерін тартпа баулармен буып, бүкпелер түсіріп, киімді денеге қынамалы етіп тікті. Тігісті мықты етіп бекіту үшін таспа баулармен бастырып тігу модаға айналды. Сонымен қатар Шығыс елдердің, мәдениеті Еуропа мемлекеттерінің салт-дәстүріне, тұрмысына, гигиена-лық тазалық талаптарына әсер етті. Киімнің қолдану мақсаты мен әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты түр түсі, пішімі түрліше болды.

#### **Ерлер костюмі**


Ерлер костюмі бұрынғысынша камиза және котта киімдерінен тұрды. Ол иық тұсында өте еңсіз болып, етегіне қарай қиықтары қосылып кеңейе түседі. Беделді адамдар ұзын котта кесе, қарапайым халық, қысқасын пайдаланды. Котта жеңді және жеңсіз болып келді. Бұл киімді бас жағынан киді. Сондықтан кішірек мойын ойындысы ойылып, оны баумен байлап қоятын болды. Коттаға қосымша ретінде шалбар және шұлық шалбар киді. Аяқтарына түмсығы дөңгеленген жұмсақ, туфли пайдаланды. Беделді адамдар шаштарын бұйралап жүрді. Ал қарапайым халық пен қала тұрғындары шаштарын «шапка» пішінде кидіріп жүрді.

XII ғасыр соңында Еуропада алғашқы феодалдық герб пай-да болады. Ол гербтер ұрпақтан ұрпаққа беріліп, ондағы түрлі түстер мен суреттер сақталып отырды. Герб екі немесе төрт бөлікке және тігіске бөлінді. Осыған байланысты киім үлгілерінде де герб түсімен ондағы суреттерді қайталай отырып тігілген мипарти киімі пайда болды. Бұл киімдерінің оң белігі сол бөлігімен езгеше түске боялды. Тіпті аяқ киім мен сыртқы киімдері екі түсті болып тігілді. Мұндай үлгідегі киімдерді жас-тар мен сәнқойлар киетін.

#### **Әйелдер костюмі**

Әйелдер бұрынғысынша камиза - қысқа көйлек пен котта -көйлегін киді. Бұл киімнің белі баумен буылып, бүйір тұсында не арқа бөлігінде қынала түсті. Ете-гіне жалғанған қиықтар әсерінен көйлектің етегі ке-ңейе түседі. Жеңі ете тар әрі ұзын жерге тиетіндей етіп жасалды. Бұлай ету себебі, бай әйелдердің жұмысқа икемсіздігін байқат-ты. Белдіктері бел-ден төмен мықын тұсында байланды. Сырт киім ретінде әйелдер ер кісі-лердікіне ұқсас жартылай сулықтар киді. Қыста киетін киімдерін үлпектен жасады. Тұрмысқа шыққан әйелдер оастарына ақ орамалдар тартты. Кейлектің жеке бөліктерін үлпектермен, кестелі жолақтармен, қымбат тастармен әшекейледі.






28-сурет. XI ғасыр. Әйелдердің шәнз көйлегінің пішімі

## Тақырыбы: Готика кезеңі

### ГОТИКА КЕЗЕҢІ (XII-ХУ ғғ.)

Готика кезінде киімді конструкциялау жетіліп, оның пішімі архитектурамен тығыз байланысты болды. Киімнің сыртқы формасы өзгере отырып, оның конструкциялық шешіміне әсер етті. Ең алдымен жауынгер киімінің конструкциясы өзгерді. Темір сауыт киіп соғысқанда қимыл-қозғалыстары өте ебедейсіз болған. Кейде қолайсыз киім аурудың тууына себеп болған. Сондықтан, шеберлер монолитті сақиналарды кіші бөлшектерге бөліп, оларды мата, ілмек және тоқымалар мен бөліктерді біріктірген. Себебі, қимыл-қозғалыстың болуы көзделді. Сондықтан, шеберлер практикалық іс-тәжірибе негізінде жазық детальдар формасын ойлап тапты. Киімнің жеке бөліктері мен бөлшектерінің формалары табылды. Олар: өңір, жота мен жеңі. Бұл бөлшектер (детальдар) матаның шеткі желі жібі бойымен орналастырып, оның созылу қасиетін ескерген. Көлемді форма алу үшін ең алдымен бүкпе түсірілді, жең және жең ойын-дысын овал етіп пішті. Алғашында жеңді жең ойындысына уақытша көктеп немесе бау, «тесма» арқылы бекітті.



29-сурет. Мипарти стиліндегі костюмдер

XIV ғасырда киімнің бел сызығында тігіс түсірілді. Готика кезеңінде киімдерді конструкциялау және модельдеудің бар-лық түрлері қалыптасты. Қазіргі кездегі әр түрлі жеңдер мен юбканың пайда болуына (тіке, кең, клинді), лифті (жіңішке, кең) киім ассортиментінде және модельдің әр түрлі түрін көбейтуге мүмкіндік берілді.

XIII—XIV ғасырда киім тігісінің дамуы жаңа моданың пайда болуына әсер етіп, киім ассортименттерінің көбеюіне әкеледі. Киім силуэті және конструкторлы сызықтарымен ерекшеленді. Ерлер киімі қысқарып, қымталып пішілді, Мысалы, «блио» бүйірі ашық қымталанып, етек жағы кең болып келді. Қымта-ланған силуэт пен роман кезеңінің силуэтінен айырмашылығы иық сызығының кеңдігімен байқалды. Киім кеуденің ерекше сызығын корсетіп, бөкседен бірнеше томен жіңішке белдік бай-лап сәндеген. Қынамалы силуэтті киімінің ұзындығы бөксе сызығынан аспаған. Киім тарихшысы М.Н. Мерцалова осы кезеңдегі ерлер киіміне мынандай сипаттама берген: «Жаңа пропорциялық ерлер киімдері сүйір түмсықты аяқ киіммен «Роуіаіпе» және биік конус тәрізді бас киіммен бойын ұзын етіп корсетті. Ол ұзын болуымен бірге иілгіш әрі икемді, әрі нәзік шешімін тапты», — деді.

Қынамалы силуэтті киімге «пурпуан» жатады. Ол қысқа әрі артқы бөлігінде немесе өңір алды түймеленіп, кейде баумен байланып, жеңсіз және ұзын жеңді пішімде болады. Пурпуанға көбінесе шұлық, шалбар қыстыратын болған. Кейіннен ол іш киімге айналды. Пурпуан тігісі мен деталі XIII—XV ғасырдағы жауынгерлер киім формасын қайталаған. Пурпуанның үстінен белдік байлаған әрі қысқа, алдында түймесі бар котарди киген. Ол, XIV ғасырда жеңі бар

желеткаға ауыстырған, жеңі кең және жең ойығы түсында буфалы болып келеді. Кейіннен мұндай киімдердің іші (кеуде, иық түсында мақтадан жасалған шират-палар) мақтамен қабылып, астарлап тігілді.

Осы кезде киім тігудің өзіндік техникасы қалыптаса бастады. XIII ғасырдан қондырмалы тігілетін жендер пайда болды. Алғашқы кезде жеңді бір күнге тігіп қойып, кейін оны шешетін кезде сөгіп алып тастап отырды. Себебі киімдерін шешіп киіп отыру өте қиын болған, әрі олардың киімдерінің жеңі өте тар етіп тігілген. Кейін тігіншілер киімнің бүйір немесе өңір түсын немесе арқа бөлігінде түймелерді пайдалану нәтижесінде ғана киімнің жеңін кеуде түсымен біріктіріп тікті. Киім формасына қарай әр түрлі болып келді. XIV ғасырда ерлердің қысқа және ұзын модалы киімдері пайда болды. Біреулері ұзын әрі кең киімдер кесе басқалары, әсіресе жастар жинақы, қысқа киімдерді қалады. Бұл кезде ең әдемі әрі сәнді мата ретінде барқыт ерекшеленді. Маталарға өте әдемі ою-өрнектер салынды. Киімдерінің түсі адамдардың назарын бірден өзіне аудара-тындай өте ашық түсте болды.

#### Ерлер киімі

Киімнің кеуде жағы да әр түрлі болып келді. Сол кезеңде киімдердің классикалық бір түрі нарамниктің мойны ойылып, бүйір жағы тігілмеген. Нарамник ұзын және қысқа етіп тігілетін болған. Әсіресе олар сулықты көп пайдаланған. Ол табар деп аталған. Ол қоңырау тәрізді етіп тігілген. Оның черольдтың, пажаның тағы басқалардың міндетті түрде киілетін киімдері болған. Нарамникке де кейбір кездері беліне белбау байланған. Кейіннен бүйір жағынан тігілген нарамник сюркоға айналды. Кей кездері сюрконның жеңі алмалы-салмалы етіп тігілді. Капюшоны бар сюрконы монахтар киген.

Ерлер аяқтарына барқыттан тігілген, өкшесіз етіктер, туф-лилер киді. Оның ұшы сәл үшкірлеу болып келді. Ал XIV ғасырда феодаддардың пулен деп аталатын аяқ киімі ұшының ұзындығы 50 см-ге жеткен. Аяқ киім ұшы неғұрлым ұзын болған сайын тұтынушының дәулетті екенін байқатты.

Орта ғасырдағы ерлердің шаш қою үлгісі әр түрлі болды. Әсіресе жас феодаддардың шашы желкесінен қайырылып маңдай алдына кекіл қойды. Мұндай шаш пішімін кейбір феодаддар да пайдаланды. Бас киімдері әр түрлі болды. Орта ғасырлардағы капюшон қарапайым күртешеге немесе сулыққа қосылып тігілді. Кей кездері сулықтан белек тігілген капюшондарда болды.

XIII ғасырда ерлер киетін ақ матадан тігілген бедуиндердің чепецбас киімін пайдаланды. Алғашында оны темір сауыт астынан киді, ал қарапайым халықтар чепецтің өзін бас киім ретінде киіп жүрді. XIV ғасырда бас киім ретінде шаперон киді. Ол матаның ұзын екі қиынды бөлігінен тұрды. Оны тюрбан ретінде әр түрлі пішінде басқа айналдыра шаршылап орады. Оның етегі иыққа дейін түсіп тұрды. Шапероннан бөлек әр түрлі түсті фетрлі шляпалар кеңінен пайдаланылды.

#### Әйелдер киімі

Әйелдер киімі котта және камизадан тұрды (камизаны халық біркелкі жоғарғы киім ретінде қолданылды). Бұл кезеңде кот-таның кеуде жағы тар әрі бөлек пішіліп, арқа жағы немесе бүйір түсы баумен тартылды. Киімнің етегі ұзын өрі

енсіз пішіліп тігілді. Коттаның жеңі тар ұзын етіп тігілді, көбінесе манжет болған. XIII ғасырда дәулетті әйелдердің сырт киімі — роб деп аталды, көйлектердің етегі ұзын пішіліп, әрі оған шлейф қон-дырылды. Көкірек бөлігі бел сызығынан жоғары орналасты, оның ұзындығы, тіпті кекірек астына дейін көтерілді. Көйлектің етегіне жалғанған шлейфтің ұзындығы әр түрлі болды. Мыса-лы, патшайым көйлегінің шлейфінің ұзындығы 11 білек, гер-цогиня мен принцессалар киімінде 8 білек ұзындықта болды. Дегенмен, жүруге ыңғайлы болу үшін белшалғының алдыңғы етегі қысқалау етіп тігілді. XIV ғасырда модаға жеңсіз сюрко-лар кірді. Оның жең ойындысына үлпек айналдырып тікті. Мұндай көйлекті бай әйелдер киді. XIV ғасырда бұл сюрко ұзын-дығы бөксеге дейін қысқартылды. Бұл дәуірде киімде белдіктер ерекше рөл атқарды.

Әйел көйлегіне әр түрлі жең тігілді, олар ұзын жөие тар, жерде сүйретіп жүрмеу үшін төменгі жағын баумен байлаған жең, кең, қоңырау тәрізді жеңдер. Ал кей кездері шынтаққа дейін тар етіп, жол-жол қиық, матадан тігілді. Кейбір кездері юбка алдына мата қиындыларынан алынған бүрмелерді жинап, сәндеп тікті. Сол уақытта мұндай шаршаулар өте сәнді киім деп есептелді.

XIII—XIV ғасырда ойел көйлегінің пішімі кеңейе түсті, олар енді желкесіне кдрай кеңейді. Киімнің кеуде жағына әйелдер сулық киді. Сулық пішімі жартылай домалақ болып келді. Оның алдыда қиық, түсіріліп фибуламен қыстырып қойды. Бай әйел-дер мұндай киімді жиі киетін. Бұл киім пенула деп аталды. Кей кезде осы пенуланың үлкен жырығы иыққа дейін түсіп тұрды. Пенуланың шлейфі болды.

Әйелдердің аяқ киімі ерлердікіне ұқсас болып келді. Олар-дын, да аяқ киімдерінің ұшы үшкірлеу болып, түрлі түсті терілерден не маталардан тікті.

Бұл кезеңде шаштың пішімі өзгешелеу болды. Қыздарының шаштары қысқа қиылып, ұзын шаштар модадан қалды. Күйеу-ге тиген әйелдер орамал тартып жүрді. Олар алғашында қара-пайым барбет орамалын пайдаланды. Көшеге шыққанда барбеттің сыртын жапқышпен жауып алатын. XIII—XIV ғасыр-да оmoz бас киімі қолданылды. Оның алдыңғы жағында кесілген капюшоны болды. Бұны көбінесе ақ сүйектер киді. Тағы бір бас киімнің түрі - горж. Оны XIII—XIV және XV ғасырларда да киді. Горжды барлық ойелдер, герцогинялар мен ақ сүйектер де киген. Ол матадан тігілген трубаларға да ұқсап кетеді. Ар-қасында кең жырығы болды. Көбінесе әйелдер орамалдары-ның жоғарғы жағына сақина тәрізді тағыншақ киген. Бай әйелдердің сүйікті бас киімдерінің бірі — эннен. Оның ұзынды-ғы әйелдің қоғамдағы дәрежесіне байланысты биік болды. Бұл уақыттағы жалғыз фетрлі шляпа - туре деп аталған. XГУ-X^/ ғасырлардағы сәнді киімдерді сарайдағы бургунд модалары деп атаған. Еуропада ең жоғары сән үлгісі ретінде бургунд сарайын санады. Кей кездері бұл кезеңді моданың карнавалы деп атады. Соның арқасында киімдердің формасы тез ауысып отырды. Бір кездері киімнің түрлері бір-біріне контрасты болса, біресе қысқа, кең және ұзын етіп тігіліп мода жиі өзгеріп отырды.



31-сурет. Готика стиліндегі костюмі

Киім формасының көп түрлілігі және матаның жылтырлығы, түрлі әшекейлермен, тастармен сәндеу адамның рухани деңгейін көрсететін болған. Бургундық герцог Филипп Добрыйдың басқару дәуіріндегі сарайлық киімдері бізге француз минитюрасындағы «махаббат бағы» арқылы анық көрініс тапқан экревисс стилін қалдырды (фр. Есге^те — шаян, қабыршақты ер сауыт). Көптеген сәнді қиылған майда фестондарды етек, жең, бас киімдерде қолданылды. Ер кісілер костюмінің формасы да шаян тәріздес пішімге ие болды. Сонымен, яғни киім кеуде тұсында және белден сәл төмен қыналады да қатты «күйрықты» қатпармен аяқталады. Мұнда шаян тәріздес форма мен пропорция қалай керек болса денені қорғайтын қабыршақты қабық та солай қажет деп санады. XV ғасыр Бургундия мәдениеті адам тұлғасының көлемін зерттеу негізінде футляр идеясын қабылдау жаңа пропорцио-налдық қатынасты шығару үшін киім формасын өзгертуге пайдаланды.

Адам дене пропорциясын эксперимент жасау арқылы көйлекті барынша денеге қынау үшін конструктивті шешім қабылданды. Оған XIV ғ. жүз жылдықтағы үлкен жең ойынды-сы бар пурпуан конструкциясын жатқызуға болады. Ол әскери адамдарға ыңғайлы қимыл-қозғалысты қамтамасыз етіп, жең астындағы кедергі қатпарлардан, жең ойындысы тереңдігіне қосылған қиықтарды үзарту есебінен жойылды. Оған қосымша жота бойындағы кесілген қиық, бел тұсында жиналатын қат-парларды жоюға әсер етті. Басқа сөзбен айтқанда, тамаша ше-

берлер матадан денеге қынамалы киім тікті, ол адамның анато-миялық құрылымына толығымен сөйкес келді. Шаш немесе кенеп талшығының қалдығымен қабылып тігілген киім жа-уынгер денесін металл сауыттан қорғады. Еуропада соңғы орта ғасырда аталмыш қынамалы киім тігуде, моданы дамытуда эк-ревисс стилі кеңінен қолданды.

Экривисс стилінің өрлеу шегінде шеберлер киімнің компо-зициялық шешімін табуда конструкциялау тәсілдерін жетілдіре түседі. Мысалы, ерлердің футляр секілді роб киімінің етек бөлігінде дөңгелек түтікше сияқты форма шығару үшін бұрын-ғыдай мата бөліктерін қабымай, етек бөліктерінде сүйір бұрыш-ты қиықтар түсіру арқылы киім формасын шығарды. Бұл фор-малар белден сәл жоғары немесе төмен орналасып, киімнің етек бөлігінде дөңгелек түтікше пішінді формалар арқылы кеңейтіп көрсетті.

Роб кейлегі мен эннен және кеме пішінді, екі төбелі бас киімдер киді.

XIV ғасырдағы ерлердің пупуэн киімінің конструкциялық шешімі бірнеше қиынды бөліктерден құралды. Киімнің өңіріне 32-40 түйме қадалды. Киімнің жеңі үстіңгі, астыңғы, манжет, иық үсті секілді бөліктерден құралды. Өңір мен жота бөлігі, жең ойығы терең ойылған, мойын ойығы ^-үшбұрышты пішімде тігілді. Етек бөлігін бел тұсында ішке қарай иіліп, төмен қарай кеңейтіп көрсетті. Жота бөлігі екі бөліктен тұрады. Жоғарғы жағы бел сызығында денеге қонымды болу үшін иіліп пішілген, сол сияқты етек бөлігі төмен қарай иілген бүйір тұсында кішкене үшкіл қойылады. Пурпуэн жеңінде бірнеше қатарласқан түй-мелер орналастырылып киімге ерекше сән берді.

**Тақырыбы: Жаңару дәуірінің костюмы**

### **Француз костюмы**

Жаңару дәуірі (XV және XVI ғғ.) тұсында ортағасырлық фео-далдық қоғамнан буржуазиялық қоғамға өту кезеңі болды. Дворяндық жойылып, ірі ұлттық монархиялы, соның ішінде жаңа еуропалық, ұлт пайда болып, әлемдік сауда негізі қалан-ды. Жеке кәсіптер мануфактураларға, одан ірі өндіріс орында-ры ретінде қаланды. Дәуірдің олеуметтік-экономикалық ерекшеліктері ретінде ұлттық мемлекеттердің пайда болуы және экономикалық буржуазиялық өндіріс тәсілдерін атауға бола-ды. Бұл дәуірде барлық қоғамдық мәдениет пен өнердің жан-жақты гүлденуі байқалады.

XV—XVI ғасырлар аралығындағы кезең интеллектуалдық (ру-хани әрі ғылыми) гүлдену кезеңі деп есептеледі. Бұл — Леонар-до да Винчи мен итальяндық қайта өрлеу дәуірі. Феодализм мен абсолютизмге қарсы батыл күрес заманы басталды.

Жаңару дәуіріне сипаттама берсек, мұнда адамға қызығу-шылық, табиғатқа деген махаббат, сұлулыққа, білімге құштар-лығы, жаңалықтар ашуы (жер жүзін шарлап шығып Магеллан мен Колумбтың Американы ашуы), жаратылыстану ғылымда-рының, өнердің, әдебиеттің дамуы, гүлденуі, өнер саласында жаңа реалистік әдістің қалыптасуы мен дамуы осы жаңару дәуіріне тән құбылыстар.

Жаңару дәуірінде негізінен өнер мен мәдениеттің басты идеясы гуманизм бодды. Гуманизм еркін адамның жан-жақты дамуының жаңа көрінісін бейнелейді. Жаңару дәуірінде тән мен жанның бірлігін айта отырып, рухани

және дене күші бірлігі негізгі идея болды. Сұлулық — денсаулық пен күш секілді басты жақсылық, ізгілік ретінде саналды. Ол жайында гумандық философтар және суретшілер Лоренцо Вали, Луки Пачоли, Аньоло Фиренцуоллы және т.б. еңбектеріне арқау еткен. Адамның дене бітімінің сұлулығын, оның пластикасын, формасын, адам тұлғасының сыбаты жөніндегі теория туралы атақты суретшілер өз еңбектеріне арқау етті. Олар: Леонардо да Винчи, Тициан, Дюрер және т.б.

Бұл кезеңде мата тоқу орталығы Италия болып есептелді. Мұнда - Генуе, Милан, Флоренция, Венеция қалаларында жібек пен әрнек басылған маталар кеңінен шығарылды. Италиялық алтын күмбесімен жібек немесе барқыт жібек маталар олардың салмағы 3 кг-ға жетті) бір түсті немесе түрлі түсті кестелеп сурет салынған, өрнектеп басылған, бедерленген, тіпті екі жаш дәйерленген түрлі маталар шығарылды. Мата бетінде гоанат (анар) өрнегі мен павлин қауырсыны беинеленді.

Киім матасын асыл тастармен маржандап кестелеу арқылы оның салмағын арттырды. Мысалы, осындай таша матасынан тігілген бір киімнің салмағы 25-40 кг жетті. XV ғ. Батыс-тың сырт киімі барқыт пен парша тығыз жібек матасынан тігілді XV ғасырдан бастап тоқыма баулар пайда болды, оны алдында алтын жіптермен шиектеп тоқыды. Тоқыш баулардың суреті арнайы журналдарда басып шығарылып, Еуропа елдеріне таратылды.



38-сурет. XV ғ. соңы Франция

## ИТАЛЬЯН КОСТЮМІ

Жанару дәуіріндегі Италия костюмі жөніндегі мәліметгерді атау үшін негізінен біз Флоренциялық модаға ерекше тоқталу-ЫШХ^ҚгаМода орталығы Флоренция, ал XVI ғ. - Венеция са-налды XV ғ. флоренциялықтар киімінде әлі готика стиліне басындылығын байқауға болады. Дегенмен Италияда оның ішінде Флоренцияда киім үлгілері дайындауда жаңа бағытқа Ш бүрды. ХУ ғасырдағы костюм тарихы екі бағытқа бөлінді - біріншісі - готика стилінің жоғары деңгейі бургунд,к мода, екіншісі - алғашқы жанару дәуіріндегі Флоренция костюм, бұл костюм үлгілері ортағасырлық дәстүрлерден мүлде бөлек бағытты басшылыққа алды. Флоренциялық киім үлгісі пішімі мен формасы қарапайым әрі табиғи адам тұлғасының пропорциясын өзгертпей, аса көп әшекейлерден, үлкен көлемді формалардан бас тартты. Сонымен қатар киім өзінше ыңғайлылығымен функционалдылығымен, жарасымдылығымен, түрлі пішімімен шешімділігімен ерекшеленді. Флоренциялық костюмдердің құнды жақтарына мыналар жатады: пішімнің !!!<sup>TM</sup> «ішпыпығы. айқындығы, адамның табиғи жаратылысы мен сұлулығын ерекшелеуі. Бұрынғыға қарағанда киім бөліктерінің формасы жетіле түсті, мойын ойындысы қарапайым өрі айқын пішімде, кейлектің бел сызығында тігіс түсіп, кеуде денеге қыналып, еңсіз жең конструкциясы қимыл-қозғалысқа икемді болды. Жалпы Флоренциялық костюм пішімі жан-жақты шешімділігімен таңдандырады.

Ерлер киімі

Ерлердің негізгі киімі: түрлі түсті гүлді матадан тігілген қына-малы көйлек; шамалы тік жағасы бар қынамалы желік; қысқартылған шалбары мен шұлық-шалбары ол жилетке ба

арқылы байланды. Сырт киім ретінде кең қонырау секілді жеңі бар — догалине сырт киімін киді, оның етегімен жең ұшы жиектерін үлпекпен әшекейледі. XV ғ. флоренциялық ерлер киімінде ашық, контрасты түстер үйлесімі мен кестелері, үлпекті жиекті, шаршаулар кеңінен қолданылды.

Ерлер мен әйелдер киімінде жұқа ақ кенептен тоқылған ұзын жолақтар пайда болды. Ол жолақтың екі шетін әдіптеп тікті. Венециялық сәнді костюмі өзінің колористік шешімділігімен, формасының тамаша әшекейленуімен (жеңі буфамен кестеленіп, қайырмалы үлпек жағалар қондырылуымен) қатпарлардың түстік шешімі мен зергерлік —

алқа, жүзік тағуымен ерекшеленді. XV—XVI ғасырдағы Италиян жігіттерінің бай, тамаша сәнқойлығын байқатты.

Бұл уақытта алғаш тоқыма машиналары өндіріске еніп онда жібек шұлықтар тоқыла бастады.





34-сурет. Италия киіміне бургундық моданың өсері

### Әйелдер костюмі

XV ғ. флоренциялық әйел костюмі табиғи пропорцияны ай-қындап, киім тұлғаға қынамалы түрде тігілді. Кейде киімнің өңір бөлігі шамалы бел сызығын жоғары орналастырды. Ита-лияндық әйелдер іш киім ретінде котт және сырт киім ретінде симару киді.

Котт пішімі - бел тұсызда тігіс түсіріліп, белшалғысына ірі катпарлар тігілді. Кеуденің жоғары бөлігі - декольте пішіміне ие болды. Киімнің өңірінде төртбұрышты, ал жота бөлігінде терең ойық түсірілді. Котт көйлегінің конструктивті сызықта-ры денеге конымды келеді. Мысалы, кеуденің жоғары бөлігі және юбкасы денені шалқақ әрі бел тұсын айқын көрсетуге бағытталып вертикальды сызықтан ауытқып түседі; көйлектің тұтас пішілген алдыңғы бөлігі ішті шығыңқы етігі көрсетеді. Көйлек юбкасының бүйір тұсында жұмсақ қатпарлар түсіру үшін, бүйір тұсына жоғарғы шегі дөңгелене келген қиық қосылып тігіледі. Екі бірдей бөліктен пішілген жең, алдыңғы жоне шынтақ қиықтарымен сырып тігіледі. Жең киімге түрлі тәсілдермен қондырылды. Жеңнің төменгі жырығы толығымен ашық қалдырылды, кейде бірнеше жерінен іліп қойды. Көйлектің пішімі, сызықтары дененің табиғи пластикалық пішіміне сай келді.

Симара үш бөліктен тұрды: ол мойын ойындысында қат-парланып келген ұзын жота белігінен, өңір түсы қысқалау етіп тігілді. Симараның бүйір түсы тігілмей тек белі белдікпен бекітілді.

XVI ғ. Венеция әйелдері костюмінің композициялық шешімінде ауытқу байқалды. Көйлектің төменгі бөлігіндегі қалың қатпарлардың әсерінен киімнің жоғарғы бөлігін жеңілдетіп көрсетеді. Киім силуэті тортбұрышты. Киім жеңінің жоғарғы бөлігінде буфа түсірілді. Көлемді форма шығару нәтижесінде көбіне қызыл, жасыл, көк жібек матасы мен алтын жіппен зерленген парша матасы киім үйлесімін тапқан.

Венециялық бикештердің үлкен пішімді киім формасына биік ағаш өкшелі «цокколи» (сиыр түяқ деген мағынаны білдіреді) аяқ киімі өз жарасымын тапты. Италия әйелдері бас киімі ретінде - чепцы, жұмсақ шляпалар, тюрбанды қол-данды.

Шаш пішімдері — бірсыдырғы жатық, төмен пішімде болып, оны шәй ленталармен, маржан тастармен әшекейледі. Киімнің жеке беліктерін сәндеуде, әшекейлеуде тоқыма баулар (кру-жева) пайдаланды.

Киімге қосымша ретінде түрлі шашақ, лента, моншақтар, әшекей жібек, үлпекті муфта қолданылды.

## **ИСПАН КОСТЮМІ**

### **Ерлер костюмі**

XV ғасырда Испанияда каркасты ерлер мен әйелдер костюмі пайда болады. Ерлер шалбарлары мен сыртқы күртешесіне аттың жалын не мақта салып кабылды, кейде оның орнына сабан мен ағаш ұнтағымен толтырды.

XVI ғ. испандықтар костюмін сәндеуде үлкен биік ақ жаға «фреза» модаға енді. Бұл жаға өте қымбат болды. Костюм-нен жаға қымбат болды. Қатпарланған фреза жаға адамның басын көтеріп, тіпті шалқақтау етіп жүргізді. Ерлердің сырт киімі ретінде сулық киді, оның шеті үлпекпен әшекейленген қысқа мантил пішінде тігілді. Испан ерлерінің сулығы неғұрлым қысқарған сайын, ол киім иесінің дәулеттілігін байқатты. Жарты дөңгелек пішімді, қысқа «капитан сулығы» бүкіл Еуропаға «испан сулығы» деген атқа ие болды. Қарапайым халық пен саяхат жасаушылар, қарақшылар жа-мылғы есебінде пайдалануға болатын ұзын фиельтра сулығы пайдаланылды.

Сулықпен қатар сырт киім ретінде алды ашық, үлкен қай-ырма жағалы, жеңі бар, үлпектермен жиектелген ропон киімін киді. Испандықтар түмсығы үшкір, овал қиықты тараққа ұқсас «қасқыр табан» деген жұмсақ туфли киді. Әскери киімдер мен аңшылардың киімі ретінде теріден тігілген ұзын қонышты етіктерді пайдаланды.

Испан ерлері кіші жиекті берет секілді титок бас киімін киді. Оны дегелек қауырсынымен немесе асыл тастармен әшекейледі.



35-сурет. Испандық әскерлері костюмі 1585 ж.


### Әйелдер киімі

Испан әйелдері екі көйлек киді: іштен киетін котт қысқа буфалы жеңі бар көйлек болса, сыртқы көйлек жеңсіз немесе кең әрі қысқа жеңді, бел сызығынан төмен қарай алды айқара ашылған. Киім жеңінің иінді сызығын торлап әшекейледі.

Испандықтар сұңғақ бойлы, ашаң денелі, бойлы әйел тұлға-сын асқан сұлу деп санады. Әйел кеудесін қынамалы көйлектің өңірі мықынға дейін төмен қарай сүйір пішімді болып, көйлек етегіне қарай кеңейе түседі. Сонымен қатар биік пішімді фреза жаға адам бойын ұзартып көрсетті. Сарайдағы әйелдер кестеленген, бағалы тастармен әшекейленген бархат, парша, атлас маталарын пайдаланды. Еуропада алтын, күміс, түсті парша мен алтындатылған барқыт матасы жоғары бағаланды. Бұл мата-ларды тек Италиядан әкеліп қойған жоқ. XVI ғ. бастап Испан шеберлері де экспортқа қымбат жібек, парша, барқыт матала-рын шығарады. Олар Араб тоқымашылардың кәсібін меңгерген испандық шеберлердің еңбегі арқасында болды. Испан әйелдері костюмін сырға, жүзік, алқа, шынжырлар, қолғап, желпуіштер жұқа әрі шеті тоқыма баулармен әшекейленген қол орамалдар толықтырып тұрды. Испан әйелдері бұйраланған шаштарын жоғары көтеріп, биік формалар шығарды. Бастары-на дәстүрлі испандық кофья-де-папос шетін жіптермен зерленген жұқа ерлер тоқ бас киіміне ұқсас бас киімдер киді.

Әйелдер үшін қаркасты костюмнің негізі ретінде корсет және тығыз чехолды темір немесе ағаш сақиналы түрлі өлшемді юбка құрады. Мұндай киім дененің ерекшелігін жасырып тұрды, толық денені де, арық денені де корсет арқылы қалыпты деңгейге келтірді. Костюм әйел денесін жасырып тұрды, тіпті кеудені де бинтпен қатты таңып әйелге тән қасиетті жасырды. Бірақ киімнің бел мен


жамбас сызықтары байқалып тұратын. Дене мүшелерінң борін бүркейтін Византия және шығыс киімдерінен іш киім ретінде котт пайдаланылды. Женді және жеңсіз сырт киім және қысқа да жіңішке кеуде тартқышпен тартылған мүсінді әйел сұлу болып саналатын, сондықтан кеуде жіңішке кеуде тартқышпен тартылатын, жамбас түсы жіңішке юбка етегіне қарай кең бо-лып кететін каркасты қыртыссыз керіп тұратын биік фреза денені сымбатты, әсем етіп көрсетті. Маталар тамаша кестелермен, лен-талармен, бағалы тастармен безендірілді.



36-сурет. Испан киімдері 1540–1590 жж.

### Қалалықтар киімі

Каркасты киім пайда болғаннан кейін, таптық айырмашылық киімнен анық байқалатын болды. Қалалық-тардың күнделікті киімінде қаталдық байқалады. Ерлер жұмсақ, тарлау, тізеге дейінгі қысқа шалбарлар киді. Иығына мақта қойылған, жалпақ ма-тамен белі буылған сулық киеді. Әйелдердің ұлттық киімін жейде, тартпа баулы корсет, қысқартылған бүрмелі юбка, алжапқыш құрайды. Сырт киім қызметін мантилья мен то-қыма материалынан жасалған жау-лықтар пайдаланды, негізінен олар араб киімінен алынған киім үлгісі еді. Ол кезде дәстүр бойынша бір де бір испан әйелі көшеге жалаңбас шық пайтын. Тоқыма өндірісі дамуына орай әйелдер жаулық пен жамылғы үшін күдері материалдарын пайдаланды, осы сулық-тың үстінен шляпа киіп жүрді



37-сурет. Қалалық әйел костюмі

### Немістің XVI ғасырдағы киім

Немістің XVI ғасырдағы киім формасы жағынан ортаға-сырлық үлгіге жақын болды. XVI ғасырда жаңа киім үлгілерімен қатар ескі ортағасырлық киім формалары көпке дейін сақталады. Ерлер киімінде кең, қысқа кең жеңді, көлденеңтік сызықты қиық түсірілген киім үлгілері етек алады. Әйелдер киімінде сызықтар көлбеулікке бейім болып келеді. Тар кеуде, терең ойылған көкірек түс жейдені аша түсті. Баулар көп пайдаланылып, жең жиналды. Неміс киіміне *ландскнехтердің* ықпалы зор болды. Ландскнехт немістердің жалдамалы солдатты. Олардың киімі ала-құла және иықтары, жеңдері мен тізелерінде жырықтар түсіріледі. Олар қимыл-қозғалысқа ыңғайлы болуы үшін қиық жасалынды. Қиық астынан түсті астар көрініп тұрды. Осыдан бөлек-бөлек киім элементтері пайда болды. Киімдегі қиықтар, жамаулар, түрлі түске боялды. Осылай XVI ғасыр неміс костюмдерінде өзіне тән ерекшеліктерімен көзге түсті.



40-сурет. Неміс костюмі

## ХУ-ХУІ ғ. Ағылшын костюмы

ХУ-ХУІ ғ. ағылшын ақсүйектерінің киімдері ерекше сәнді, бай, шығыс маталарын пайдаланған, венецияның барқытын, үндінің шытын, орыстың терісі мен үлпегін, ашық, жылтырақ түсті, ис-пан, француз, неміс киімінің формаларын қамтыды. Бұл Англия-ның жан-жақты көп елмен байланысты болуының осері еді. Ағыл-шын-дар шет елдіктерге еліктей отырып, өздерінің талғампаздық-тары мен көркемділіктері арқылы ұлттық ерекшеліктерін көрсете білді. Қалалықтардың киімінде салтанатқа бейімділік, қымбат ма-талар пайдаланып, киімінің ыңғайлылығы ескерілді.



сурет. Елизавета Тюдор I – костюмі, фарзилгейл көйлегін «а ля Старт» (1).  
және «а ля Мария Медичи» (2) жағаларымен сәнделген

Ерлердің кең таралған костюмі — дублет (куртка түрі) көпшіліктің ұнамды киіміне айналды. Ол қысқа қайырмалы жағасы, кең жеңімен болды. Бұтына тізеге дейін жететін шал-бар, аяғына шұлық, жабық белдігі бар аяқ киім, басына төбесі аласа, кең жиекті шляпа киді. Әйелдердің сырт киімі өте кең пішілді. Әйелдер киімі қондырма жағалы, кеудесі жабық бол-ды. Әйелдердің сүйікті бас киімі — чепец болды. Чепец — турэ, сарайдағы әйелдердің сәндік бас киімі ретінде пайдаланылды. Киімде испандық фреза жағасын мейлінше түрлендіріп қолданды. Ғасырдың соңына қарай қондырмалы қайырма жағалар пайда болды. Англияда 70-жылдары сонан соң Францияда «вертугадэн» немесе «фартингал» (ағылшын тілінен аударғанда белінде тай-пак белдігі бар, жасанды конструкция) киім үлгілері пайдаланылды. Бұл киім юбкасының астына қабылған сақина тәріздес форма қойылып, оның үстінде фреза секілді көйлек матасы жиырылып белге киілді. Мұндай юбкаға еңсіз қорсетті кекірек бөлігі терең бұрышты, биік жағалы, буфалы жең қондырыл-ған. Киімді түрлі кестелермен, аппликациямен, әр түрлі тігілген баулармен, шаршаулар, қиық, буфалармен әшекейледі. Киімді тігу үшін жүн және жартылай жүн материалдары дайындалды. Жаңару дәуіріндегі костюмнің конструкциясының шешімі үлкен формалар шығару мен кеуде бөлігін қынамалау мақса-тында бірнеше қиынды бөліктерге бөлінді. Италияндық котт-көйлегінің кеуде бөлігіне юбканың ортаңғы бөлігіне қарай үшкірленіп тереңделе қондырылып, дөңгелене жиылып етегіне қарай кеңейе түседі. Көкірек пішімін шығару үшін сол тұсты дөңестеу етіп кекірек сызығынан өтіп бел сызығының ортаңғы сызығына түйіседі. Жота бөлігі шалқақтау пішіліп, ортаңғы тігісі бел сызығынан жоғары орналасу әсерінен кеуде тұсы қынамалы болды. Бел сызығын көтеру нәтижесінде кеуде қысқарып, етек бөлігі үзарып

көрінді. Жең ойындысының түбі дөңгелек етіп пішілді. Уақытша қондырылатын жең, баумен байланатын. Сәндік жең түрлерін қондыру үшін жең иіндісінің сай келуін ескермейді. Себебі жең ойындысындағы ашық кеңістік сәндік күралдар шешім табу үшін де қажет болды.

## **XVII ғасыр**

**XVII ғасыр абсолютизмнің гүлденген ғасыры**, бұл Еуропадағы ұлтсық мемлекеттердің дамып күшейе түскен кезі. Экономикада біршама дамып, мемлекетте түсініспеушілік пен қақтығыстардың туындаған кезеңі болатын. Дәл осы кезеңде тарих алаңына жаңа класс-буржуазия келеді. Буржуазия абсолютизм мен қақтығысқа түсіп, кейбір елдерде (Англия, Голландия) алғашқы революциялық теке тірестің біразында жеңіп шықты. Бірақ кейбір елдерде буржуазия әлі әлсіз болғандықтан, абсолютизм жүздеген жылдар бойы өз қарқынымен дами түсті.


Классикалық абсолютизм елдеріне Франция сол жүз жылдықтың екінші жартысындағы соғыстарда жеңімпаз болып, көп пайда табуының арқасында күшейе түсті.

XVI ғасырдың соңында Нидерланды революциясы, XVII ғасырдың ортасында ағылшын революциясы жеңді. Сауда капиталы дамыған кішігірім ел Нидерландыға қарағанда, 1640-1689 жылдардағы ағылшын революциясы мануфактуралық өндіріс дамуының нәтижесі дейміз. Бұл капиталистік қатынас-тардың бекуіне негіз болды. XVII ғасыр өздігінен драматургия саласында Мольер, Корнель және Лопе де Вега деген аттарды дүниеге келтіреді. Бейнелеу өнерінде дүние жүзіне әйгілі Веласкес, Рембранд, Рубенс, Пуссен секілді атақты есімдер осы XVII ғасырда туындады.

Еуропадағы ең бір ірі мемлекеттің бірі болған Франция XVII ғасырда үлкен мода орталықтарының бірі болды. XVII ғасырдың бірінші жартысында 30 жылдық деп аталатын соғыстың ыңғайына байланысты Француз костюмінің пішімі де өзінше өзгеріске ұшырайды.

Ерлер костюмі XVII ғасырдың бірінші жартысында өте ыңғайлы әрі кең формаға ие болды, олай деуіміздің себебі XVI ғасырмен салыстыра отырып айта аламыз.

Тұлға сұлбасы, көтеріңкі бел сызығымен және ұзын әрі тар панталондармен айқындала түсті. Иыққа дейін бос жіберілген шашпен және үлкен шляпалармен сұлба толықтырылды. Ерлер костюмінің ең негізгі, әрі керекті бөлігі ақ манжетпен қосылып, сырылған үлкен жаға болды. Жаға мен манжет кружевалармен әшекейленген. Қарапайым халық көйлегін кружевалармен әшекелемей-ақ киді.



44-сурет. Жан де Сен-Ини. Париж. Ұлттық кітапханасы



43-сурет. Жак Калло. 1630. Париж. Ұлттық кітапханасы. Людовик XII кезеңіндегі мода

қанда оның сыртынан ұзындығы жерге жететін жүн сулық ки-ген.

XVII ғасырға дейін қатаң әскери форма болмаған. Әскери форма XVII ғасырда ұзаққа созылған соғыстардың нәтижесінде пайда болды. Аяқ киім ретінде туфли мен етік пайдаланған. Етікпен балға келуге де болатын. Етіктерді жұқа, ашық түсті теріден тіккен. Ол балтырға дейін ұзарып әрі кеңейе түсті, кей-де оны тоқыма баулармен өшекейлеген.

Этикетке байланысты ұзын бос жіберілген шаш модаға енді. Кімде-кімнің шашы ұзын болмаса сол кезде модаға айналған париктер киген.

Тек буржуа мен қарапайым халықтар ғана ұзындығы құлаққа дейін қырқылған шаш қойған. Дворяндар кішігірім сақал, мүрт қойды. Бастарына түйеқұс қанаты қыстырылған ашық түсті фетрлі шляпа киді. XVII ғасырдың аяғы XVIII ғасыр басына дейін костюм киюге шек қойылмаған. Мысалы, дворянин бір киімде соғысқа барып, сол киімде қайта балға барып билеуіне, көшеде қыдыруына болады. Бұл кезеңнің костюмдері ашық түс-термен ерекшеленген: қызыл, сары, ақ, көгілдір. Дегенмен гу-генаттар қара түсті, қарапайым пішімді киімдерді киді.

#### Әйел костюмі

Әйел костюмі пішіміне қарай ерлер костюміне ұқсас бол-ған. Білінер-білінбес көтерілген бел сызығы, ұзын, тарлау кең емес майда қатпарларымен, көтеріліп тұратын юбкасы, сәл қыс-қартылған, бірақ үлкен сәнді пішімді жеңімен ерекшеленді. Әйелдер бірден екі көйлек киген: ішкі көйлек ақ, ашық түсті болса, сыртқы көйлегі одан қоюлау түсті болды. Сыртқы көйлектің алды



белден етекке дейін ашық болып астынан ішкі кейлектің ашық түсті атлас юбкасы көрінген. Кейлектің жо-ғарғы жағы түймемен түймеленген. Бай әйелдер түйме орнына сәнді қайырма ілмектермен ілген. Костюмнің бөлігі ретінде үлкен қайырма жаға болған. Жағаны кестемен сәндеген. Жең онша ұзын емес, жең ұшына кестелі манжет тігілді. Манжет пішімі үлкен бодды. Туфлиі оншалықты биік емес, бірақ тор-лы банттармен әшекейленді. Аяқ киімдер банттармен сәнделді. Ашық түсті, жібек матадан шұлық киді. Шаш үлгілері екі түр- де болды: артына қарай өріп, қайтарып, тәжі секілді етіп сәндеген, екіншісі, кекіл қырқып, жанындағы шашын өріп, желке тұсына шпилькамен туйді. Костюмге қосымша ретінде жина-малы желпуіш, қолғап, сағат т.б. пайдаланған.

## **XVII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ФРАНЦУЗ КОСТЮМІ**

XVII ғасырда Еуропа елдері жоғары даму деңгейге жетіп жаңа сипатқа ие болады. Франция елінде барлық билік Людовик XIV король қолында болды, «Мемлекет ол - мен» деген ойын еркін бідірді. XVII ғасыр Франция Еуропаның мәдени орталығы бо-лып саналса, ал Францияның мәдени орталығы Париж болды. Ал Париждің мәдени орталығы - Король сарайы еді. Сарай өмірінде бітпес күнделікті мерекелер мен салтанатты жи-ындар, спектакльдер қойылыш жатты. Бұл көріністердегі басты кейіпкер король. Са-райдағы бүкіл өмір белгілі бір этикет қағидалары бойын-ша өтіп жатты. Мы-салы, король өмі-рінде: таңертеңгілік туалет, таңертеңгілік ас, түскі ас, кешкі ас кезінде әр түрлі сый-сыяпаттар өтіп жатты.



45-сурет. Белгісіз суретші. Людовик XIV рэнграв киімінде. Париж ұлттық кітапхана

Колберн министрі енгізген — меркантилизм саясаты, яғни шет елдерден бұйымдарды алып келуге тыйым салу нәтижесінде елде қолөнер мен түрлі мануфактуралар дами түсті. Корольдің жиһаз мануфактурасы 1667 жылы қаланды. Қабырға кілем гобелендері шығарылып, тұрмысқа енгізіле бастады.

Франция экономикасы өрлей түсуіне, басқа елдердің саяса-тына әсер етті. Сол себепті де француз тілі халықаралық, тіл болып саналды. Франция Еуропа елдеріне киім мода үлгілерін экспортқа шығарып отырды. Тек киім үлгілері ғана емес, со-нымен қатар тоқыма баулар, жібек шұлықтар, тағыншақтарды шығарды. Англия, Германия, Италия, Россияға ай сайын соң-ғы мода да киілген қуыршақтарды таратып отырды. Оның бірі — «Үлкен Пандора» соңғы мода үлгісіндегі сарайдағылар киім үлгісі, ал «Кіші Пандора» төменгі сатыдағылар киім үлгісі ұсынылды. 1672 ж. алғаш «Мегсше ^аііпіе» атты мода журналы шығарылды.



46-сурет. Француз ерлері мен әйелдер костюмі

XVII ғасырда ари-стократтар талғамы-на сай *барокко* стилі калыптаса бастады. XVII ғасырдың ба-рысында колданба-лы өнер саласында да барокко стилі үстемдік етті. Инте-рьер ішіндегі жылты-рақ, ашық түсті, ал-тын түсті шаңырақ-ты, жылтыр едендер, мрамормен сәндел-ген қабырғалар, хру-сталь люстралар бәрі де ерекше сән үстіне сән қосты.

Ауыр салмақты жиһаздар өте сәнді әшекейленді. Оны қара ағаштан жасап, бетін алтын жоне перламутр, тасбақа қабығымен безен-дірді. Сарайдың сал-танаты күмістен жа-' салған түрлі бұйым-дармен толықтыры-лып, шам жарығын жарқ-жүрқ етіп ерекше сән берді.

Барокко стилді костюм сарай талаптарына сай ерекше сәнді, әрі көптеген әшекейлермен өсемделді. Осындай сәнді киімдер сарай интерьеріне сай үйлесін тапты. Францияда барокко стилімен қатар классицизм стилі пайда болды. Оның негізгі қағидасы парасаттылық, симметриялық формалардың қаттылы-ғы мен мәңгілігімен сипатталды. Классицизм сәулет және сұңғат өнерінде жақсы байқалды, ал костюмде тіпті бұл стиль қолда нылмады. 1680 жылы Король сарайы «Версаль» салынды. Бұл француз сәулетінің жандана түскен кезі болды.

Сарайдың кабыл-дау мен кешкі балға арналған бөлмелері бірінен соң бірі тізіліп орналасқан ерекше есіктермен жалғастырыла салынған залдар, бөлмелер (анфилада) ерекше эффект туғызды.

-

Сараи жанында фран-цуз саябағы салынды. Оның құрылысы да симметриялы орналасты. Көптеген аристократтар мен бай буржуалар Версаль паркі секілді өз жеке меншік бақтарын отыр-ғызды. Версаль паркі жол бойы мен аландарда орналасты. Айнадай шағылыс-қан бассейндер мен жасыл желектер ерекше сән берді. Жеке террасалар үлкен мрамор текпішектерге жалғасты. Биік шалғындар мен ағаштар, аландар мен аллеяларды бөліп керсету үшін шар, пирамида секілді форма етіп қырқылды. Парк ішінде дем алу үшін жеке орындықтар қойылды. Әсемдік үшін ежелгі құдайлар мен батырлар киімінде бейнеленген мрамор статуеткалары орналасты. Эстетикалық көзқарасқа сүйене отырып, мәңгілік пейі ұлылық, байлық пен әсем киімдер барокко стилінде айқын көрінді. Бірақ осындай әсемдік пен сұлулықтың фондында адам кейінгі планға қарай шегінді.

### **Ерлер киімі**

Ерлер киімінің ең қажетті бөлігі болып ұзын жеңді шілтерімен, манжетті ақ кейлек болып саналды. Көйлек сыр-тынан қысқа түймеленбейтін күртеше киді, тек қариялар ғана бұрынғыдай кафтан киіп жүрді. Панталондары өте қысқа, орі сәнді болып тізе тұсына байланды. Аяқтарына ақ шұлық киді. Оның жоғары бөлігі қайырылып, шілтерімен-канондармен сәнделді. Олар панталон бауларына бекітілді. Бұл киім үстінен кей кездері қысқа юбка ренграв (Ренграф ван Сальи-Париждегі голландық елші есіміне сай аталды) киді. Юбка астынан шұлықтың кру-жевалары көрініп тұрды.

Аяқ киімнің ұшы дөңгелек (үйрек түмсық) етіп тігілді. Дво-ряддар биік қызыл каблукты ақ туфли киді. Қызыл теріден,



48-сурет. Антуан Трувен. Әскери жестоқор. Маршал герцог де Бервик



49-сурет. Николла Боннар. Галлантты жұп серуенде, 1693 ж. Париж

қалың ұлтаракты аяқ киім киді. Бұл моданы Людовик XIV өзі енгізді. Туфлидің ұшын жібек тор мен жіңішке бантпен әшекейледі. Сырт киім ретінде қысқа сулық не қысқа женді кафтан жамылғы пайдаланды. Шашын сәнді етіп көрсету үшін ақ бұйра сәнді париктер пайдаланды. Ер кісілер «а la ВipeШ» паригін киді. Ал иектерін, ернін жиектете жіңішке мүрт қойды. Ол «а la уО!» деп атады. Бас киімі ретінде конус пішінді қатты, еңсіз жиекті шляпа киіп, оны түйекүс қауырсындарымен әсемдеді. Костюм бантпен, ленталармен, шілтермен, қолғап--тармен безендірді. 60-шы жылдары «кроат» атты галстук модаға енді, ол желбезектермен сәнделіп, бант секілді байланды.

Дворяндар киімдерін түрлі қымбат тағыншақтармен сәндеді. 1665-67 жылдары ерлер киімі қатандау сипатқа сай болды. Ұзыш қынамалы *кафтиш-жюстокор* денеге қонымды болады. Жюсто-кор жағасыз болып, бел тұсында шәлімен оралып, бүйір тұсында бант байланды. Оның алдында клапан секілді алғаш рет қалта салынды. Бұған дейін ұсақ-түйек заттар белге қыстырылып жүретін. Оның өңіріне түймелек орналастырылды. 70-ші жылдары атқа мінуге қолайлы болу үшін жюстокордың жота бөлігі мен бүйір сызығы айыр болып тігілді. 80-

ші жылдары ұзын тілді, қысқа өкшелі клюш аяқ киімі пайдаланылды. Ерлер киімінің түсі қара-

лау, пішімі қаталдау етіп тігілді. Бұл кезеңде үлкен муфталар мо-даға енді. Мұны бауға байлап қойып жүрді. Оны Людовик XIV пайдаланған. Ерлер костюміне қосымша қолғап, трость, қылыш, сағат және муфта енді.

**Әйел киімі** силуэтінің бел түсы қынамалы әрі ұзын көйлегінің етегінде шлейфі бар. Жеңі бүрмеленіп, тарыла түсті. Кит мұртынан жасалған корсет қынала түсті. Мойын ойынды-сының пішімі әр түрлі болды.

Мойын ойындысы сопақша пішімді не көлденең шаршы сы-зықты болды. Жағасыз киім ойындысы сәнді шілтермен тігілді. Киімнің жоғары бөліктерінен етекке қарай өлшемдері кішірейе түсті, банттармен сәнделді. Жең ұзындығы білекке дейін жетті.

Әйелдер 2 көйлек киді. Сыртқы «робу» барокко стилінде шлейфімен зерленіп, түрлі тағыншақтар қадау нәтижесінде ауырлана түсті. Королева көйлегінің шлейф ұзындығы 11 білек (1 білек 45 см-ге тең, принцесса 5 білек, Герцогиня 3 білек т.с.с) болған. Алайда әйелдер өз жүрістерін жеңіл көрсете білді.

60-шы жылдары модаға «Ла Мансіпі», 90 жылдары «фонтаж» атты күрделі шаш пішімдері енді. XVII ғасырда Буржуазия костюмдері бірдей болды деп айта алмаймыз. Төменгі сатыдағы халықтар түрлі киім үлгілерін қолданды. Мысалы, бай буржу-алар мода да дворяндардан қалмауға тырысты. Ал майда буржуалардың киімі жай халықтікіне жақын қарапайым болды.

## **XVIII ғасыр**

XVIII ғасыр — феодализмнің дамуының ең соңғы кезеңі бо-лып саналады. Феодализмнен капитализмге өте бастаған кезеңінде буржуазиялық төңкерістердің туындауына себепші „болды. 1789 жылы француздың буржуазиялық революциясы-ның вдеологтары: Дидро, Вольтер, Руссолар тарих сахнасына шықты. XVIII ғасыр бүкіл адамзат мәдениетінің бірлігі, білімді адамдардың молаюы, ұлттық интеллигенцияның қалыптасу ретінде танылды. XVIII ғасырдағы классикалық ел деп Фран-цияны айта аламыз. Франция өнері көптеген Еуропа өнеріне жол көрсетуші болды, Француз тілі бүкіл халықтардың өзара түсінісу тіліне айналды. Франция модалары Еуропа киімдерінде кеңінен тарады.

### **XVIII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КОСТЮМ**

Эстетикалық көзқарастың дамуы бірқатар кезеңдерден өтті. Жүзжылдықтың бірінші жартысындағы көркемдік бағыттың мақсаты аристократия мәдениетін дамыту болды. Яғни мұнда барокко стилінің рококо стиліндегі көрінісі байқалды, бұл көрініс барокко стилін ары қарай дамыта түсті. Барокко стилі аристократиялық абсолютизмнің нағыз батып бара жатқандағы кезеңін көрсетеді.

XVIII ғасырда Францияны басқарған дарын Людовик X<sup>^</sup>және оны қоршаған фавориттер аристократияның ертеңгі күніне сенімсіздік білдірді.

Рококо - сәндік стильді құрады. Ол өте нәзік, орі эсерлі сипатқа ие болды. Түстер нәзіктігімен мебельде ғана көрініс таппай, интерьерде де әсем өрнек

танытты. Рококо стилі катан, бұрыш пен түзу сызықтарға қарсы келді. Интерьерде - көк, қызғылт, ақ, сия көк, әрі жеңіл ашық түстер қолданды.

Интерьердегі, жиһаздардағы жеңіл сызықтарға костюм сипаты да ұқсас болды. Франция киімдері XVII ғасырда бүкіл Еуропа-да жоғары сұранысқа ие болды. XVIII ғасырда Еуропаның бар-лық елдерінде Франция модасы қабылданды. XVIII ғасыр-арис-тократия модасының ең соңғы өмір сүрген кезеңі болды. Бұл кезде сезімталдық пен нәзіктік бірінші орында тұрды. Әйелдер

одемі көріну үшін, беттерін бояды, ағарған шаштарын байқат-пау үшін талпынып, бәрі жас көрінгісі келді.

Костюмде мынадай силуэттер байқалды: тар еңсіз иық, өте нәзік бел, домаланған бөксе сызықтары, қарапайым шаш пішімі, бәрі де адам денесіне жеңілдік тудырды. Ер кісілер костюмінің силуэті де әйелдің костюміне ұқсас болды. Ер кісілерде әйелдер секілді иіс сулар себетін болды. Аристократтың костюмі бағалы тастар-мен сәнделді. Түйме орнына да қымбат тастарды пайдаланды. Дегенмен, ең қымбат киімдер бір рет қана киілетін болды.

одемі көріну үшін, беттерін бояды, ағарған шаштарын байқат-пау үшін талпынып, бәрі жас көрінгісі келді.

Костюмде мынадай силуэттер байқалды: тар еңсіз иық, өте нәзік бел, домаланған бөксе сызықтары, қарапайым шаш пішімі, бәрі де адам денесіне жеңілдік тудырды. Ер кісілер костюмінің силуэті де әйелдің костюміне ұқсас болды. Ер кісілерде әйелдер секілді иіс сулар себетін болды. Аристократтың костюмі бағалы тастар-мен сәнделді. Түйме орнына да қымбат тастарды пайдаланды. Дегенмен, ең қымбат киімдер бір рет қана киілетін болды.

### **Әйел костюмі**

XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы киім үлгілері нәзік талғамда болды. Әйелдер киім пішімі де иықты, тар, жіңішке бел, жұмсақ бөксе сызығы байқалды. Әйелдер корсет және іштен киетін юбканы пайдаланды. Фрепон - ішкі көйлек етегіне дейін сәнделді.



53-сурет. Ватто қатпарлы көйлек

Ішкі көйлектің тар болып, оның астынан корсет киілген. Жоғарғы көйлек кеудесі бантпен немесе баумен сәнделген. Бұл да бір жаңалық еді. Сәнді көйлек түрінің бірі —контуш немесе «Ватто қатпарлары» атты көйлек болды. XVIII ғасыр ортасында контушты қысқартып, үйде киетін жакет ретінде пайдаланды. XVIII ғасырда әйел көйлектерінің бәрі банттар-ға, гүл жиынтығы мен сәнді тігістерге бай болды. Костюмді толықдыратын көлемі, кішілеу кимешаш пішімі еді. Олар шаш-тарын ленталармен, гүлдермен алтын жіптермен сәндеп жи-нақтады. Кимешаш опаланатын еді. Үйде чепчик киді. Аяқта-рына биік өкшелі туфли киді. Ол атластан немесе түсті теріден жасалынған еді. Модада бұл кезде білезіктер, жүзіктер, алтын сағаттар пайда болды. Бұл заттар костюмді толықтырып, сал-танатты етті.

Халық костюмінде матасы арзан сүр, қаралау түстер пайдаланады. Формасы жағынан сәнді силуэт секілді болғанымен қарапайымдылық танытты.

### **XVIII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КОСТЮМ**

XVIII ғасырдың екінші жартысында өнерде классицизм стилі енді. Ол Француз революциясына дайындық кезеңіндегі бур-жуазияны сипаттайтын стиль болды. I ғасыр. б.э. дейін жойыл-ған Ежелгі Римнің Геркуланума мен Помпей қалаларын ашу-ына байланысты 1748 жылы өнер саласында көне заманғы ою-өрнек үлгілерін пайдаланды. Интерьер үшін ашық түстермен бояды. XVIII ғасыр ортасында рококо стилі костюмдерін киюді жалғастырды. Оны «соңғы

рококо» стилі деп атады. Киім тігуде — жібек, жартылай жібек, барқыт сукно-маталарының ашық, жолак, түстерін қолданды.

XVIII ғасырдың 70-ші жылдары ағылшын модасына үлкен мән берді. Бұл костюмдердің формасы мен түсі қатаңдау келіп, сол аймақта кеңінен қолданылып, үлкен сұранысқа ие болды.

### **Ерлер киімі**

Француздың жібек кофтасын ағылшынның, сукнодан тігілген фрак ығыстыра отырып 70-ші жылдары ол модаға енеді. Ағыл-шынша фрак француздарға қарағанда қатаңдау, қанықтау түс-терден тігілді. Францияда фракты жібек маталардан тігіп, кес-телермен әшекейледі. Бұл жылдары француз кафтанның пішімі де фрак пішіміне ұқсас пішілді.

Ағылшынның алғашында ат үстінде жүру мақсатында қол-данылатын редингот сырт киімі аса сәнді деп саналды. Оның өңірлері тік түсіп, шәлі жағалы етіп пішілді. Ол модаға 1770 жылы енді, формасы сюртук пен пальто пішіміне ұқсас болды.

Кюлот — өзінің пішімін өзгертпейді, ол бұрынғысынша қына-малы әрі ұзын тізеге дейін түсті.

Көйлектің пішімі сол бұрынғыдай болды. Шұлықтары ақ немесе жолақты етіп (жолақтары тігінен келді), аяқ киімдерінде үлкен темір қаусырма қолданды. Ботфорт — етігін атқа мінгенде серуенде киіп жүрді. Шаштарының пішімі тіпті өзгермейді. Олар басына парик (кимешаш) немесе өз шаштарын артқа қайырып, бұйралап, қара лента таққанды қалайтын.

Ерлер модаға енген рединготпен бірге бастарына цилиндрлі ағылшын шляпасын киді.

### **Әйелдер костюмі**

XVIII ғасыр ортасындағы әйелдер костюмі рококо стиліндегі сарайдағылар костюмдерінің түріне сай келді. Костюмге қосым-ша тағылатын әшекейі мен силуэті бұрынғыға қарағанда күр-делене түсті. Эллипс гәрізді бүйір тұсы тартыңқы, үлкен қондырмалы ал-дыңғы жағы түсіңкі, ал арқа бөлігі шынтақты панье тәрізді юбка силуэті ерекше болды. Юбканың бүйір тұсы өте үлкен шар тәріздес болғандықтан, бұл көйлекті киген бикештің жанында ковалерлер қолын ұстап жүру өте ыңғайсыз болды. Әйелдер қатарынан екі юбка киді. Томенгі юбканың етегін айналдыра желбезектер тігілді. Ал жоғарғы бөлігіндегі юбканың етегі ашық болып, көйлектің кеудесімен қоса тігіледі. Кейде ұзын юбка орнына қысқа каркасты —фижманы қолданды. Көйлектің өңірі қысқа әрі жағасы ашық (ойық) болды, оның айналасы желбіректермен әшекейленді. Жеңі қынамалы болып, төменгі жағында үш катпарлы етіп тігілді.

Кейде әйелдер бұрынғысынша полонез сырт киімін киді. Оның алды ашық болып, жарты дөңгелек секілді керініс тап-ты. Сондай-ақ контуш киімінің бірі кең, алды ашық қынама-сыз левит-көйлегін киді.

Жана киімдердің пішімі өте үлкен болғандықтан, оны тек сән-салтанаттарда ғана киді, ал басқа күндері жүріп-тұруға өте ыңғайлы төменгі жағына қатты юбканы немесе фижманы пай-даланатын болған. Көйлек сыртынан шілтермен сәвделген ора-малдарды иықтарына жамылып жүрді.



Бұл киімдер әйел денесінің пропорциясына қарама-қарсы келді. Көйлекті шілтері бант, гүл шоғы, гриляндар-мен, жасанды немесе табиғи гүлдермен және қауырсындармен сәнделді.

Шұлықтарының түстері ашық түсті болды. Аяқ киімдерінің өкшесін биік етіп, оны парша, ат-лас, барқыт сияқты түрлі материалдардан әзірледі.

Шұлықтарының түстері ашық түсті болды. Аяқ киімдерінің өкшесін биік етіп, оны парша, ат-лас, барқыт сияқты түрлі материалдардан әзірледі.

70-ші жылдарда әйелдер шашының пішімі маңдайдан жоғары қарай кейде 60 см-ге дейін көтерілді. Суретте әйел шашының пішімі көрсетілген. Бұл шашты кешкі мерекелерге арнайы арнап жасатылған. Шашты сәндеуде түрлі — (куафюра) — (158— 159) бағалы тастарды, материалдарды пайдаланып, тамаша, әшекейлі шаш үлгілерін жасады. XVIII ғасырдың 80-шы жылдары костюмге қосымша ретінде қолғап, қолшатыр, трост және лорнет пайдаланды.

Франция королевасы Мария Антуанетта биіктігі 1,5 м-ге жететіндей түрлі қолайсыз, бірақ өте әсем шаш үлгілерін жасатып көпшілікті таң қалдырумен болды. Тіпті әр апта сайын жасаған жаңа үлгідегі шаш түрлері, куафер Леонар Болярдың шығармашылық туындылары еді. Осы кезде түрлі шаш үлгілерінің суретін көпшілікке жария ету мақсатында 1770 жылы Парижден шыққан «Курер де ля мод» журналында жарияланып отырды. Бір жылдың ішінде шыққан гравюралар саны 3744-ке жеткен. Бұл сол кездегі шаш-таراز өнерінің жоғары деңгейге жеткендігін білдіреді. 80-шы жылдары әйел костюмдеріне ағылшын модасы әсер еткендігін байқауға болады. Онда қарапайымдылық пен табиғатқа жақындылық мәдениеті сезіледі. Алғашында ағылшын модасы ірі буржуа мен дворяндардың, жастар ортасында бай қалса, соңынан ол сарай костюміне өсер етті. Мұндай әйел киімдеріне жұмсақ, сызықтар қолданды, сондықтан қарқасты киімдер сөнге айнала бастады.

Юбка-көйлектердің тек артқы бөлігінде гана шаршылар пайдаланылып, турнюр «Сиі сіе Рагек» пішімін қалыптастырды. Көйлекті жеңіл, жұқа маталардың ашық, түстерінен тікті. Бел түсінен сәл ғана жоғары белдік тағылып, ол арқа түсында байланады. Юбка етегі майда шаршаулармен сәнделіп, белдің артқы бөлігіне қарай шәлі-шлейф жұмсақ, шаршаулар түседі. Кеуде бөлігінде доңгелек мойын ойындысы жұмсақ сызық әйелге тән сипат берді. Тар жеңі иық сызығын айқындай түсті.

Шаштарын алғашында опалап, жоғары қарай түйсе, кейінірек шаш пішімдерін қарапайымдылау етіп бұйралап локон жасатты.

Бас киім ретінде ағылшынның, кең жиекті жібектен, барқыттан тігілген шляпаларын пайдалады. Әйелдер атқа мінгенде киетін, қысқа жакет, (ерлер фраг секілді) аэрозонка көйлегін киді. Сонымен Ұлы Француз революциясы қарсаңында костюмдер таптық қатынасқа сай әр түрлі пішімде болды.



54-сурет. Мода журналындағы гравюра.  
Фрегат шашты, полонез көйлекті бикеш



55-сурет. Шаш пішіміне арналған карикатура

**1789 жылы француздың ұлы буржуазиялық** революциясы жеңісінен соң, саяси үстемділікті қолға алу мақсатында, бур-жуазия революциясын басқарған негізгі күш қала мен дерев-няның еңбекшілері болды. Ғасырлар бойы қалыптасқан фео-далдық құрылым мен салт-дәстүрлер үстем таптың киім киюге деген ерекшелігін айрықша жойды. Француз революциясы феодализмді жойып, капитализмнің дамуына жол ашты. Ре-волюция әсерінен костюмнің формасын өзгеріске ұшыратты. Киім матасы қарапайым болып, пішімі қимыл-қозғалысқа икемделді. Француз революционерлері киімінде өте қарапайымдылық пен ыңғайлылық байқалды. Ерлер костюмі «кор-моноло» — атты қысқа күртеше мен ұзын көкшіл панталон-дар болды. Олар қызыл таспа баулармен жиектелді. Ұлттық стильде тігілген қызыл қалпақтарды киді. Күртеше ішінен қысқа жеңсіз жейде киіп, мойындарына қызыл түсті галстук-мойын орағыш байлады.

Суық күндері қалың қоңыр, күлгін түсті сукнодан тігілген упелянд сулығын киді.

Әйелдер киімі — негізінен іштен киетін жейде мен сыртқы екі түймелік көкшіл түсті сукнодан тігілген күртешеден және бел тұсында бүрмеленіп жиырылған белшалғысы корсетсіз көйлек киді. Ал бастарына дөңгелек шляпа киді, оған қауыр-сындар мен кокарданы тағып жүрді. Киім тігуде көбіне қызыл, көк, ақ түстер пайдаланылды. Бұл костюмдер революция кезеңінде ыңғайлы болды.

Суретте 1791 ж. мода журналында бейнеленген гравюрада бірнеше жағасы бар «А-ля Левит редингот» киген жігіт және 1790 ж. мода журналының гравюрасында әйел костюмі көрсетілген, бұл киім өзінің киюге ыңғайлылығымен, әсемділігімен ерекшеленеді.



57-сурет. 1790 ж.  
Мода журналының  
гравюрасы



58-сурет. Мода журналының  
гравюрасы. 1791 ж. Бірнеше қабатты  
жағасы бар Редингот а-ля Левит

**XIX ғасыр костюмінің калыптасуына XIII ғасыр киім үлгілері әсер етті.** Біздің бүгінгі күнде киіп жүрген киім үлгілеріміздің де негізгі бөліктері сол уақыттағы киім бөлігінің негізінде дами түсті. Тіпті кейбіреулерінің пішімі де осы уақытқа дейін өзгермеген. XIX ғасыр ерлер костюмі - жұмыс костюміне қолайлы болды. Бұрынғы ғасыр костюмдері жұмыс-сыздық пен мерекелік болса, XIX ғасыр костюмі батылдық пен жұмыс адамының бейнесін көрсетіп тұрды. Жаңа үлгідегі костюмдер тек, ескі пішімнің кейбір жеке бөліктері ғана өзгертілді десе де болады. Өзгертудің нәтижесінде киім өзіндік сипатқа ие болды. Естен шыға бастаған киім үлгілері модаға айналып, мода тез арада ауысып отырды. Кейде костюм түстерін өзгертіп, бірнеше түстерден ғана тұрды. Сонымен қатар қалалықтар мен ауыл адамдарының киім үлгілерінде де айырмашылықтар байқалып отырды. Костюмде кәсіптік ерекшеліктер байқалды. Қарапайым жұмысшы мен ірі буржу-азия киетін костюмдерінің өзіндік ерекшелігі болды. XIX ғасыр ерлер костюмі жұмыс костюміне айналды. Суретші костюмі жұмысшы костюмінен ерекшеленді.

Мода журналдарында түрлі киім үлгілері ұсынылып отыр-ды, ал Француз консульствасы кезеңінде киім модасы күн сай-ын өзгеріп отырды. Кейбір костюмдерді 2-сағ ішінде әзірледі, ал олар тек бір киер ғана етіп тігілді. Сәнкой кербездердің киімінің жағасы сүйір болып пішіліп оны жоғары көтеріп қойды. Сонымен қатар мойнына галстукты жоғары байлап оның да ұшын сүйір етіп жасады.

Аяқтарына шұлық (гетры), биік өкшелі етіктер кию 1805 ж. дейін модадан шықпады.

Бастарына биік немесе аласа бойлы бас киімдер киіп жүрді. Кешке міндетті түрде қатпарланған шляпалар киді. Әсіресе екі бұрышты «а la \oizze» немесе «а la УіпіітШ», ал кейінірек бұл бас киім түрін көшеде серуендеуге де киді. Мода журналдарында түрлі киім үлгілері ұсынылып отыр-ды, ал Француз консульствасы кезеңінде киім модасы күн сай-ын өзгеріп отырды. Кейбір костюмдерді 2-сағ ішінде әзірледі, ал олар тек бір киер ғана етіп тігілді. Сэнкой кербездердің киімінің жағасы сүйір болып пішіліп оны жоғары көтеріп қойды. Сонымен қатар мойнына галстукты жоғары байлап оның да ұшын сүйір етіп жасады.

Аяқтарына шұлық (гетры), биік өкшелі етіктер кию 1805 ж. дейін модадан шықпады.

Бастарына биік немесе аласа бойлы бас киімдер киіп жүрді. Кешке міндетті түрде қатпарланған шляпалар киді. Әсіресе екі бұрышты «а la \oizze» немесе «а la УіпіітШ», ал кейінірек бұл бас киім түрін көшеде серуендеуге де киді. Мода журналдарында түрлі киім үлгілері ұсынылып отыр-ды, ал Француз консульствасы кезеңінде киім модасы күн сай-ын өзгеріп отырды. Кейбір костюмдерді 2-сағ ішінде әзірледі, ал олар тек бір киер ғана етіп тігілді. Сэнкой кербездердің киімінің жағасы сүйір болып пішіліп оны жоғары көтеріп қойды. Сонымен қатар мойнына галстукты жоғары байлап оның да ұшын сүйір етіп жасады.

Аяқтарына шұлық (гетры), биік өкшелі етіктер кию 1805 ж. дейін модадан шықпады.

Бастарына биік немесе аласа бойлы бас киімдер киіп жүрді. Кешке міндетті түрде қатпарланған шляпалар киді. Әсіресе екі бұрышты «а la \oizze» немесе «а la УіпіітШ», ал кейінірек бұл бас киім түрін көшеде серуендеуге де киді. адамдар бірдей киінсін, табиғатқа жақындық жоне классицизм өнерге қайта енгізілсін деп талап етті.

XVIIIғасырдың соңғы жылдарында костюмдер негізгі клас-сикалық үлгіде болды. Сол кездегі адамдар киім формаларын кең етуге ұмтылды. Адам бейнесін Греция сұлулығы үрдісіне сәйкестендірді. Бұл үрдіс бойынша ең бірінші киім адам денесінде қонымды болып, өзін еркін сезінуі керек деп есептеді.

Француз әйелдері суық кезде де жылы сырт киімін кимеуге тырысты. Олар жылы киімдерді қысқа күртеше спансермен, шляпалармен айырбастады.

Бас киімдері мен аяқ киімдері антика формасына ұқсас бол-ды. Дөңгелек, сетка, диодема, страус қауырсындарымен безендірілген, байламдар, барқыт пен жібектен жасалған лен-талар грек үлгісінде тігілді.

Аяқ киімдері — қысқа өкшелі болып, ақ түсті ленталармен айқастырып орап байлады. Сол кездегі буржуазиялық мырза-ларға сай костюм үлгілері дамып отырды. Олар қарапайым да ыңғайлы костюмдерге көңіл бөлді. Ерлер костюмі қара жүн-нен тігілген фрак, ақ түсті жилет, биік қатаң үлгідегі шляпа-лардан құралды.

## МОДЕРН СТИЛІ

XIX ғасырдың 90-шы жылдары әйел костюміне жаңадан дүниеге келген модерн стилі енді. Модерн буржуазия мәдениетін мойынсынбай, тығырықтан шығу үшін жасалды. Модерн стилінде әйел көйлегі жіңішке лиф, кең юбка, тар жең, биік жабық жағадан тұрды.

Жаңа корсет формасы 8-тәрізді үлгіге ие болды. Кеудесі көтеріңкі, бөлі тартылыш, артқы бойы белден бұрала шыққан сызықтан тұрды. Барлық конструкторлы және сәндік сызықтар 8-тәрізді болып келді. Адам денесін киім арқылы жасанды түрде өзгертіп көрсету әр ғасырда қолданылды. Готика стилінде де осын-дай жасанды бұтулер қолданылғаны белгілі. Алайда ешбір дәуірде мұндай табиғатқа қарсы келер костюмдер болған емес.

Бас киімдері ғасыр соңында биік болды. Шашын биік етіп түйіп, оларды гүлдермен, қауырсындармен әшекейледі. Костюмдерді қолқаптар (перчатка), муфта, сөмкелермен толық-тырып отырды. Аяқ киімдері биік, өкшесі баумен байланған немесе түймеленген болды. Туфлилері әр түрлі теріден тігіліп, банттармен сәнделді



59-сурет. Мода журналының гравюрасы. 1888 ж. Жеке жинақ. Көшеге кездесуге арналған костюм: шляпа, пелерина жамылғысы мен муфта

## АМПИР СТИЛІ

1804-1815 жылдар аралығындағы пайда болған костюмдер «Ампир стилі» деп аталды. Ампир сөзі Наполеонның бірінші империя құру себебінен туындады. Сондықтан Ампир-империя стилі деп саналды.

Архитектурада ампир стилі мерекелі, қатаң, өзіндік сипатқа ие болды. Тек кішігірім жатын бөлмелер әсем әшекейленді.

Бөлме қабырғаларын суреттері тіке түскен мата-талармен қаптады немесе қабырғаға сурет салды, кейде ою-өрнектермен де әшекейледі. Рим сәндік өнері секілді жасалынған, гүл шоғы, грифон ою-өрнектерін қолданды.

Ал едендерін тік бұрышты плиталармен немесе күрделі өрнектермен сәндейді. Жиһаздар ауыр, қатты дөрекі пішімді бо-лып, көк, көкшіл, қара түсті маталармен қаптал-

ды. Интерьер іші күміс люстралармен толықтырылды.

Францияда алғаш рет Персье, Фонтен суретшілері «Мебель» журналын шығарып бүкіл Еуропаға осы стильді жария етеді.

Ампир стилі классицизм стилінен өзінің кендігімен, әсемдігімен ерекшеленді. Егер классицизм стилі қарапайым да жеңіл, дем-алыс киімдері нәзік түстерге жақын болса, ал ампир стилі ерлік, суықтық пен қатандықты білдірді. Ампир стилі: алқызыл мен қара қызыл мен жасыл, көк пен ашық сары түстер қолданды.

Ерлер костюмі ақ крахмалданған жағасы бар (костюмін) койлек киді. Жағалары өте биік болды. Биіктігі сонша бетгерін жауып тұрды. Галстуктері мойыншалғыға ұқсап, мойындарын айналдыра орап, алдына әр түрлі әдістермен байланды. Ерлер етікке дейін ұзын панталондар киді. Олардың белі тарпа бау-мен тартып байланды.

Сонымен қатар ерлер фрак киді. Фрактың белі қыналған, жеңі иық түсында кеңейтілген, жеңнің аузы азғана кең пішілімі барқытпен қапталып қойды. Жағасын барқыт матасымекөмкеріп, асыл тастармен әшекейледі. Панталондары мен сырт киімдері әр түсті болды. Бірақ панталонның түсі сәл ғана ашық болды. Шашын қалың етіп, бұйралап қойды. Ең сүйікті бас киімін маржан тастармен сәндей, жиектері көмкерілген ағыл-шын шляпасы болды. Аяқ киімнің сары қайырмасы бар қара етік және ашық түсті туфли киді.

Атқа мінгенде бұрынғысынша редингот киді. Оны шамалы өзгерте отырып, күнделікті киетін - сюртукке өзгертті. Сюр-тук француз тілінен аударғанда «бөрінің үстінен» деген мағынаны білдірді. Оны фракпен мундирдің үстінен киді. 1820 жыл-дары оны пальто ретінде қолданды.

Сюртук белге қынамалы етіп етегі тізеге дейін, ал жеңі фрак жеңі секілді болды. Ерлер шашын «а la TiГик» пішінде қысқа қидырды.


Әйелдер костюмі-ампир стиліндегі қарапайым және қатаң,-дау пішімде болды. Көйлектің бел сызығы жоғары орналасып, көкірек түсын ерекше сәнді етіп көрсетті. 1810 жылы юбка пішімі қоңырау тәрізді болып, етегі өдеміленіп әшекейленді. XIX ғасыр-дың басында ақ түсті көйлектер кесе, кейіннен әр түрлі гүлсіз көйлектер киді.

Сырт киімдер аса көп болмады, солардың бірі - күртеше спен-сер. Сырт киім орнына әр түрлі жамылғылар киді. Бір күнде олар киімдерін бірнеше рет ауыстырып отырды. Ол кезде этикет бойынша әйелдердің сәнді 365 шляпасы,

360 пар аяқ киімі болу керек деп саналды. Ал көйлектері небәрі 12 дана ғана болды. Шашын шляпалар сияқты көп өзгеріске түсірген жоқ. Аяқ киімдері жеңіл, ұшы үштік, оны лентамен аяқтарын орап байла-ды. Костюмдеріне қосымша етіп, қолғап, сөмке және кішкене қолшатыр ұстады. Әйелдер костюмі әр түрлі бағалы бұйымдар-мен атап айтқанда, сақина, алқа, сағаттармен толықтырылды.

## ОРЫС КОСТЮМІ

**Аристократтар киімі.** XVIII ғасырда орыс дворяндары жал-пы еуропалық даму жолында өзінің позициясын нығайтты. Осы-ның нәтижесінде Еуропаның барлық, аристократтары сияқты орыс дворяндары да француз модасына еліктеді.



61-сурет. Аристократтар киімі

Сол кездегі «Дамские моды александровского времени» ма-каласында мына хабарларды оқуға болатын еді. «Ханшайым Елизавета кезінде біздің қоғамымыздың жоғарғы топтарында француз модасына еліктеді, ал Екатерина II кезінде ол тіпті дами түсті. Орыс әйелдерінің киімінде ешқандай дербестік және ұлттық элементтері болмады. Ол тек басқа елдің қоғамдық және саяси өмірінің бейнесі ретінде ғана көрініс тапты. Ал климат-тық және тұрмыстық



жағдай еш ескерілмеді». Осы мақаланың авторының айтқандарын тіпті Мәскеу қаласына келген шетелдіктер де мақұлдады. Өйткені орыстар сол кезде басымболған француз модасына еліктегені соншалықты, олар тек Парижандықтарға ғана жол берді. XIX ғасырда Ресейде шыға бас-таған мода журналдарында («Московский Меркурий», «Мод-ный вестник», «Всеобщий модный журнал», «Модный магазин» т.б.), сондай-ақ көркем-әдебиеттік журналдарда («Библиотека для чтение», «Современник») француз модельдеріне арнап жеке өз беттерінде орын берді. Бұрынғысынша Ресей аристократтарының сәнді туалеттері Парижден окелінді немесе сәндік киімдері еуропалық үлгілер бойынша тігілді.

Сонымен қатар XIX ғасырда белгісіз орыс суретшілері, модельерінің, тігіншілерінің, зергерлерінің және әйгілі петербургтік, мәскеулік фирмалардың «Ломанов», «Г-жа Оль-га», «Бризак», «Иванова» және т.б. шығармашылығының гүл-дену кезеңі болды. Олар тамаша костюм үлгілерінің нұсқасын ойлап тапты.

XIX ғасырда мода журналдарында орыс суретшілерінің суреттеріне қарағанда, орыс аристократтарының костюмдері жалпы еуропалық киім формаларына еліктеді. Ғасыр басында амбир стилі костюмдерінде антикалық элементтері байқала бастады. Әйелдер тығыз астарлы чехол, оның үстіне жүқа жібектен тігілген ұзын ақшыл көйлектер киді. Әйел фигурасының силуэті жоғары орналасқан бел сызығы, кіші көлемді лиф және тік қынамалы юбкамен ерекшеленді.

Серуендеуге арналған киімінде сыртқы көйлектің төменгі сызығына көлденең әшекейлер тігіледі. Бұл силуэт пропорцияның бұзылуына, яғни көйлектің ауырлауына әкеліп соқты.

Ерлер күңгірт фрак, қынамалы панталон және сюртук-пальто кие бастады.

1825 жылы мода күрт өзгерді. Әсіресе әйелдер киімінде ма-талар, осемдеу, әшекейлеу, силуэт, конструктивтік шешімдері эклектикалық стиль ықпалы бірнеше керкемдік стильдерінің өсерінде болды. XVII және XVIII ғасырлар қайта өрлеу дәуірі ретінде бағаланды.

Осындай костюмдерді Брюлловтың «Наталья Гончарова» және «Всадница» деген суреттерінен байқауға болады.

40-60-шы жылдары әйел костюмінде нақты пропорция кринолиннен құрылған жұмсақ дөңгеленген сызықтар қол-данылды.

70—80-ші жылдары кринолинның орнына ұзын қатты кор-сеттер мен турнюрлер пайдаланды.


Ғасыр соңында орыс ойелінің костюмі «Модерн» стилінің ықпалында болды. Мұны Репиннің «Баронесса Иксуль», Се-ровтың «Портрет С.М. Боткиной» картиналарынан керуге бо-лады.

XIX ғасырда Ресейде Еуропадағы сияқты ерлер костюмінің формалары тұрақталып, стандартталды. Ол жаңа уақыт қажеттіліктерін қанағаттандыруға икемделді.

*Саудагерлер мен мишандар киімі.* XIX ғасырда Ресейдің әлеуметтік құрылымы алуан түрлі болды. Дамыған капитализм буржуазияның қалыптасуына әсер етті.

Олардың өзіндік тұрмыс-тық, салты мен мәдениет деңгейі терең әрі көп мағыналы еді.

Халықтың бақуатты бөлігі астаналық буржуалар, үлкен фаб-риканттармен, финансистердің тұрмысы мен дәстүрі Петр I мен Екатерина кезеңінде реформация негізінде таптық жіктелу бол-ды. Сөйтіп, дворяндық аристократияға жақындау келді. Олар-дың көпшілігі ауқатты провинция саудагерлері, мещандар, ша-руалар болды, Олардың әлеуметтік құрылымы үнемі өзгеріп отырды. Бұл таптың талғамы мен талабы аристократтардан түбегейлі өзгеше еді.



62-сурет. Мода журналындағы костюм үлгілері



63-сурет. XIX ғ. әйелдер костюмі

Саудагерлер мен мещандар костюмінің негізгі формасы орыс халқының көйлектері мен еуропалық мода үйлесімділігі уақыты-нан артта қалған киімдер болды (француз сукносынан тігілген).

Саудагер ерлер костюмы бірқалыптылық, жинақтылық фор-масын сақтады. Оның қалыптасуына саудагерлер өмірі ықпал етті. Ер саудагерлер костюмінің ассортиментіне орыс запундар, кафтан, неше түрлі сибиркалар (кафтан бел сызығынан кесілген, етек жағынан жиырылған, жағасыз, түймелікті солдан оңға қауыстырылған), өте ұзын сюртуктер, цилиндрлер, ұзын қонышты етіктер енді. Ал сыртқы киім шинель, пальто, тон, орыс тулубы, жылы картуз, аң терісінен тігілген бас киім енді. Бұл дәстүрлі киім ассортименттеріндегі киім массасының фор-масын жеңіл қабылдатады (жаға, еңірді қаусыру тәсілі, жең). Саудагер костюмінің суреттер сериясы «Русский костюм конца XVIII—XIX вв. и начала XX веков» мақаласында жарық көрді. Бұл жерде ұзын провинциялық кафтан халат пішімді және өте ұзын сюртук екі қатар түймелікті көрсетілген. Бұл ғасыр орта кезеңіне жатады

Ауқатты қалалық тұрғындардың костюмы әсіресе астаналық саудагерлер костюмы провинциялық костюмнен ерекшеленді

Ал мещан көйлегінің жаңа пішімі саудагерлер көйлегінен ша-мамен 5—10 жылдан кейін дүниеге келеді. Саудагер әйелінің киімі көп түстігімен, көлемділігімен, детальдардың көптігімен ерекшеленді. Олардың көбісі қымбат лавкадан көйлек сатып алып не Парижден жаздырып алдырды. Дайын әсем костюмдерге жарасымды жақын жиынтықтарды тауып, оны қауырсынмен, тор-лармен, банттармен, гүлдермен өз талғамына қарай сәнделді.

Міндетті түрдегі атрибуттары: өте қымбат, сәнді және торлы етіп тоқылған ашық түсті орамалдар еді. Оның үстіне жиі ақ түсті тор жағаны пайдаланды.

Торлы және жібек мантильялар, ашық түсті жібектен, кең каркасты көйлек немесе ішкі юбкалар, барқыт етіктер сутаж, стекляруспен кестеленген, қыста бағалы аң терісімен өрленген киімдерді саудагер әйелінің киімінің ассортиментінен көруге болатын.

XIX ғасырдағы орыс костюмінің көрінісін атақты суретші Федотованың «Сватовство майора» картинасында айқын бейнеленген. Мұнда жеңгетай ашық түсті мишанка кофтасын, әкесі саудагердің ұзын сюртугін, ал шешесі саудагер әйелінің бай, ашық түсті жібек көйлегінде, иығында орамал, қызметші әйел қалалық қарапайым киімін, ал келіншектер кримолинге тұрғы-зылған француз жібегінен тігілген көйлек киген, торлы тоқы-ма орамал мен қолынан түскен орамалшасы бейнеленген.

*Демократиялық интеллигенция костюмының қарапайымдылығы.*

XIX ғасырдың ортасынан Ресейде батыс модасына еліктеуді сынға адцы. Бұл пікір дворяндар мен интеллигенция арасында кен тарады. Славянофильдер барлық Еуропалық сонді сынға алып, қайтадан Петрге дейінгі кезеңге оралуды насихаттады. Олардың көбі 40-50-ші жылдары орыс көйлегін киіп, шалбарын етік ішіне қайырды. Бұл сыртқы формаларға еліктеу «Орыс» стилін дүниеге әкелді.

Бай славянофильдер аяқтарына қымбат етік, әрі шалбардың балағын етік қонышына салып киді. Жібек көйлек (рубаха-косоворот) жағасы, жең шеті, көкірегі кестеленген, белге жіңішке күмістелген тері белдіктер тағып, басына фуражка киген. Со-нымен бірге костюмге кең жиекті қара шляпа, ұзын шаш, са-қал, мүрт және қара көзілдірік ерекшелеп, киімнің сәнділігін арттырды.

XIX ғасырдың басында мода тез өзгеріп отырды. Ерлер киімі қиғаш жағалы ақ көйлектер, қара шыт шалбарды киіп, белдеріне белдік тағынады. Киімге қарапайым қонымдылық сияқты жаңа эстетикалық талаптар қойылды.

Әйелдер костюмі осы талапқа сай, моданың көп элементтері қысқартылды, турнюрдың орнына жұмсақ шаршаулармен, бант пен дөңгелек етілген туника пайдаланды. Мұндай костюм Нестеров картинасы «Портрет дочери» бейнеленген. Ол қарапай-ым курсистер мен мұғалімдерінің киімдерінде көрінеді. Ақ жа-ғалы қарапайым қара көйлек, юбка ұзындығы тобыққа дейін, жібек кофта мен кендір, мақта матасының орнына жүннен то-қылған көйлектер киді.

*Жұмысшы костюмі.* Кедейленіп қалған шаруалар фабрика, заводтардың жұмысшы қатарына қосылды.

Дәлірек айтсақ, XIX ғасырдың 2-ші жартысында дәстүрлі фабрикалық костюмі қалыптасты. Ол бір жағынан халықтық элементтер сақталған, ал екінші жағынан жаңа стандарт фор-масы, практикалық, қонымдылық талаптарды орындады.

Жұмысшылар костюмі: шыт жейде косоворот, шалбар үстіне киілді, әрі беліне белдік тағылған, қара, күңгірт шалбар, етікке қайырылған жилет пен пиджак болды. Олар фабрикалық мата-лар қолданылды. Сонымен бірге костюмдер мен ұзын сюртук-тер киді. Жилеттің орнына қысқа, жеңі жоқ курткалар пайдаланылды.

Сыртқы киімге драп, сукно маталар қолданылды. Мақталы астар салынған пиджак киілді.

XIX ғасырдың аяғында әйелдер неше түрлі салада жұмыс істеді. Әрі олардың саны көбейді. Әйелдер қарапайым типтес парочка деп аталатын матадан тігілген кофта киді, оның етек бөлігі кең желбезектермен (20-20 см), бұдан басқа жұмысшы әйелдер қынамалы лифті юбкасын киді.

Күнделікті киімдерге шыт және мақта маталар, мерекелік киімдерге жібек, жартылай жібек, жартылай жүн маталар қолданылды.

Қорыта келгенде, **XIX ғасырдың 2-ші жартысындағы орыс костюмінің ерекшеліктері.**

**Костюмге халық элементтері енгізілді.**

**Эстетикалық талаптың қарапайымдылығымен ерекшеленді.**

**Жұмысшылардың стандартты киім формасы тұрақтануы.**

**«Орыс» стилі дүниеге келуі. Киімге пайдаланылатын матаның қарапайымдылығы мен тұрақтылығы байқалды.**

## **XX ҒАСЫР КОСТЮМІ**

XX ғасырдағы өнер тарихында мынадай кезеңдерді атап көрсетуге болады: 1901-1914 жылдар, 1919-1930 жылдар, 1931-1945 жылдар, 1946-1966 жылдар, 1967-1973 жылдардың киімі, 80—90 жылдар киімі.

XX ғасыр костюмін қалыптастыруда өнеркәсіп өндірісі, ғылымның, техниканың дамуы, космосты игеру мен жаңа материалдар, компьютер және ақпаратты технологияларды игеру белсенді рөл атқарды. Бәрінен бұрын киімнің атқаратын қызметі мен тиімділігі бағаланады. Тікбұрыш формалы матаға байланысты туған форма жетекші болып саналды. Тек жекелеген кезеңдерге ғана оның алуан түрлі көлемі, бел бөлшектерінің пайда болуы, әр түрлі қыналу дәреже, киімнің негізгі бөліктерінің ұзындықтары алуан түрлілігі тән болады. Киім бетінің бедері мен формасы, құрылымы, пішу жүйесі, астар және т.б. өзгеріске ұшырап, жаңаша сипатқа ие болды.

XX ғасыр костюм формасының дамуында киімнің көлемі мен массасының дәрежесін анықтау үшін, материал фактурасының мәні ерекше болды. Фактура мен өңді анықтау киімнің көлемділігін, тығыздығын арттырды. Тығыз, бұлыңғыр, жарқ-ырап тұрған ақ атлас киім көлемі көзге үлкен етіп көрсетеді. Соңғы уақытта фактуралардың комбинациялары: күңгірт күдеріні жылтыр былғарымен, беті жылтыр матаны түкті материалдармен және басқалармен бірлесе пайдалану кеңінен қолданылып жүр. Алуан түрлі материалдарды өзара үйлестіріп, күрделі композициялық тиімділікке жетуге болатындығы айқындалды.

Материалдардың үшінші сипаттамасы оның еңіне әлденені бейнелеу, кескіндеу арқылы сурет салу үрдіске айналды. Су-рет бұйымның композициялық шешімінің әдісін анықтайды. Сурет көп ретте айқын бейнелі сипатқа ие болды, ол композицияның басты тақырыбына айналады.

XX ғасырдың үшінші жартысында мәдениеттің айрықша құнды стильдерінің, бірі ретінде «постмодерн» (эклектика - көп стильдерден құрылды) стилі модаға,

ал ол костюмге үлкен осер тигізді. Ең соңғы стильдердің бірі «модернді» айтуға болады. XX ғасырда үлкен стильдердің орнына, өнермен байланысты: «абстракционизм», «функционализм», «сюрреализм», «поп-арт» тағы басқа тұжырымдамалар мен әдіс-тәсілдер келді. Мұның бәрі XX ғасырдағы адамдардың дүниеге көзқарасын білдірді. Енді келе-келе кіші, қазіргі заманға сай, модаға сай стильдер алдыңғы қатарға шыға бастады.

XX ғасырда әр онжылдықта өзіне сай микростильдері бол-ды. 1910 жылы — «шығыстық стиль» және «нео-грек», 1920 жылы «ар-деко» («орыс», «геометриялық египет»), 1930 жылдары «нео-классицизм», «тарихы сюрреализм», 1940 жылы АҚШ-та «кан-три», «вестерн» стилдері пайда болды. 1950 жылы «нюулук», «Шанель» стилі, ал 1960 ж. «ғарыштық», 1970 жылдары- «ро-мантикалық», «ретро», «фольклорлық», «спорттық», «эти-калық» «джинсовка», «диффузиялы», ал 1980 жылы «экологи-ялық», «жаңа пират», «неоклассика», «нео-барокко», «секси», «этникалық», ал 1990 жылдары - «гранж», «гламур», «тари-хи», «нео-панк», «минимализм прет'а-порте» т.б. стильдер дү-ниеге келді. Сонымен қатар әрбір дизайнер өзінің стилін шығаруға ұмтылды. Ең күшті киім стилі сол уақыттың про-блемаларына, өзекті мәселелеріне, кепшілік пен жастардың сұранысына жауап беруі керек. Сонда ғана сол стильді бәрі қоштайды. Дегенмен осы стильдердің ішінде тұрмыста кеңінен қолданылатыны классикалық, спорттық, романтикалық, фоль-клорлық стильдер болды.

*Классикалық стиль* — бұл стильдің отаны Англия болып са-налады. Осы стильдегі киім үлгілері қатаң, біртүсті, клеткалы немесе ноқат түсті (горошок) маталардан тігіледі. Күнделікті тұрмысқа, жұмысқа, белгілі бір маман иесіне арналған, мода ағымнан тыс қалмайтын киім үлгілерін қамтиды. Жакет, пид-жак, кардиган, тік әрі қатаң юбка немесе шалбар, қамзол және т.б. қатаң, қарапайым киім үлгілерін қамтиды.

*Спорттық стиль* - XIX ғасырда спортпен шұғылдану неме-се басқа ойындар үшін шығарылды. Бүгінгі күндерде бұл киімдер түрлі спорттық жаттығуларды орындау үшін пайдала-нылады. Бұл киімдер қимыл-қозғалысқа ыңғайлы, берік, та-биғи материалдардан жасалған, қолдану функциясына сай, түрлі фурнитураларды пайдалана отырып әзірленген, сәндіктігістерімен, белгі символдарымен ерекшеленетін киім үлгілері болып табылады.

*Фантазиялық стиль* — кейде оны романтикалық стиль деп атайды. Бұл киім түрлері формасына қарай түрліше болып келеді. Бұл киім түрлерін желбезек, желбір, қатпарлар, кесте-лер және тағы басқа сәндік элементтер арқылы әшекейленген кешкі сөн-салтанатқа немесе күнделікті тұрмысқа арналған нағыз ойелге тән биязылықты білдіретін киім үлгілерін атауға болады. Бұл стильдегі киім матасы бір түсті, түрлі түсті, гүлді және абстрактілі суретті болып келеді.

*Фольклорлық стиль* — ұлттық киім үлгілері негізінде әзірленген киім формасы қарапайым, пішімі тиімді, көп қабатты, жоғары әрі құнды әшекейлерімен ерекшеленетін киімдер.

Киім стилі белгілі дәуірде тұрақты болса, ал киім модасы үнемі өзгерісте болып отырады.

Мода костюм дамуының негізгі факторы бола отырып, со-нымен қатар ол қазіргі заман қоғамының басты реттеуші фак-торы болып есептеледі. Моданың шығу тарихын, оның түпкі механизмі мен функциялануын оқып білу оның әлеуметтік бағытын ашып көрсетеді. XIX-XX ғасырларда мода ағымында-ғы зерттеушілер алғашында моданы әлеуметтік феномені ретінде қарастырды. Ал кейін оның экономикалық және мәдени қасиетін де зерттеді. Мода әр түрлі кезқарастармен зерделенеді: әлеуметтік-психология, психологиялық талдау, сауда-капитал экономикасы және мәдени көзқарас т.б. Еуропа сөздігінен, орысша «мода» (латынша тоёиз-шама), французша «тосіе», ита-лянша «тосіа», ал қазақша мода; кейде «сән» деген ұғым қол-дануда.

Немісше «тосіе», ал англияда «тоёе», бірақ көбіне «Fashion» қолданылады. Мода ұғымына бірнеше анықтама беруге болады.

Мода - әлеуметтік статусты білдіретін әдіс емес, массалық коммуникация формасы, адамдардың арасындағы араласу, қарым-қатынас жасау әдісі деген ойды білдіреді В.В.Ермилова.

Мода әлеуметтік-психологиялық араласу мен қарым-қатынас механизмімен байланысты болады: өзін өзі сендіру, көндіру, еліктеу т.б. XIX ғасырдың өзінде-ақ көптеген зерттеушілер, соның ішінде Спенсер «Мода дегеніміз негізінде еліктеу болып табылады» деген ойды білдіреді. Дегенмен шешуші рөлді мода-

да екі стимул атқарады: Сыйластық, теңесу немесе жарысу.

XX ғасырдың екінші жартысында мода негізінен жастарға тән болады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жас ұрпақ-тың модасы жақсы дамыды: 1940 жылы - зүти АҚШ-та және зазу Францияда, 1950 ж. — АҚШ-та бантиктер мен байкерлер, Ұлыбританияда тедди-бойз, СССР-да стилиягтар, 1960 ж. Батыс елдерінде рокерлер модасы (модернистер, 1970 ж. хиппа, та-қырбастар мен панки, 1980 ж. - рэпперлер, жаңа романтиктер, жасылдар, 1990 ж. — «гранж».

Бұл модалар өз заманына әсерін тигізді. Мода ағымы адам-ның қоғамдағы орны мен оның өзіне деген, басқаға деген қарым-қатынасын, әсерін ашып көрсетіп отырады.

Американдық социолог Дж. К.Гэлбрейт мынаны айтқан: «Мода стандарты мен образдарын игеру белгілі бір психикалық реакцияға байланысты» деген.

XX ғасырдағы мода алаңындағы жаңалық мини-юбканың шығуы ұзын аяқ мәдениетін бекітті. Мини-юбка жаңа идеяны қалыптастырды. Моданы шығарушылар жай ғана тігінші неме-се суретші ғана емес, олар қоғамда маңызды рөл атқарды. Мың-даған мода журналдары мен киноматография, телевидение, қызықты шоу көріністері арқылы мода, модель және модель-ерлер өмірін өзгертіп, ғажайып жетістіктерге жеткізді.

XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы әйел бейнесін суреттеу үшін жаңа киім үлгілерін дайындауды қажет етті. Түрлі кіші көлемді, ыңғайлы, білінбейтін іш киімдер (бюстгалтер, резенкелі белорам, комбинация, түрлі шалбарлар мен труси) үлгілерін тігу қатты қолға алынды. Мұндай киім үлгілерінің дамуы кол-гот, комбафес, труси-танго өте жоғары сапалы, ыңғайлы тігіссіз іш киім әзірлеуге мүмкіндік туғызды.

## **ЖОҒАРЫ МОДА**

Францияда «Наије СоиШүе» (от-кутюр) мода үлгісі пайда бол-ды, яғни дәл аудармасы «жоғарғы тігін», ал мағынасына қарай «жоғарғы мода» деген ұғымды білдіреді. «Жоғарғы моданың» орталығы — Париж. Оның ішінде Жоғарғы мода палатасы (Син-дикат) саналды. Ол палата мүшелері палатаға қатысып, Жоғар-ғы мода үйінің киім үлгілерін әзірлеп қаңтар мен шілде айла-рында көпшілікке жылына 2 рет моданы халыққа көрсету, де-монстрациялау жариялау жұмыстарын ұйымдастырды.

Бұл палатаға мүше болу үшін оның Парижде орталық ательесі, шеберханасы, дүкені болу қажет. Сонда ғана от-ку-тюр Үйіне мүше бола алды. Тағы ол Үйге мынадай талап қой-ылды, яғни Мода Үйінің кем дегенде 15 қызметкері болуы тиіс және жылына екі рет киім үлгілерін көрсету қажет. Әрбір көрсе-туде 35 дефилі кешкі және күндізгіге арналған киімдерін ұсы-нуды талап етті.

От-кутюрдің негізін қалаушы Чарльз Фредерик Ворт (1825-1895) болды. Ол жеті жасынан Лондон қаласында текстил өндірісінің мекемесінде білім алып, осы өнерге ден қояды. Чарльз Ворт жоғарғы мода үлгілерін жасауда бар күш-жігерін жұмсап, жеке өнер туындысының бір саласын ез қолымен жасап шықты. Сондықтан да оның жасаған киім үлгілері жоғары бағаланып, оған Наполеон Ш-нің әйелі Евгений Монтию арнайы тапсырыс жасады. Сол тапсырыстан бастап Ворт көпшілікке әйгілі шебер болып көзге түседі, әрі оны от-кутюрдің окесі деп санады.

### **Поль Пуаре**

XX ғасырдың басында ең алғашқы киім реформаторы ретінде француз модельері Поль Пуаре саналды. Ол жаңа ғасырға сай жоғарғы мода үлгілерін айқындап, дүниеге жаңа киім үлгілерін әкелді. Ол мода диктаторы болып, киім пішімін, өмір стилін ұсынды. 1903 жылы Париждегі Рю-Ауберде өз Мода Үйін аша-ды. 1911 жылы тарихта алғаш рет Еуропада маникенициаларды қатыстыру арқылы жоғары тігін енімдерін көрсетіп, өнер мектебін ашады. Қиғашынан пішілген кешке арналған жібек кейлек XX ғасырдағы 20—30-шы жылдарындағы әйелдердің өзіне, киімге деген қатынасын және гардеробтарын күрт өзгертуіне байланы-сты француз модельері Вионне мода архитекторы деп аталынды. Ол жөнінде Кристиан Диор: «Оның шығармашылық жұмысы — от-кутюр өнерінің биік шыңы», - деп санайды.





64-сурет. Поль Пуаре моделі

## Габриель Шанель



65-сурет. Габриель Шанель

Габриель Шанель XX ғасырдағы ең бір болжамды модельері деп атауға болады. Себебі, ол бізге классикалық стильді ұсын-ды. Сонымен қатар оның кішкене қара көйлегі элегантты әрі тәуелсіздіктің, символын бейнеледі. XX ғасырдағы 20—30-шы жылдары өнер саласының бірі — конструктивизм болып санал-ды. Ол латын тілінен аударғанда сопкігисію - «құрастыру» де-ген мағынаны білдірді. Ол көркем шығарманың конструкция-сы мен техникалық тұстарын ашып көрсетті. Бұл бағыттың ба-сты идеясы тиімділік және

үнемділік пен мақсатқа сәйкестілігі. Оған мысал, 1923-1925 жылдары ұсынған Александр Родген-қоның киім үлгілері (Россия). Алғашында Шанель тұтынушыларға өзінің киген қалтасы бар тік юбка мен туника, тоқыма кардиганды, ерлердің костюмі секілді костюм, шалбар үлгілерін ұсынып көпшіліктің көкейінен шығады. Мода ағымында ол алғаш рет қимыл-қозғалысқа ыңғайлы, қыртыстанбайтын, тік әрі қатаң сызықты, қарапайым пішімді киім үлгілерін ұсынды. Ол өз фирмасында шығарылған киім үлгілерін Сосо Шапеі ұғымын білдіретін С-әріптерінің айқаспасын суреттейді. Көпшілік оны Коко Шанель деп атады, себебі (Сосо-сөзі француздың тауық деген мағынасын білдіреді) Габриель жас кезінде қабақтарда «Қоқоричо» әнін тамаша орындаған екен. Шанель туындыла-рын өзі талғаммен киіп, қоршаған жұртты тандандыра қарата білді. Жалпы Шанель стилін классикалық стильге жатқызуға болады. Оның әрбір жаңа киім үлгілерінен функционалдылық, әсемділікпен қатар киімнің төзімділік, сапалық қасиетін көру-ге болады.

### Эльза Скипарелли

Эльза Скипарелли — Италияның тамаша талантты шығарма-шылық иесі. Өте ақылды, таңғажайып талапты болды. Оның шығарған спорттық киім үлгілері мен тоқылған қара көйлегі, ку-бизм стиліндегі киімдердің көпшілігі ғажайып жаңалық болып саналды. Кешкі сән-салтанатқа арналған қара крөп көйлек пен ақ жакеті, мойыншалғы бүкіл эlegant әйелдердің эталоны болды. Тіпті Скипарелли үлгісін барлық кутюрье басшылыққа алды. 30-шы жылдардың ортасы оның шығармашылық еңбегінің гүлденген тұсы болды. Ол алғаш рет дефилені тамаша мерекелік шоуға айналдырды. Ол үшін мүмкін емес деген нәрсе болған жоқ. Эльза алғаш рет дүние жүзінде бутик ашып, келешекке «прет-а-порте» стилінің қағидасын қалады. Яғни, көпшіліктің көңілінен шығатын киім үлгілерін ұсынды.

Өнер саласындағы бағыттың бірі — Куббизм (француздың сибікте, яғни сибе — «куб») ғасырдың бірінші ширегінде қалыптасты. Оның бастауына Пикассонның «Авиньондық қыздар» (1907 ж.) картинасы әсер етті. Зат түрлі түстен, геометриялық форма комбинацияларынан құрастырылды. Суретші-кубистер объектінің сырт пішіміне емес оның қаншалықты маңыздылығына әсер етті.

Келесі өнер бағыты сюрреализм (француз тілінен аударған-да дәл «жоғары шындықты» деген мағынаны білдіреді). Бұл бағыт ХХ ғасырдың 20-шы жылдары келді. Ол алғашында әде-биетте пайда болып, соңынан сұңғат өнерінде кең көлемде қолданылды. Мысалы, С.Дани, Х.Миро, Ив Танги, Р.Магритт сияқты суретшілердің туындылары осы бағытта қалыптасты. Суретшілер мұнда шындықты ашық дәріптейді. Мысалы, түс көру, ойға түсіру, алдын ала көру секілді ойларын холст бетінде ешбір ақылға сыймайтын нәрселерді бейнелейді.

40-шы жылдарға қарай мода алаңында жаңа модельер Кри-стиан Диор келеді. Ол Нью-лук стилін ұсынды. Сонан соң Скипарелли өзінің мода алаңынан кету қажеттігін түсінеді, дегенмен, ол өмірінің соңына дейін Париждегі Рю-де-Бер-ри Үйі мен Тунистегі усадьбасында өнер адамдары арасында өткізді.

### Кристораль Баленсиага

Жоғары тігін өнерінің қағидасын қалаушы Кристораль Ба-ленсиағаның өнері мен идеясы күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Ол: «Киімді модельдеу жай ғана өнер емес, ол

синтетикалық жанр, яғни Кул-тюрье пішуші архитектор, түс-тер суретшісі, форманың мүсіншісі, гармония музыканты және стиль философы болуы қажет» деген. Кристоаль Ба-ленсиага 1895 жылы Испанияда дүниеге келді. Ол 1919 жылы Сан-Себастьянда бірінші Мода Үйін ашты. 1933 жылы Мадрид қаласында екінші Мода Үйін ашты, ал 1935 жылы Баменьяға Барселонда үшінші Мода Үйін ашты. 1937 жылы Парижде мо-дельер өзінін мода бутигін ашты. Ол кез келген толық немесе ашаң, бойшаң немесе аласа бой- лы әйелдерге жарасымды киім үлгілерін өте шеберлікпен дай-ындап, көпшіліктің көңілінен шығара білген.

Баленсиага Парижді немістер басып алған кезде де бұрынғы-сынша жұмысын жүргізді. Еуропа елдеріндегі бай әйелдер оған киім тіккізуге тапсырыс беріп, соғыс жағдайына қарамай майдан шегінен отіп, оның тіккен киімдерін сатып алып отырды.

Баленсиага көйлектеріндегі негізге алынған қысқа жамыл-ғы, үлкен желбезектер, шәлімен шаршаулар тұтынушыға ерекше сипат берді. Баленсиаганын. жағасыз жейделер мен мойыңды ұзартып көрсететін жағалар баллон көйлек, туника көйлек, қап көйлектері көрерменге көз қуанышындай әсер туғызды. Оның жақсы көретін түстері қара және табиғи түстер болды. Соны-мен қатар аспан түстері, қызыл, қоңыр (жер түсі), ашық-қызыл түстерді кеңінен пайдаланды. Баленсиага қаншалықты қатал болса да, өз шәкірттерін тамаща етіп тәрбиеледі. Олар: Андре Курредж, Эмануэль Унгаро Юбер де Живанши.

## Кристиан Диор

Кристиан Диор 1905 жылы 21 ақпанда дүниеге келеді. Балалық шағын, яғни жастық шағын ку-рортты Гранвилле қала-сында өткізеді. Кейін Кристиан Париж қала-сындағы Люсьена-Лелоня ательесіне жұмысқа орна-ласады. Онда ол Пьером Бельманмен бірге қызмет-тес болады. Кейін бұл фирма қаладағы ең осем модалы киімдердің фир-масына айналады. Ол киімді түрлі модаға сала отырып, өте әсем киім тігудің асқан шебері ата-нады. Іскерлігінің ноти-



67-сурет. Кристиан Диор шығармашылығы

жесінде балалық шағындағы досы Жан-Марк Эфтлермен бірге «Мисс Диор» фирмасын ашады. Ал 1947 жылдарда Кристиан Диор өте шебер тігінші болады. Кристиан Диор тек өз халқына ғана танымал тігінші болды. Ол: 1947 жылы, яғни соғыстан кейін, Нью-Йорк қаласында «Оскар» сыйлығына ие болады.

### **Түрлі стильдегі костюмдердің жеке бөліктері**

Аббас — арабтардың жолақты сулығы.

Авасе — жапондықтардың суық кезде киетін кимоносы.

Атев тәжі — екі қабаттан тұратын перғауындардың бас киімі.

Блейзер — спорттық үлгідегі пиджак. XIX ғасырда Англияда ерлердің спорттық киімі ретінде қолданған. Кеудесіндегі қал-тасына кестелі эмблема салынған, металл түймесі бар, жүн не-месе фланель, габардин матасынан тігіледі. Ол модаға алғаш 160-ші жылы енді.

Блузон — қысқа немесе ұзын, тік пішінді күртеше. Етегіндегі қондырмалы белбауы немесе резинкасы мықынды қысып тұра-ды. Ол мода ағымына 1950 жылы енді.

Галерус — римдіктердің ит терісінен жасалған бас киімі.

Гематий — грек ер кісілерінің шаршауланған сулығы.

Гэта — ағаштан жасалынған жапон аяқ киімі.

Дзори — жұмсақ табанды, баумен байланатын жапондықтар-дың аяқ киімі.

Дублет - кішкене қайырма жағалы, кең женді ағылшындар-дың сырт киімі.

Дхотги — тұтас матадан шаршаулап байланған үнді ерлерінің белдемшесі.

Ерге-фону - алтын жіпті тормен түйілген шаш үлгісі.

Жакет - қысқа әрі алды қаусырмалы сырт киім. Жакет ал-ғаш XIV ғасырда Францияда ерлердің сырт киімі ретінде пайда болды. XIX ғасырда романтизм кезеңінде ол модаға қайта орал-ды. 1860-1870 жылдары жакет әйелдер гардеробына да енді. Қазіргі уақытта жакетті матадан немесе тоқыма материалдар-дан тігеді.

Жестокор — бел тұсы қынамалы, жағасыз, етегі кең, алдында қима қалта түскен ерлердің қамзолы. Алғаш XVIII ғасырда модаға енді.

Жилет — 18 ғасырдың екінші жартысында фрак астынан киетін киім. Классикалық жилет өңірі қаусырылатын жеңсіз, ұзындығы белге дейін жететін жағасыз не жағалы, қалтасы бар киім. Жилеттің жота бөлігі астарлық матадан тігіледі.

Калазирис — Ежелгі Египет әйелдерінің көйлегі.

Камиза — роман кезеңіндегі әйелдер көйлегі.

Канди — Ассирия-Вавилондықтардың ұзын белінде белдігі бар көйлегі.

Кардиган — ұзын жағасы жоқ трикотаж жакет. Мойын ойын-дысы дөңгелек немесе Y секілді етіп ойылған. Ол граф карди-ганның есімімен аталған.

Каримбос — гректердің шаш қою сәні, ұзын бұйраланған шаш артқа қарай таралып түйіледі де, мандайына кекіл қояды.

Кимоно - жапондықтардың күнделікті киетін халаты.

Китель — теңіз офицерінің формалы күртешесі, белінде белдігі бар, қайырма жағалы жасырын түймелікті, кеудесіне қима қалта түсірілген, жеңі манжетті киім.

Клафт - перғауындардың көк пен сары жолақты матадан жасалған орамалы.

Конас — Ассирия-Вавилондықтардың шашақ, кестелермен әшекейленген сулығы.

Косадэ — жапондықтардың кішкене тік жағалы әрі еңсіз женді халаты.

Костюм — бірнеше бөліктерден тұратын, бірақ, бір материал-дан тігілген киімдер.

Котарди — алды түймеленетін, жеңі ұзын әрі кең готика стиліндегі ерлердің сырт киімі.

Котт — XIII ғасырда пайда болған әйелдердің ішкі көйлегі.

Кюлот - тізеге дейін келетін ерлердің қысқа шалбары.

Лацерна — римдіктердің сулығы. Ілмектермен ілінген неме-се тігілген капюшоны бар, жұқа матадан әшекейленген ұзын жамылғы.

Лорум — византия патшасының асыл тастармен безендіріліп, алтын түсті паршадан тігілген ұзын мойыншалғысы.

Мафорий — византиялықтардың киімі.

Мипарти — орта ғасырдағы феодалдардың герб түсіне, орнегіне сәйкес келетін костюм.

Мурмус — римдіктердің қызыл немесе қызғылт түсті теріден жа-салынған аддынан балтырына дейін айқаса байланатын аяқ киімі.

Панталон — ерлердің қысқа шалбары.

Перо — етікке ұқсас, өнделмеген теріден жасалған дөрекі аяқ киім.

Персидмитра — қазіргі шығыс елдерінде киетін сәлде сияқты бас киімге ұқсас, күрделі пішімді римдіктер бас киімі.

Петас, кюнэ, пилей — киізден, сабаннан, матадан тігілген суықта киетін гректердің бас киімі.

Пиджак - қондырмалы жағасы бар күртеше секілді, көбіне ұзын, түймелікті болатын киім. 1980 жылдары модаға қысқа женді жаздық пиджактар енді.

Полудаментум - жұқа ак, немесе пурпур түсті матадан, көпте-ген қатпарлар түсіру арқылы жасалған рим әскербасшылары-ның сулығы.

Пурпуан — готика кезеңіндегі ерлердің белі буылған күртешесі.

Пулен - готика кезеңіндегі ерлердің түмсығы ұзын аяқ киімі.

Рейнграф - ерлердің қатпарлармен, желбезектермен әшекей-ленген қысқа юбкасы. 1660 жылы алғаш Людовик XIV киген.

Рупан — үнді ерлерінің сулығы.

Сагум — рим солдаттары киген сулық, ол лацерннен қысқа әрі қалың матадан тігілген.

Сари — тұтас матаны денеге айналдыра орап, шаршауланған үнді әйелдері көйлегі.

Симмару — өңір бөлігі қысқалау келген, алды ашық, қатпар-ланып келген италян әйелдерінің (XVI ғ.) көйлегі.

Смокинг — бір немесе екі бортты пиджак, әдетте қара түсті, оңірі ойықтау, бел тұсында түймеленетін атлас немесе жібек матадан көмкерілген шәлі жағалы болып келеді.

Спенсер - ұзындығы белге дейін жететін қысқа күртеше не-месе жакет. Ол 1790 жылдары Англияда пайда болды.

Стола - туника сыртынан киетін римдіктер киімі.

Схенти — Ежелгі Египеттіктердің теріден немесе кенептен озірленген алжапқышы. Перғауындар схентиінің бүйір тұсын қатпарлармен сәндеген.

Сюртук — ерлердің екі бортты киімі, беліне тігіс түсірілген, етегі ұзын, қайырма жағалы, күнделікті ерлер киімі. Алғашқы сюртук 1820 ж. модаға бір түймелікті болып енді.

Тиара — Ақ киізден жасалып, металл пластанкалармен, қым-бат тастармен әшекейленген Ассирия-Вавилондық патша бас киімі.

Тика, тилак, менду, потту — қалыңдықтың мандайына сала-тын белгі.

Тога — римдік ақсүйектер мен оқымыстылар, сенаторлар киетін күрделі шаршаулармен сәндеп оралған ерлердің киім үлгісі.

Торакс - хитонның сыртынан киетін, денеге қынап тұратын грек әскерлерінің қысқа киімі.

Туника - римдіктердің іш киімдері.

Упленд - ортағасырлықтардың кең әрі үлпектермен әше-кейленген сырт киімі.

Ускх — Күн символын білдіретін перғауындар мен әйелдері тағатын алқа әрі жаға.

Фибула - гректер сулығын қыстыруға арналған түйреуіш.

Фрак — XVIII ғасырда ағылшындардың атқа міну үшін жа-салған ерлердің алдыңғы бөлігінің ұзындығы бел тұсына дейін, ал артқы бөлігі доңгелене ұзаратын ерлер киімі. XIX ғасырдан бастап фрак балға киетін костюм болып саналады.

Френч — әскери киімге ұқсас төрт қалталы, белінде белдігі немесе артқа қарай байланатын хлястигі бар, қондырмалы жа-ғалы күртеше. Ол Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде пайда болды. Оның аты британдық фельдмаршал Д. Френч (1852-1925 жж.) есімімен аталған.

Фригия — түнде ұйықтауға арналған бас киімге ұқсас, жо-ғарғы жиегі алға қарай иілген жақтауы лентаман иек астынан байланатын римдіктер бас киімі.

Хакама — жапон ерлерінің ұзын белдемшесі.

Хаори — жапондықтардың бүйірінде жырық түсірілген, ұзын күртешесі.

Хитое - астарсыз кимоно.

Хитон — Ежелгі грек ерлерінің жеңіл киімі.

Хламис - овал немесе тік бұрышты пішінді иықты жауып тұратын Ежелгі грек жастарының жамылғысы.

Холи — үнді әйелдерінің қысқа жейдесі.Цокколи — биік өкшелі италян әйелдерінің (XVI ғ.) аяқ киімі.

Чалма — конус тәрізді етіп оралған арабтардың селделі бас киімі.

Шутхна — үнділердің шалбары.

Экзомии - әскери адамдар мен құлдар, кәсіпкерлер киетін ұзындығы мықыннан сәл ғана түсіп тұратын грек хитоны.



## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гомбрих Эрнст Өнер тарихы ISBN-10: 0714832472 ISBN 13: 9780714832470
2. Жолдасбекова С.А КОСТЮМ ТАРИХЫ *Оқу құралы*
3. Ковешникова Н. А. Дизайн. Тарих және и теория: оқу құралы. — М.,
4. 2009. Лаврентьев А. Конструктивизм зертханасы. — М., 2011.
5. Лаврентьев А. Н. Дизайн тарихы: оқу құралы. — М., 2010.
6. Михайлов С. М. Дизайн тарихы. — М., 2000, 2010. — 1, 2-т.
7. Михайлов С. М., Михайлова А. С. Дизайн тарихы: қысқаша курс. — М.,2004.
8. Назаров Ю. В. Постсоветтік дизайн (1987 — 2000). — М., 2012.
9. Сокольникова Н. М. Бейнелеу өнерінің тарихы: 2 томда. — М., 2013.